Аннотация: Бұл жұмыста гравитациялық шектелген үш дене есебін қарастырылды. Жұмыстың мақсаты: Гравитациялық шектелген үш дене есебін қарастырып сандық түрде шығару, ЖСТ механикасындағы меншікті айналуы ескерілген үш дене есебі үшін лагранж және гамильтон функциясын, қозғалыс теңдеуін анықтау. Есеп Жалпы салыстырмалық теория (ЖСТ) механикасындағы қозғалыстың адиабаттық теориясы негізінде қарастырылған. Қозғалыстың адиабаталық теориясы – ЖСТ-да эволюциялық қозғалысты зерттеу үшін М.М. Абдильдин жасаған әдіс болып табылады. Бұл әдіс сызықтық емес тербеліс теориясының асимптоталық әдістері мен адиабаталық инвариант әдісі бойынша қозғалысты сипаттау үшін векторлық элементтерді қолдануға негізделген.

Кілттік сөздер: ЖСТ, нейтрондықжұлдыздар, айналмалы қозғалыс, ілгерлемелі қозғалыс, қозғалыс орнықтылығы, үш дене есебі.


Аспан механикасының негізгі міндеті - денелер жүйесінің қозғалысы туралы есептер және оның жеке жағдайы, әртүрлі нақты аспан денелерінің қозғалысы туралы берілген екі, үш, төрт және т.б. денелер туралы есептер болып табылады. Бұл мәселені зерттеу классикалық физикада ұзақ тарихқа ие, алайда әлі күнге толықтай шешімін таппаған және өзектілігін жоғалтпаған. Аспан әлеміндегі планеталар, жұлдыздар т.б. объектілер бір-бірімен гравитациялық әсерлеседі. Олар көп бөлшекті жүйелер, алайда бұндай жүйелердің қозғалысын сипаттау жалпы жағдайда күрделі болып келеді. Дегенмен, үш дене мәселесі көп бөлшекті жүйелердің ішіндегі ең қарапайымы болып саналады және де, қозғалыс заңдылықтарын сипаттау бізге көп бөлшекті жүйелердің қозғалыс заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Жалпы жағдайдағы үш дене есебінің теңдеулері сызықты емес дифференциалдық теңдеулер жүйесі, олардың жалпы шешімі болмайтыны белгілі. Алайда, табиғатта шектелген үш дене есебі жалпы жағдайдағы мәселеге қарағанда біршама қолданысқа ие.

ЖСТ-да денелердің қозғалысын зерттеудің сапалы және жуық әдістері өте маңызды рөл атқарады, өйткені тіпті ең дәл қозғалыс теңдеулерін алу (сынақ денелерін қоспағанда-геодезиялық теңдеулер үшін) мүмкін емес. Нақты қозғалыс теңдеулері тек сынақ денелері үшін белгілі. Салыстырмалы массалар болған жағдайда, қозғалыс тұрақтылығы туралы есептің қатаң тұжырымы әлі анық емес, өйткені бұл жағдайда нақты қозғалыс теңдеулері белгісіз. Олар, тек кейбір жуықтауларда анықталады.

Үш дене есебі — астрономияда бір-біріне бүкіл әлемдік тартылыс заңы бойынша тартылып, материялық нүкте ретінде қарастырылатын үш дененің қозғалысы туралы есеп. Күн, Жер және Ай есебі классикалық үш дене есебі (Хилл есебі) болып табылады. Жұмыста шектелген үш дене мәселесіндегі планеталар орбитасының орнықтылығы қарастырылады. Қозғалыс орбиталарының орнықтылығы орбитаның векторлық элементтері $\vec{M}$ -орбиталық момент және $\vec{A}$ -Лаплас векторы негізінде зерттеледі. Бұл әдіс қозғалыс теңдеулерін тікелей шешпей, орбиталардың орнықтығын зерттеуге мүмкіндік береді [1,2].

$$\vec{M} = [\vec{r}, \vec{p}], \quad \vec{A} = \left[\frac{\vec{p}}{m}, \vec{M} \right] - \gamma \frac{mm_0}{r} \vec{r}, \quad (1)$$

Сәйкесінше ілгерлемелі қозғалыстың теңдеулерін табу үшін, жоғарыдағы $\vec{M}$ импульс моментінің уақыт бойынша туындысын табылады. Алынған нәтижені орбиталардың конфигурациясының қайталану периоды бойынша орташаланады.



Сурет 1. Жер, Күн, Меркури орбитасының орнықтылығының графигі

Дене жүйесінің Лагранжанын екінші ретті мүшеге дейін дәл келтірді. Релятивистік аспан механикасының есептері үшін жеткілікті дәлдікпен денелердің ішкі құрылымының әсерін толығымен елемей және осы әсерге қатысты барлық терминдерді елемеуге болады. Денелер өлшемдерінің өзара қашықтықтарына қатынасы дәрежесі бойынша ыдыраудың нөлдік мүшелерімен шектеледі.

Үш айналмалы денеге арналған ілгерлемелі және айналмалы қозғалыс үшін Лагранж функциясы келесі түрде ұсынылуы мүмкін:

$$L = L^{(0)} + L^{(*)} \quad (2)$$

$$\begin{aligned}
 L^{(0)} = & \frac{m_1 v_1^2}{2} + \frac{m_2 v_2^2}{2} + \frac{m_3 v_3^2}{2} + \gamma \frac{m_1 m_2}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_1|} + \gamma \frac{m_1 m_3}{|\vec{r}_3 - \vec{r}_1|} + \gamma \frac{m_2 m_3}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_3|} + \frac{1}{8c^2} (m_1 v_1^4 + m_2 v_2^4 + m_3 v_3^4) \\
 & + \frac{\gamma}{2c^2} \left[\frac{3m_1 m_2}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_1|} (v_1^2 + v_2^2) + \frac{3m_1 m_3}{|\vec{r}_3 - \vec{r}_1|} (v_1^2 + v_3^2) + \frac{3m_2 m_3}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_3|} (v_2^2 + v_3^2) \right] \\
 & + \frac{\gamma}{c^2} \left[\frac{m_1 m_2}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_1|} \left[7 \left(\frac{\vec{v}_1 \cdot \vec{v}_2}{|\vec{v}_1| |\vec{v}_2|} \right) + \frac{1}{\left(|\vec{r}_2 - \vec{r}_1| \right)^2} \left(\vec{v}_1 (\vec{r}_2 - \vec{r}_1) \right) \left(\vec{v}_2 (\vec{r}_2 - \vec{r}_1) \right) \right] + \frac{m_1 m_3}{|\vec{r}_3 - \vec{r}_1|} \left[7 \left(\frac{\vec{v}_1 \cdot \vec{v}_3}{|\vec{v}_1| |\vec{v}_3|} \right) + \frac{1}{\left(|\vec{r}_3 - \vec{r}_1| \right)^2} \left(\vec{v}_1 (\vec{r}_3 - \vec{r}_1) \right) \left(\vec{v}_3 (\vec{r}_3 - \vec{r}_1) \right) \right] \right. \\
 & \left. + \frac{m_2 m_3}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_3|} \left[7 \left(\frac{\vec{v}_2 \cdot \vec{v}_3}{|\vec{v}_2| |\vec{v}_3|} \right) + \frac{1}{\left(|\vec{r}_2 - \vec{r}_3| \right)^2} \left(\vec{v}_2 (\vec{r}_2 - \vec{r}_3) \right) \left(\vec{v}_3 (\vec{r}_2 - \vec{r}_3) \right) \right] \right] - \frac{\gamma^2 m_1 m_2 m_3}{c^2} \left(\frac{1}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_1| |\vec{r}_3 - \vec{r}_1|} + \frac{1}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_1| |\vec{r}_2 - \vec{r}_3|} + \frac{1}{|\vec{r}_1 - \vec{r}_3| |\vec{r}_2 - \vec{r}_3|} \right) \\
 & - \frac{\gamma^2}{2c^2} \left(\frac{m_1 m_2 (m_1 + m_2)}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_1|^2} + \frac{m_1 m_3 (m_1 + m_3)}{|\vec{r}_3 - \vec{r}_1|^2} + \frac{m_2 m_3 (m_2 + m_3)}{|\vec{r}_2 - \vec{r}_3|^2} \right)
 \end{aligned} \quad (3)$$

мұндағы $L^{(0)}$ – үш нүктелік массаға арналған Лагранж функциясы, ал екінші $L^{(*)}$ мүшесі айналмалы мүшелері бар түзетулер үшін жауап береді.

Гамильтониан есептерін келесі түрде ұсынуға болады

$$H = H^{(0)} + H^{(*)} \quad (4)$$

мұндағы $H^{(0)}$ – үш нүктелік массаға арналған Гамильтониан және айналмалы мүшелері бар түзетулерге жауап беретін екінші $H^{(*)}$ мүшесі.

Есептің қозғалыс теңдеулерін $\vec{M}$ және $\vec{A}$ векторлық элементтерінің көрінісінде жазамыз, бұл сызықты емес механиканың асимптотикалық әдістерін қолдануға ыңғайлы, өйткені бұл жағдайда қозғалыс теңдеулерінде айнымалылар тез және баяуға бөлінеді. Соңғы жағдайды талдау үшін асимптотикалық зерттеу әдістері қолданылатын есептерге ғана тән.

$\vec{M}$ және $\vec{A}$ – орбита векторының элементтері (бұрыштық Импульс және Лаплас векторы) және олар мына өрнекпен анықталады:

$$\vec{M} = [\vec{r}, \vec{p}], \quad (5)$$

$$\vec{A} = \left[\frac{\vec{p}}{m}, \vec{M} \right] - \gamma \frac{mm_0}{r} \vec{r}, \quad (6)$$

мұндағы

$$A = \gamma m m_0 e = \alpha e,$$

e – орбитаның эксцентриктерілігі.

Сонымен, әдістерге сүйене отырып, туынды аламыз

$$\dot{M}_i = [\dot{\vec{r}}_i, \vec{p}_i] + [\vec{r}_i, \dot{\vec{p}}_i], \quad (7)$$

мұндағы

$$\dot{\vec{r}}_i = \frac{\partial H}{\partial \vec{p}_i} = \frac{\partial H_0}{\partial \vec{p}_i} + \frac{\partial H^*}{\partial \vec{p}_i} = \dot{\vec{r}}_i^{(0)} + \dot{\vec{r}}_i^{(*)}; \quad \dot{\vec{p}}_i = -\frac{\partial H}{\partial \vec{r}_i} = -\frac{\partial H_0}{\partial \vec{r}_i} - \frac{\partial H^*}{\partial \vec{r}_i} = \dot{\vec{p}}_i^{(0)} + \dot{\vec{p}}_i^{(*)}; \quad (8)$$

Енді біз (7) теңдеуді келесі түрде жаза аламыз:

$$\dot{M} = \dot{M}^{(0)} + \dot{M}^{(*)} \quad (9)$$

мұндағы $\dot{M}^{(0)}$ – үш нүктелік масса үшін моменттің өзгеруі, сондай-ақ дененің айналуына байланысты моменттің өзгеруі.

Эволюциялық қозғалыс теңдеуін алу үшін Т жүйесінің конфигурацияларын қайталау кезеңінде (9) теңдеуді интегралдау қажет (тест денесінің синодтық кезеңі):

$$\bar{M} = \frac{1}{T} \int_0^T (\bar{M}^{(0)} + \bar{M}^{(*)}) dt. \quad (10)$$

Мұндағы

$$T = \frac{2\pi}{\omega_2 - \omega_3}. \quad (11)$$

(10) теңдеудің оң жағындағы бірінші компонент үш нүктелік масса үшін орбиталық моменттің орташа өзгеруін сипаттайды [3] жұмысында, бұл мән нөлге тең екендігі көрсетілген. Осылайша, орбиталық жазықтықтағы сынақ денесінің қозғалысы тұрақты болады.

Әдебиет

1. Duboshin G. N. Celestial mechanics. Main tasks and methods. Moscow: Nauka, 1968, 799 p.
2. Sebehey V Theory of orbits: a limited problem of three bodies. Moscow: Nauka, Main edition of physical and mathematical literature, 1982, 655 p.
3. Abishev M. E., Toktarbay S., by Mesdames B. A. on the stability of circular orbits of the test body in the restricted problem of three bodies in the mechanics gr. Gravitation and cosmology, 2014, Volume 20, No. 3, Pp. 149-151.

ӨОЖ 37.018.523:373

АУЫЛ МЕКТЕБІНДЕГІ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМНІҢ ШЫНАЙЫ КӨРІНІСІ

Қызылбек М., Математика мамандығының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы

Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., kyzylbekmadina@mail.ru

Нұрадин Г.Б., филос.ғ.к., доцент (қауым.проф), М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, gnuradin@mail.ru

Аннотация: ұсынылып отырған мақалада еліміздегі орта білім беру саласында ілгерілеп жатқан инклюзивті оқыту мәселесінің шалғай ауылдағы реалды жүзеге асырылу процесі туралы студенттік зерттеудің нәтижелері мен ұсыныстар беріледі. Ауыл тұрғындары мен мектеп әкімшілігінің инклюзивті білім бағдарламасына деген көзқарастары екішеленеді.

Кілттік сөздер: инклюзивті білім беру, инклюзивті білім беру бағдарламасы, Қызыл Өуіт ауылы, М.Қыстаубайұлы атындағы орта мектеп, ауыл тұрғындарының пікірі.

Адамның өмірге саналы болып келуінің немесе жаралуының сол адамның өзі білмейтін, әлі ашпаған құпиялары мен сырлары толы. Адамзат ес білгелі өз-өзіне осы өмірге келуімнің мәні неде үнемі сұрайды. Жауаптары сан қилы. Сан қилы жауаптар ішінде еш өзгермейтін бірқатар принциптер бар. Ол адамның үнемі бақытқа, байлыққа және білімге ұмтылуы. Аталғандар ішіндегі білімнің кеңістігі ұшан-теңіз. Сол білімді балаға дарытатын ұстаздың орны мен рөлі әрбір шәкірт үшін ерекше. Болашақ ұстаз үнемі ізденіс үстінде болып, тек өз пәнібойынша ғана емес, сонымен қатар қоғамда орын алып жатқан түрлі оқиғалардан да хабардар болуы қажет. Оған қоса еліміздегі орта білім беру жүйесі ұстанып отырған білім беру саясаты мен іске асырылып жатқан жобалар мен бағдарламалардан да тыс қалмауы керек. Мақала нысаны болып отырған инклюзивті білім беру, қазіргі таңда аса өзекті мәселердің бірі. Себебі:

Біріншіден, мүмкіндігі шектеулі балалартағдыр салған тауқыметті көтеріпжүр, оларға құрмет көрсетілуі тиіс;

Екіншіден, онсыз да тағдырдан соққы алған балалардың білім алу және қоғаммен араласу мүмкіндігінің жеткілікті болмауына байланысты екінші әлеуметтік соққы алу мүмкіндігін азайту немесе жою;

Үшіншіден, өкінішке орай, қазақстандық қоғамда аталмыш балалардың көшеде, жалпы кез-келген қоғамдық ортада жүруі қалыпты жағдайда емес. Оларға үрке немесе мүсіркей қарау фактілері орын алары анық. Мұның бәрі оларды қоғамнан оқшаулап үйде ұстаудың нәтижесі;

Төртіншіден, бүгінгі күні дені сау балалардың өзіне тәрбие мен білім беру ата-ана үшін, мұғалім үшін оңайға соғып отырған жоқ. Осындай қиын кезеңде жарымжан балаларды асырап отырған ата-аналарға өздігінен үй жағдайынды білім беру ауырлық туғызады;

Бесіншіден, мұғалімніңөз сыныбындағы инклюзивті білім беру бағдарламасы бойынша оқытылуы тиіс оқушыны оқыту методикасын жақсы білуі және оқушының өзін сыныпта жақсы сезінуі мен оқу бағдарламасын игерте алу дағдысының болуы.

Мүмкіндігі шектеулі балалар да басқа балалармен тең мүмкіндікте білім алуы тиіс. Бүгінгі таңда инклюзивті білім беру мәселесі әлемдегі өзекті проблемаға айналып отыр. Қазақстанда да бұл құбылыс, назардан тыс қалдырылмады. Бұл мәселе өзіне қатты назар талап етеді, өйткені туа біткен және жүре пайда болған ақаулары бар балалардың саны жыл сайын артып келеді. Мемлекет дамуындағы ауытқулар бар балаларды ерте түзету міндеттерін алға қою қажет. Білім беру жүйесі, өз кезегінде осы санаттағы балаларды мүмкіндігінше балабақшаларда, жалпы білім беретін мектептерге қосуы керек. Қазіргі жас ұрпақ ол біздің болашағымыз. Сондықтан да оларды қазірден бөлмей, елімізге пайдасы тиетіндей, индивидті қалыптастыруымыз керек. Инклюзивті білім беруді дамыту, іс-жүзінде нәтижеге жету, мүмкіндігі шектеулі балалардың отбасылары үшін үлкен жетістік болары сөзсіз. Қазіргі таңда балалардың қабылдау жүйесі әртүрлі болып келеді. Сондықтан оларға тиімді білім беру керек. Инклюзивті оқыту балалардың тең құқықта екенін анықтап береді.

Осы жаһандық мәселеге әлем ғалымдары мынадай анықтама береді: инклюзивтік білім беру дегеніміз - барлық балаларды, соның ішінде мүмкіндіктері шектеулі балаларды жалпы білім үрдісіне толық енгізу және әлеуметтік бейімдеуге, жынысына, шығу тегіне, дініне, жағдайына қарамай, балаларды айыратын кедергілерді жоюға, ата-аналарын белсенділікке шақыруға, баланың түзеу-педагогикалық және әлеуметтік мұқтаждықтарына арнайы қолдау, яғни, жалпы білім беру сапасы сақталған тиімді оқытуға бағытталған мемлекеттік саясат [1].

Инклюзивті білім беру мәселесі шет елдерде 1970 жылдан бастау алады, ал 90 жылға қарай АҚШ пен Еуропа өздерінің білім беру саясатына осы бағдарламаны толық енгізді. Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі заңында даму мүмкіндігі шектелген барлық балалар психологиялық-медицина-педагогикалық кеңестің қорытындысына сәйкес арнайы түзету мекемелерінде және мемлекеттік білім жалпы беретін мектептерде тегін оқуға құқылы деп шешілген. Атап айтсақ мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беретін ортаға кіріктіру мақсатында 2009 жылғы ҚР инклюзивті білім беруді дамыту тұжырымдамасының жобасы әзірленген, сонымен қатар 2010 жылдың 1 ақпанында бекітілген ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын атауға болады. Бұл бағдарламаның басты міндеттерінің бірі – еліміздің инклюзивті оқытуды дамыту болып саналады [2].

Қазіргі таңда мүмкіндігі шектеулі балаларды тәрбиелеу үшін білім беру орындарында дефектолог мамандығы оқытылады. Дефектолог мамандығы – ерекше білім алуды қажет ететін балаларды заманауи қоғамға үйрететін мамандық. Бұл қоғамға өте қажетті мамандық деп ойлаймын. «Баланың психикасында немесе денесінде шектеу болса, онда ұстаздың білімділігі

мен біліктілігі соғұрлым жоғары болу қажет» - деп жазған XX ғасырдың басында атақты неміс педагог-дефектологы П.Шуман. Ғалымның бұл сөзі қазіргі күні инклюзивті білім беру жүйесінің ұранына айналғандай. Инклюзивті білім беру жүйесіне қатысты құжаттар мен сайттар, мақалалар мен журналдар, кабинеттер мен кітаптар ішінде немесе басында осы сөзді көруге болады. Қазіргі кезде мектептерде мүмкіндігі шектеулі балаларды қамқорлыққа алып, олардың қалыптасуына және айығуына мүмкіндік жасап, өз бетімен өмір сүруіне үйретіп, жағдай жасайды. Себебі, инклюзивті білім беру жағдайында мұғалімнің көңіл-күйі өзгереді. Ол кезде мұғалім тек өзі ғана емес, арнайы педагогпен, психологпен, логопедпен, әлеуметтік педагогпен және ата-аналармен өзара тығыз әрекеттесіп жұмыс істейді. Инклюзивті білім беру жағдайында педагог өз істеген әрекеттеріне есеп бере білу керек. Мүмкіндігі шектеулі баламен жұмыс үлкен жауапкершілікті талап етеді. Мұғалімдік мамандық – бұл адамның қызықты, шымшытырғы мол рухани жан дүниесіне үңіле білу дейді дефектолог П. Шуман [3, 67].


Педагогикалық шеберлік пен педагогикалық өнер – ол даналықты жүректен ұғу болып табылады деп, атап көрсетеді В.А. Сухомлинский. Әсіресе ұстаздық шеберлік дені сау баламен жұмыс кезінен гөрі, даму мүмкіндігі шектеулі балалармен қарым-қатынас кезінде көбірек қажет болады. В.А Сухомлинский «Балаға жүрек жылуы» еңбегінде әр баланың ерекшелігін оның жаңа мүмкіндіктері деп айқын атап көрсетіп кеткен. Педагог-дефектолог Э.А. Гафари жалпы білім беретін мектеп мұғалімінің даму мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудағы рөлінің маңыздылығын айта отырып, инклюзивті білім беруді жүзеге асыру үшін жағымды ынталандырудың болуы қажет деп санайды. [4, 76]. Мұғалім баланы әрқашанда ынталандырып, берілген тапсырманы дұрыс орындай алатынына сенім білдіріп отырса ғана нәтижеге қол жеткізе алады деп ойлаймын. Даму мүмкіндігі шектеулі оқушылар мұғаліммен мойындалған жағдайда ғана өзіне лайықты орын табады. Ғалымдардың пікірі оң көзқарасты қалыптастырып, инклюзивті білім беру жағдайында жұмыс істеуге мұғалімнің тұлғалық дайындығының қажет екенін дәлелдеп отырғандай.

Ресей зерттеушісі Самарцеваның пікірінше, инклюзивті білім беру кезінде мұғалімнің кәсіби даярлығы және өз саласын жетік білуі ғана нәтижеге қол жеткізеді деген еді. Белоруссиялық зерттеуші Хитрюк болса инклюзивті білім беру кезінде мұғалімнің көңіл күйі, мінез құлқы балаларға тікелей әсер етеді деген қорытынды жасаған. Литва университетінің доценті А. Galkiene өз зерттеуінде мұғалім оқушылардың мүмкіндігі шектеулі топтарымен ғана емес, барлық балаларды ойлай отырып, мүмкіндіктеріне қарай біріктіру керек деп айтқан. Қазақстандық ғалым З.А. Мовкебаева пікірінше, болашақ мұғалімдер инклюзивті білім беру жағдайында балалармен жұмысқа даярлығы даму мүмкіндігі шектеулі оқушылардың ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастырып, сол арқылы білім беру керек. Білім беру жүйесіндегі ең маңызды нәрсе мамандардың психологиялық және адамгершілік құндылықтарды жетік білуі болып табылады [5].

Мақалға негіз болып отырған студенттік зерттеу жұмысының нысаны Талас ауданы, Қызыләуіт ауылы, Мыңатай Қыстаубайұлы атындағы жалғыз орта мектеп. Сәйкесінше, зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты - инклюзивті білім беру бағдарламасының ауылдағы жай-күйін анықтау болып табылды.

«Қызыл Әуіт» елді мекенінде 2000 ға жуық тұрғындар өмір сүруде және оның 351-і оқушылар. Мектеп әкімшілігінің ресми мәліметіне сүйенсек, инклюзивті білім беру бағдарламасымен 1, үйде оқытылатын 4 бала бар. Аталмыш балаларға ерекше көңіл бөлінеді оларға мектептегі ең озық мұғалімдер білім береді, қосымша психолог және мейірбике қызмет көрсетеді. Зерттеу жұмысымыз сауалнама, жеке және топтық сұхбат әдістері арқылы жүргізілді және оған ауыл тұрғындары, оқушылар, ата-аналар, мұғалімдер мен мектеп әкімшілігі тартылды. Әрбір респонденттен жауап алмас бұрын қысқаша зерттеу жұмысы, респондент ретінде олардың құқықтары туралы ауызша рұқсат сұралды. Кәмілеттік жасқа толмаған оқушылардың ата-анасынан рұқсат сұралды және респонденттердің шынайы жауап беруін өтінілді. Бұл студенттік зерттеу жұмысының этикалық нормаларын сақтау шараларына жатады.

Респонденттерге бір ғана зерттеу сұрағы қойылды, ол: «мүмкіндігі шектеулі балалардың мектепке барып білім алуы дұрыс па?» деген сауал. Сауалнамаға 10 респондент жауап берді. Әр түрлі жастағы тұлғалар, 8 респондент қолдайтындығын жеткізді, ал 2 респондент сауалнамаға жауап беруге қиналды. Жалпы саны 20 дан астам адам зерттеуге ат салысты. (Сурет 1.)



Сурет 1. Зерттеу жұмысының диаграммасы

Зерттеу болжамы жасалды. Ол мүмкіндігі шектеулі балаларды бөлмей, басқа балалар сияқты тәрбиелеу, білім беру, қоғамда өз орнын, нанын табуға үйрету жұмыстарының ауылдық жерде де қалыпты жағдайда орындалып жатқанын білу. Қазақстанның барлық мектептерінде инклюзивті білім беруді енгізу жұмыстарының қарқынды жүріп жатқанын бағдарлау. Инклюзивті білім берудің артықшылығы мен оған деген мұғалімдердің дайындығын бағамдау.

Инклюзивті білім беру жүйесі елімізде дамып келе жатыр деп жалпылама айтқанмен көп жағдайда ауылдарда көптеген мәселелер артта қалып жатады. Оған маманның, ақпараттың, мүмкіндіктердің аздығы немесе жоқтығы ықпал етіп жатады. Зерттеу жұмысы барысында мүмкіндігі шектеулі балалардың өздері, ата-аналары мен мұғалімдерімен сұхбаттаса отырып, оларға реалды көмек қажеттілігін түсіндім. Атап айтқанда, шағын ауылдардан жеке сынып бөлмелерін ашып, барлық жабдықтармен қамтамасыз ету. Себебі, ауылды жерлерде мүмкіндігі шектеулі балалар мектепке барып, оқу жағдайы жасалмаған. Сондықтан олар қатарластарынан қалып, үйден білім алады. Оған қоса, аталмыш балаларға берілетін бір айлық жәрдемақы мөлшерінің төмендігі мен оларды жыл сайын мүгедектігін дәлелдейтін анықтамалады жинақтауы қиындық туғызады.

Әрбір адам білім алуға құқылы, сондықтан да оны мүмкіндігі шектеулі немесе бай кедей деп бөлуге ешкімнің құқығы жоқ. Инклюзивті орта біреулер үшін басқа әлем сияқты көрінуі мүмкін. Мүмкіндігі шектеулі балаларға аяушылықпен немесе қатыгездікпен қараудың ешқандай қажеті жоқ деп ойлаймын. Олар тек басқалардан ерекше, төзімді, қайратты, өмірге деген құлшынысы зор балалар. Оларға керегі қолдау ғана. Мүмкіндігі шектеулі балаларды мектептерде оқыту, арнайы сынып бөлмелерін ашып оқыту олардың отбасы үшін де өте пайдалы болады.

Қазіргі таңда елімізде әлі арнайы ашылған мектептер, балабақшалар саны тым аз. Еліміз әлі күнге дейін инклюзивті білім беру үшін жағдай жасай алмай келеді. Бірақ та бұл мүлдем ешнәрсе жасап жатқан жоқ деген сөз емес. Тұңғыш Президентіміз Н.Ә.Назарбаевтың 2014 жылы 17 қаңтарда жолдаған «Қазақстан жолы -2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында «Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуы тиіс - бұл өзіміздің және қоғам алдындағы парызымыз» [6] - деген еді.

Дамыған 30 елдің қатарына кіру жолында, алға қойған мақсаттың бірі осы мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуы болу керек. Қазіргі таңда инклюзивті білімді жүзеге асыруда нәтиже мен табысқа жету үшін осы саладағы болашақ мамандарымызды жақсылап даярлау қажет деп ойлаймыз. Сонда мүмкіндігі шектеулі балалар сынып ішінде өздерің еркін сезініп, түсіне алатын адамның бар екенін ұға алар еді. Қоғамда істелініп жатқан әрбір әрекет балалар үшін тиімді болу керек. Себебі, мүмкіндігі шектеулі балаларға білім беру олардың қоғам өміріне белсене араласуына, адамдар арасында өздерін еркін сезінуге мүмкіндік беретін еді. Біздің ойымызша инклюзивті білім берумен еліміз шетелдік практикаға сүйенбей, өзіміздің менталитетті баса назарға ала отырып, құндылықтарымызды сақтай отырып, білім беру жүйесін ұйымдастыру керек.

Зерттеу жұмысының өзектілігі өте ауқымды. Себебі мүмкіндігі шектеулі балалар біздің елімізде өкінішке орай, көп жағдайда қоғамда өз орындарын таба алмайды. Өзінің денсаулығы мен ыңғайына қарай кәсіп түрін таңдау, өзіне жеткілікті білім алу, отбасына аса салмақ салмау мәселелері енді ғана жолға қойлып келеді. Оған қазақстандағы инклюзивті білім беру бағдарламасының жалпы білім беру жүйесіне енгізілуі негізгі себеп болып отыр. Бүгінгі күні

кез келген мекеме ауласы, кіре берісі мен төменгі қабат іштерінде қол арбалардың жүруіне лайықталған сары жолақшалар, пандустар, арнайы дәретханалар бар. Бұл іс шаралардың орын алуы ерекше балалар мен ересектерге көңіл бөлудің еселенуі деп түсінеміз.

Қорыта келгенде, біз, балалар үшін бала өз әрекетінің қатысы мен керектігін сезінетіндей жағдай жасауымыз керек. Мемлекетіміздің әрбір азаматы – ұлттық құндылықтарымыз, әр баласы еліміздің ертеңі екенін ескерсек әрбір мүмкіндігі шектеулі балалардың сапалы білім алып, азамат болып қалыптасуына жағдай жасау біздің міндетіміз. Бұл жандар ондай өмірді таңдап алмаса керек. Мүмкіндігі шектеулі балалардан болашақта қолдарынан іс келетін саналы азаматтар мен азаматшалар шықпасына кім кепіл? Мүмкіндігі шектеулі жандардың қозғалыс мүмкіндігі шектелгенімен, жан-дүние кеңістігі аясының тарылып, күйзеліске ұшырауына жол бермеу – белгілі бір ұйымдардың міндеті ғана емес, қоршаған ортаның, қалың бұқараның басты парызы. Жас нәрестенің дені сау болса, отбасына зор қуаныш пен бақыт әкеледі. Елімізде өркениетті қоғам құру үшін, тәрбиелі, дені сау азаматтар мен азаматшалар тәрбиелеу керек.

Әдебиет

1. Омарова Б.К. «Инклюзивті білім беру – өмір қажеттілігі»// http://www.zkoipk.kz/ru/nisconf_2s/773-conf.html. Қаралған күні 10.11.2020.
2. Сахмиденова Н.О. «Инклюзивті білім беру принциптерін жүзеге асыру – заман талабы // <http://www.zkoipk.kz/kz/2015smart4/1552-conf.html>
3. Специальная педагогика / Под ред. Н.М. Назаровой. - М., 2001.
4. Гафари Э.А «Мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың педагогикалық шарттары»;
5. Мовкебаева З.А., Денисова И.А., Оралканова И.А., Жакупова Д.С. Инклюзивное образование. Учебное пособие для ВУЗОВ. - Алматы, 2013.
6. Н.Ә.Назарбаев «Қазақстан 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауы

ӨОЖ 94(395.2)

ӘУЛИЕАТА Өңіріндегі Петроглифтердің Қорғалу Және Зерттелу Мәселелері

Қуандыр Ә., Тарих мамандығының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., mr.kuandir@mail.ru

Мырзаханова Н.Р., аға оқытушы, тарих магистрі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., m.nazgul0374@mail.ru

Аңдатпа: бұл мақалада Әулиеата өңіріндегі петроглифтер тарихы оның ішінде Бүгіл өзенінің солтүстік жағалауындағы жартастарға салынған суреттер барынша пайымды баяндалған.

Кілттік сөздер: петроглиф, жартас, сурет, Бүгіл, ескерткіштер, Әулиеата.

Қола дәуірінде пайда болып, қазіргі заманға дейін келіп жеткен жартас суреттері – бір жағынан, оларды салған адам баласының рухани жан-дүниесін көрсететін «ашық аспан астындағы галерея» болса, ал екінші жағынан, өткен дәуірлер мен қоғамдар тарихы үшін теңдесі жоқ дерек көздерінің бірі. Себебі петроглифтерден біз ата-бабаларымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне, шаруашылығы мен кәсібіне, діни наным-сенімдері мен әдет-ғұрыптарына, дүниетанымына, қоршаған ортамен қарым-қатынасына және тағы басқа да іс-әрекеттеріне байланысты мағлұматтарды ала аламыз.

Ұлы даланың төл тарихы тереңде тамыры тарам – тарам. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері өзіміздің төл тарихымызды зерттеуде тастағы танбалар аса құнды дерек көзі болып отыр. Мемлекетіміздің бүгінгі сарабал бағыты кешегі жүріп өткен жолмен біте қайнасып жатыр. Нешеме ықылым замандардан бері батыс пен шығыс елдерінің алтын көпірі саналып, зор өркениеті мен тағлымды мәдениетімен дараланған ұлы дала тарихына тандай қағып тамсанбаған саяхатшылар мен жиһангездер кемде-кем. Тағылымды тарихы мен дамыған мәдениеті ерте кезеңдерден бастап көптеген зерттеушілердің қызығушылығын тудырған Жамбыл облысының тарихы әрқайсымызды бей-жай қалдырмасы белгілі. Қойнауы құт, жері

дархан бұл өлкенің өзіндік ерекшелігі мен тарихы туралы талай ғалымдар тер төгіп, жыршылар мен ақындар өз шығармаларына арқау еткен. Жамбыл облысы тарихи-мәдени ескерткіштерге өте бай. Жыл өткен сайын ажарланып, көркейе түскен өңірімізде көптеген тарихи ескерткіштер мен монументтер қатары артып келеді. Солардың бірі петроглифтер.

Петроглиф (лат. петро – тас және грек. глиф – жазу) – тақтатас, жартастарға салынған суреттер, бейнелер дегенді білдіреді. Ежелгі петроглифтер соңғы палеолиттің аяғында пайда болды. Кейінгі голоцендік тарихи-мәдени кезеңдерде мезолит, неолит т.б. қоғамдағы өзгерістерге байланысты дамыды. Суреттер қызыл охрамен және тастың бетін қашап, шекіп салу тәсілдерімен түсірілген. Соңғы тәсіл көп жерлерде кеңінен пайдаланылды. Көбіне хайуанаттар қырынан, адамдар алдынан салынды. Суреттерде пропорция сақталмаған; түз тағыларының кішкентай суреттерінің жанына одан бірнеше есе үлкен адам бейнесі салынған. Бұл өнердің мәні терең, бейнелері мазмұнды болып келеді. Оларда аңыз әңгімелер, мифтік сюжеттер, қоршаған ортамен байланысты шаруашылық-тұрмыстық қарекеттер бейнеленді. Қазақстанда 200-ден астам жартастар суреттерінің шоғырланған орындары белгілі болып отыр.

Жалпы алғанда біздің өлкеміздің қилы тарихы сонау алғашқы қауымдық құрылыс кезінен яғни палеолиттің шелль кезеңінің соңғы дәуіріне жататын Бөріқазған, Тәңірқазған тұрақтарынан бастау алып жалғасын тауып келеді. Ақбас Алатау мен қарт Қаратаудың ортасынан ойып тұрып орын тепкен Жамбыл облысының жазы – жайлы, қысы – қолайлы өзіндік бір табиғаты ерте дәуірден бастап адамзат өркениетінің, мәдениеті мен шаруашылығының дамуына септігін тигізгені анық. Қазақстанның археологиялық ескерткіштері туралы алғашқы мәліметтер орта ғасырдағы ғалымдар мен тарихшылар, географтар мен саяхатшылардың еңбектерінде кездеседі. Олар өз еңбектерінде өздері тікелей көзімен көрген немесе өздеріне айтуы бойынша мәлім болған әдеттен тыс заттар, бейнелер, өз замандарынан көп бұрын болған қалалар мен қоныстардың жұрттарын, оқиғаларды айтып кеткен. Ғылыми зерттеулерге қарағанда алғашқы қауымдық құрылыстың дамуы барлық жерде бірдей болған. Елімізде жүргізіліп жатқан археологиялық қазба жұмыстар өткен өмірдің даму тарихының алғашқы кезеңдерін ашып, дүние жүзілік адам қоғамының зерттелуіне өз үлестерін қосуда. Еліміздің Жамбыл өңірінің тарихымызға жаңа қырынан келетін, бағдарлы түрде зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады, өз өңіріміздің археологиясына үлес қосқан ғалымдарды айта кететін болсақ. П.И. Лерх, В.В. Бартольд, А.Н. Бернштам, М.Қ. Қадірбаев [1], Х.А. Алпысбаев, Ж.К. Таймағанбетов, К.А. Ақышев, К.М. Байпақов. 2004 - 2009 жылдары Мемлекеттік бағдарлама аясында тарихи-мәдени мұраны зерттеу, сақтау және пайдалану жөнінде жұмыстар жүргізілді. Бағдарламаға сәйкес зерттеуге, оның ішінде ауқымды қазба жұмыстарын жүргізуге ұсынылған археологиялық объектілер, маңызы және бұрынғы зерттеулер кезіндегі бастамалар есепке ала отырып, таңдалды. Солардың ішінде маңызды зерттеуді қажет ететін ескерткіштер олар петроглифтер. Солардың бірқатарын атап өтсек: Теріс (терс) петроглифтері, Қамыстыбұлақ Қарасай, Жалаңаштың жартасы, Далақайнар, Қарауылтөбе, Бүгіл өзені, Ботамойнақ петроглифтері [2].

Бүгіл өзені Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау ауылдық округіне қарасты Қара-ой ауылының территориясында орналасқан. Бүгіл өзенінің суы көктем айларында көбейеді. Жазғы мерзімде өзеннің кейбір жерлері құрғап қалады [3, с.8]. Бүгіл өзенінің оңтүстік жағалауында обалар қорымы сынды ескерткіштерді археологтар ашқанымен, мұнда қазба жұмыстары әлі жүргізілмеген. Жартастар таудың бөктерін жағалай тізбектеліп, етегінен жоғары қарай да бірінің үстіне бірі жапсарлана орналасқан. Жартастардың түсі сұр. Зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша Қазақстанда сурет салған тастардың түсі қара немесе қоңыр болып келеді. Түсі сұр тастарға салынған суреттер сирек кездеседі.

Бүгіл өзенінің бойына орналасқан петроглифтер өзеннің солтүстік тұсындағы Ақтаудың оңтүстік бөктерін жағалай тізбектеліп орналасқан жартастардың тегіс емес күнес беттеріне салынған. Уақыт өте келе жартастардың бетінде түрлі жарықтар, сызықтар, ойықтар пайда болған. Кейбір жартастардың бетіндегі жұқа қабаттары сынып түсіп қалған. Суреттер нашар сақталған, сыртқы күштердің әсерінен көп бөлігі өше бастаған, белгісіз бейнелер көп кездеседі. Жартастағы суреттерді қатты таспен, жартастың бетіне қашап салған қырма суреттер.

Бүгіл өзенінің оңтүстік жағалауында обалар қорымы және солтүстік жағалауындағы жартастағы суреттер, осы тарихи-ескерткіштер Бүгіл өзені ежелден елді мекен болғанының дәлелі.

Тастағы таңбалар жай бір салына салған сурет емес. Ол өзіне алғашқы адамның өмірі, дүниетанымы туралы ақпарат жинақтаған құнды дерек көзі. Себебі алғашқы қауымдық дәуірде жазудың болмауы, осы тастағы таңбалар бізге алғашқы адамдар туралы мәлімет алуға септігін

тигізетін бірден-бір дерек көзі екендігі айқын. Тастағы таңбаларды құнды дерек екенін Қадырбаев А.Н., Марьяшев А.Н. атап кетеді.

Жаңа тас ғасыры-неолит дәуірінде орасан зор жаңалықтар жүзеге асты. Адамдар өзен, көл жағалауларын, аң аулау, жеміс-жидек теру, өсімдік тамырын жинау сияқты кәсіптерге ыңғайлы мекендерге қоныстанған. Жаңа тас ғасырында шаруашылықтың қарқынды өрлеуі адамдардың жетіле түсуіне де үлкен әсер етті. Неолит дәуіріндегі адамдар өзінен бұрынғылардан рухани жағынан анағұрлым жоғары тұрды. Мұны тастарға салынған суреттерден байқауға болады.

Жартасқа салынған суреттер осы өңірді мекендеген адамзаттың шаруашылығы мен кәсібін, діни наным-сенімдерін, аңшылық өмірін, қоршаған ортамен қарым-қатынасын, рухани мәдениетін, оның дүниетанымын білдіретін аса маңызды деректер жиынтығы болып келеді. Ертеде өмір сүрген өнер адамдарының әсемдікке деген құштарлығы және олардың танымдық дүниесі осы жартаста бейнеленген суреттерден сезіледі.

Бүгіл өзенінің жағалауына жергілікті халықтың қойған жер атаулары бар, солардың бірі Жеті там елді мекені. Бүгіл өзені бойындағы петроглифтердің едәуір бөлігі Жеті тамның солтүстік тұсындағы, Ақтаудың оңтүстік бөктеріне жағалай өзенге жақын орналасқан жартастардың тегіс емес күнес беттеріне салынған суреттер бір жерде емес, әр жеріне жағалай салынған.

Жартастағы суреттердің негізгі бөлігі жабайы жануарлар: арқар, таутеке, тауешкі, бұғы, елік ішінде арагідік түйе, адам, жылқы садақ, күннің бейнесі қашалған. Сурет салынған жартастардың биіктігі 2 - 5 метірге дейін

Негізінен жартастың тегіс емес күнес бетіне жоғарыдан төмен қарай жануарлар: таутеке, тауешкі, бұғы, арқардың қозғалыссыз бейнесі сахналанған. Суреттерді шағын етіп бейнелеген. Суретші суреттерді жартастың бетіне қашап салған. Жартастың жоғарғы жағында мүйізі қайқы, басын жоғары көтеріп тұрған тауешкінің суретін салған. Тауешкінің суретінен төменірек сызба түрінде бұғының бейнесі берілген. Суретші бұғының тармақталған мүйізін, төрт аяғын, дене мүшесін толық көрсетуге тырысқан. Бұғының бейнесі қарапайым, тартымды емес. Бұғының суретінен төмен алдында таутеке, артында тауешкінің тұрған көрінісі бейнеленген. Таутекеге қарағанда тауешкінің денесі шағын, мүйізі қайқы.

Көшпенділер өнерінде арқар, тауешкі, бұғы, маралдардың образы кең танымал. Жетісуды мекендеген ерте көшпенділердің мифологиясында тауешкінің образы бұл күдіреттелген жануардың мекені, қарлы таулардың шырларына адам жанын тасымалдаушының образымен байланыста қарастырылады.

Кейбір суреттерде Арқардың суреті әсерлі емес, қарапайым түрде салынған. Суреттің ерекше көрінісі жан-жағынан нұрын шашып тұрған күннің көрінісін бейнелеген.

Ежелгі заманда Орта Азия өңірін мекен еткен сақ тайпалары ата-бабаларының аруақтарына, аспан жыныстарына, күн көзіне табынған, оған құрбандық беретін болған. Есік обасынан табылған сақ «Алтын адамы» бас киімінің ең ұшында арқардың тұтас құйылған мүсіншесі орналасқан. Бас киімнің ең ұшына алтын арқар бейнесіндегі күн құдайын ғана қоюға болады. Күн құдайы ретіндегі арқар образы көптеген халықтардың мәдениетінде кездеседі.

Күнбасты құдай-ешкінің басы Тамғалы шатқалынан табылған. Суреттер композициялық құрылымы мен стилі жөнінен Тамғалыдан табылған күнбастылар суретіне ұқсас. Келесі жартас бетінде қос өркешті жалғыз түйенің бейнесі бар. Түйенің алдыңғы өркеші, аяғы, мойыны, басы жақсы салынған.

Жартастың бетінде түйе, бұғы, жылқы, таутекенің суреті бейнеленген. Сурет салған жартастың биіктігі 5 метр. Суретші әртүрлі жануарларды араластырып, тігінен және қиғаштатып салған. Бейнелердің барлығының бастары шығысқа қаратылған. Суретші Жартастағы суреттердегі әр түрлі жануарлардың өзіндік ерекшеліктерін жақсы бейнелеген. Сыртқы күштердің әсерінен жартастың беті қатты бұзылған. Соның салдарынан суреттегі кейбір жануарлардың дене мүшелері толық сақталмаған. Жылқының суреті аласа, есектің бейнесіне де ұқсайды. Құйрығын артқы аяғының ұшына дейін жеткізіп салған. Осы құйрығынан жылқының бейнесі екенін ажыратуға болады. Жылқының аяғын тарбайтып, қозғалыс үстінде бейнелеген. Жылқы тұқымын қадірлеу, оны киелі деп білу көнеден келе жатқан салттардың бірі. Оның шығу төркіні ерте көшпенділер заманындағы наным-сенімдермен байланысты.

Сонымен қатар, Жамбыл облысы Байзақ ауданы, Ақбұлым ауылынан 4 км жерде Ботамойнақ тауынан көптеген петроглифтер табылған. Оны жамбылдық тарихшы-өлкетанушы Күзембай Байбосынов мектеп оқушыларымен бірге жартасқа салынған алғашқы суреттердің

сипаттамасын жасауға көмектесті, олардың жалпы саны 1000-ға жуығын тапты. Қазіргі уақытта олардың жартысы ғана сипатталған. Ботамойнактан шыққан петроглифтер адам туралы ештеңе айтпағанын бірден атап өтеміз.

Ал бірақ табылған бұғы мен бизонның суреттері үлкен жаңалық болды. Осы табылған петроглифтердің арқасында қола дәуірінде белгісіз суретші еңбек етіп жатқан кезде Жамбыл облысы аумағында бұғылармен бизондардың өмір сүргендігін көруге болады.

Осы өңірден мүйізтұмсық немесе бегемотқа ұқсас келетін жануарлардың бейнесінің табылуы үлкен жаңалық болып отыр. Бұлда бір ежелгі адамдардың қалдырып кеткен үлкен құпиясы. Әр түрлі тарихи дереккөздерде "құбыжық" деп аталатын белгісіз жануардың бейнесінен білдіруі мүмкін? Құбыжықтың компьютерлік моделін мұқият зерттей отырып, мен мынандай тоқтамға келдім. Қола дәуірі кезінде Оңтүстік Қазақстан далаларында шөппен қоректенетін мүйізтұмсық тектес жануарлар жүрген, бірақ өкінішке орай оларды алғашқы аңшылар жойып жіберген. Егер ежелгі суретшілер жануарлардың анатомиялық ерекшеліктерін берудің дәлдігін байыпты қабылдағанын ескерсек, онда оларды "бояу" кезінде қателіктерге жол беруі екіталай. Себебі түйе түйеге өте ұқсас, ал қар барысының бүйірлерінде әрқайсымызға жақсы таныс дақтарды көруге болады. Жартастағы жануарлар мен құстардан басқа, сіз адам өмірінің көріністерін көре аласыз: аң аулау, жер өңдеу, соғыс, босану. Сонымен қатар, босанған әйелдер стилистикалық тұрғыдан ғана емес, сонымен қатар нақты түрде бейнеленген.

Қорыта айтар болсақ Әулиеата өңіріндегі петроглифтерді зерттеу барысында біз оның көптеген қыр-сырын, соның ішінде: ең алдымен, мәдени мұра мәселесін, оның қайнар көзі мен жаңғыру жолдарын айқындасақ, ал ондағы кейбір сюжеттер ата-бабамыздың дәстүрлі мәдениетінің ұмытылып бара жатқан компоненттерін, шаруашылық мәдени типтерінің ерекшеліктерін, қоршаған ортамен және көрші елдермен қарым-қатынастарын, рухани жан дүниесін, философиялық, эстетикалық көзқарастарын және т.б. қалпына келтіріп, қайта түсіндіру үшін таптырмайтын бірден-бір дерек көзі екендігін байқауымызға болады.

Біз төл тарихымызды тереңнен тануымыз керек. Ол үшін тасқа өшпестей етіп таңбалап кеткен бабаларымыздың өнер туындыларын көзіміздің қарашығындай сақтап, келер ұрпаққа сол қалпында жеткізгеніміз жөн.

Әдебиет

1. М.К. Қадырбаев, А.Н. Марьяшев. Қаратау жотасының жартасқа салынған бейнелері. Алматы, 1977. С. 142-152
2. Қылышбек С. Жамбыл облысы Талас ауданының топонимикалық атауларының анықтамалығы. Тараз, 2007 ж.
3. Байпаков К.М., Марьяшев А.Н., Байтанаев Б.А. Қаратаудың жаңа петроглифтері. – Алматы, 2007. – С.128

УДК 347.91/.95

ОСОБЕННОСТИ ПРАВОВОГО ПОЛОЖЕНИЯ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ ЛИЦ, УЧАСТВУЮЩИХ В ГРАЖДАНСКОМ СУДОПРОИЗВОДСТВЕ

Бабаханова Д., студентка 3 курса специальности «Юриспруденция», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, babakhanovadilya9@gmail.com

Тереник О.Д., магистр права, старший преподаватель кафедры «Гражданское право и процесс», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, terenik71@mail.ru

Аннотация: В данной статье рассматриваются особенности и вопросы правового положения несовершеннолетних лиц, участвующих в гражданском судопроизводстве. Особое внимание уделяется определению гражданского процессуального статуса несовершеннолетнего лица как участника гражданского процесса, объему его прав и обязанностей. На основе изучения данной теме, автором предложено внести некоторые изменения в Гражданский Процессуальный Кодекс Республики Казахстан, детально регламентирующие права и обязанности несовершеннолетних лиц в гражданском судопроизводстве.

Ключевые слова: правовое положение, несовершеннолетние лица, гражданская процессуальная правоспособность, дееспособность, правосубъектность, процессуальный статус, лица участвующие в деле, ребенок.

В современном Казахстане участие несовершеннолетних лиц в гражданском судопроизводстве сопряжено с множеством проблем как теоретического, так и практического характера. Обусловлены они различными обстоятельствами, и, в первую очередь, недостатками правового регулирования, неимением надлежащего подхода к вопросам реализации прав несовершеннолетних лиц.

Считаю, первостепенной из таких проблем является определение гражданского процессуального статуса несовершеннолетнего как участника гражданского процесса.

По-моему мнению, указанная проблема заслуживает повышенного интереса еще и потому, что точного определения роли ребенка в гражданском процессе невозможно определить четкий объем его прав и обязанностей, которые необходимы для полной реализации права на защиту, что вскоре может негативно отразиться на качестве вынесенного судебного решения, и в целом на правоприменительной практике.

На мой взгляд, важным аспектом требующей детализации в законодательстве, является правовое положение несовершеннолетних лиц, участвующих в гражданском судопроизводстве.

На сегодняшний день, деятельность и функционирование специализированного правосудия в отношении несовершеннолетних лиц, то есть ювенальная юстиция основывается на одном из ключевых принципов, как возрастные особенности. Вследствие этого справедливым представляется высказывание ученых об основном правовом источнике ювенальной юстиции, к которым они относят понятие несовершеннолетия.

В науке общеправовое понятие "несовершеннолетний", формируется следующим образом, несовершеннолетним лицом выступает тот, кто достиг определенного возраста, с которым закон связывает его полную гражданскую дееспособность. А именно возможность реализации в полном объеме, предусмотренные Конституцией и другими законами страны субъективные права, свободы и юридические обязанности.

Конвенция ООН «О правах ребенка» 1989 г. определяет, что ребенком является каждое человеческое существо до достижения восемнадцати возраста, если по закону, применимому к данному ребенку, он не достигает совершеннолетия ранее [1].

Пекинские правила ООН также определяют, что несовершеннолетним является ребенок или молодой человек, который в рамках действующей правовой системы может быть привлечен за правонарушение к ответственности в форме, отличающейся от формы ответственности взрослого [2].

Поскольку последний документ, является международным, то трактует понятие несовершеннолетия расширительно, так как сужение возрастных границ совершеннолетия, вероятно, может привести к возникновению коллизий в национальных правовых системах.

Как подчеркивают некоторые авторы, возраст несовершеннолетия в каждом конкретном государстве установлен в зависимости от положений правовой системы, а также от политических, экономических, социальных и других составляющих. Стоит отметить и то, что в законодательстве разных государств возраст совершеннолетия определяется неодинаково.

Действующее казахстанское законодательство относит к несовершеннолетним гражданам лиц, не достигших возраста восемнадцати лет.

Как правило, одной из важнейших предпосылок для возникновения всякого гражданского процессуального правоотношения является наличие гражданской процессуальной правоспособности, которой обладает каждый гражданин с момента рождения. А также обладание гражданской процессуальной дееспособностью, то есть способностью самостоятельно осуществлять гражданские процессуальные права и нести обязанности. В настоящее время в процессуальном законодательстве четко определяются возрастные пределы процессуальной дееспособности граждан.

В юридической научной литературе отмечается, что необходимым условием существования процессуально - правовой формы является деятельность субъектов, способных выполнять определенные формой функции.

Другими словами форма деятельности субъекта определяется посредством категории правосубъектности.

В свою очередь правосубъектность включает в себя правоспособность и дееспособность, потому как именно эти две категории и отражают способ существования и выражения субъекта права.

Анализируя нормы действующего гражданского процессуального законодательства, то нетрудно заметить, что понятие "лица, участвующего в деле" не раскрывается. Однако, сопоставляя лиц, участвующих в деле, с остальными участниками процесса и анализируя, в частности, ст. 8 ГПК РК, можно сделать вывод о том, что одним из критериев отнесения кого-либо из участников процесса к лицам, участвующим в деле, является юридический интерес к исходу дела [3].

Полагаю, необходимо отметить и тот факт, что даже в работах, прямо посвященных судебным спорам с участием детей, нет ясного и четкого определения процессуального положения ребенка. Также при рассмотрении вопроса о лицах, участвующих в деле, большинство ученых ограничиваются лишь характеристикой участия прокурора, органов опеки и попечительства, третьих лиц, так и не затрагивая вопрос о процессуальном положении ребенка.

По установленным нормам, лица, не достигшие возраста совершеннолетия, не эмансипированные или не вступившие в брак до восемнадцати лет, не могут своими действиями приобретать и осуществлять свои субъективные права и нести юридические обязанности. Но как уже отмечалось ранее, указанная категория граждан вправе самостоятельно участвовать в гражданском судопроизводстве и лично защищать свои права в случаях, прямо установленных законом.

Так, например, несовершеннолетние лица в возрасте от четырнадцати до восемнадцати лет самостоятельно принимают участие в процессе по спорам, возникающим из сделок, предусмотренных пп.1 и 2 ст.22 ГК РК, по делам о возмещении вреда ст.926 ГК РК. Далее, о признании и оспаривании отцовства и материнства п.3 ст. 69 Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье», по делам о нарушении прав и законных интересов п.2 ст.67 Кодекса РК «О браке (супружестве) и семье» и другим делам [4].

Одновременно с этим суд вправе привлечь к участию в деле законных представителей несовершеннолетних лиц. Поскольку в норме не обозначено процессуальное положение участников, остается непонятным, кто в данном случае выступает стороной в исковом производстве. По смыслу данной нормы п.4 ст. 45 ГПК РК присутствие законных представителей в процессе является необязательным.

Изучив данную норму, можно сделать вывод о том, что стороной по делу будет выступать именно несовершеннолетнее лицо, потому как законные представители не могут повлиять на процессуальные действия и заявления несовершеннолетнего.

Полагаю, следует отметить то, что несовершеннолетние в этом случае имеют непосредственный прямой интерес, поскольку последствия судебного решения будут распространяться именно на них. Исходя из этого, данная возрастная группа детей может быть отнесена к лицам, участвующим в деле.

Важно также рассмотреть и проанализировать процессуальное положение несовершеннолетних лиц в гражданском судопроизводстве при рассмотрении дел, по которым не предусмотрено их самостоятельное участие.

К примеру, при рассмотрении дел о лишении родительских прав (п.1 ст.76 Кодекса Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье»), где ребенок также будет вступать лицом, участвующим в деле, и будет занимать юридическое положение истца. Что же касается законных представителей, то есть родителей, то в таких делах они выступают ответчиками, причем возраст ребенка в данном случае не имеет значения [5].

Я считаю, что дееспособность необходимо оценивать исключительно индивидуально, в зависимости от набора предпосылок, необходимых для осуществления функций.

Вопрос о дееспособности несовершеннолетнего гражданина, по – моему мнению, должен решаться судьей в каждом конкретном случае индивидуально. То есть, при приеме искового заявления помимо всего прочего, устанавливать готовность субъекта к процессу, учитывать деловые, волевые качества; организационные возможности и т.д. Таким образом, подобный подход будет способствовать еще более полной реализации права несовершеннолетнего лица на защиту.

На сегодняшний день, гражданские дела с участием несовершеннолетних детей рассматриваются в судебном заседании по правилам общего процессуального порядка,

который содержится в ГПК РК, и их разбирательство в суде практически не отличается от рассмотрения других гражданских дел.

Конвенция ООН «О правах ребенка» от 20 ноября 1989 г., ратифицированная отечественным законодательством, закрепляет, что дети не относятся к объектам права, а являются и выступают полноправными субъектами права. Семейное законодательство Республики Казахстан, рассматривает также ребенка как самостоятельного участника гражданских правоотношений.

На мой взгляд, в настоящее время несовершеннолетние лица, чья дееспособность прямо предусмотрена материальным правом, ограничены процессуальной дееспособности. Что касается законных представителей, то, во-первых, они не выступают сторонами спорного материального правоотношения. Во-вторых, согласно общепринятой в науке позиции судебные представители (а в их число входят и законные) не относятся к лицам, участвующим в деле, поскольку "интерес судебного представителя носит чисто процессуальный характер и не связан с материально-правовым отношением, составляющим предмет судебного разбирательства.

Иными словами, не существует каких – либо специфических правил при рассмотрении гражданских дел с участием и в отношении несовершеннолетнего лица, то есть процессуальное законодательство не учитывает в полном объеме специфику разбирательства дел с участием несовершеннолетних.

На основании вышеизложенного, можно сделать такой вывод, что несовершеннолетние лица являются специфическими субъектами гражданских процессуальных правоотношений, но к ним применяются общие положения гражданского процессуального законодательства, лица, участвующие в деле.

Я считаю, что ребенок должен выступать полноправным участником гражданского судопроизводства, быть наделенным соответствующими правами и обязанностями в целях получения возможности активного участия в судопроизводстве, которое будет способствовать более полной реализации его права на защиту.

Считаю, необходимым внести в Гражданский Процессуальный Кодекс Республики Казахстан в главу пятую, положения, детально регламентирующие правовое положение несовершеннолетнего лица в гражданском судопроизводстве.

Литература

1. Конвенция ООН «О правах ребенка» от 20 ноября 1989 года, ратифицирована Верховным Советом Республики Казахстан от 8 июня 1994 года.
2. Пекинские правила ООН, приняты резолюцией Генеральной Ассамблеи Организацией Объединенных Наций от 29 ноября 1985 года.
3. Гражданский Процессуальный Кодекс Республики Казахстан от 31 октября 2015 года № 377-V ЗРК.
4. Гражданский Кодекс Республики Казахстан от 27 декабря 1994 года № 268-XIII.
5. Кодекс Республики Казахстан «О браке (супружестве) и семье» от 26 декабря 2011 года № 518-IV.

ӘОЖ К726.882(574):72

АЙША БИБІ КЕСЕНЕСІНІҢ ОЮЛАРЫМЕН ӘЛЕМ СӘУЛЕТТІК ЖӘНЕ ӨНЕР ҮЛГІДЕГІ ОЮЛАРЫМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Косакова М., Сәулет мамандығының 4 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., m.llek.00@mail.ru

Ноғайбекова М.Т., аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., 1964manat@mail.ru

Андатпа: бұл мақалада Айша бибі кесенесінің оюларымен әлем сәулеттік және өнер үлгідегі оюларымен байланысы жайлы айтылған.

Кілттік сөздер: кесене, ою, сәулет өнері, құрылыс.



Сурет 1. Айша бибі кесенесі

Айша бибі кесенесін бір көріп қайтқанның өзінен өте керемет әсер алдым. Бұл кесене Тараз қаласынан он сегіз шақырым жерде орналасқан. Кесененің композициясы сәулет өнерінің ертедегі кең таралған түрімен ерекшеленіп тұр. Ол XI-XII ғасырларда салынған жалғыз камералы-шаршы тәрізді кесене. Өсімдік тектес және геометриялық пішіндегі алпыс екі түрлі ою-өрнекпен көмкерілген Айша бибі кесенесі Шығыс сәулет өнерінің үздік нұсқасы болып табылады [1].

Кесенеден Андронов және сақ тайпаларының шығармаларынан бастау алатын өрнектердің геометриялық мотивтері, сондай-ақ зооморфтық және солярлық ою-өрнектерді байқадым. Кесенеден "қошқар мүйіз түріндегі өрнекті" де, алтыбұрышты жұлдыздарға қосылатын ромб пен өсімдік өрнегін де көрдім. Геометриялық ою-өрнектің бір түрі ретінде қабырғаларды иіре қалау үлкен қызығушылық тудырды [2].

Шеберлер кірпіштерді күйдірместен бұрын саз балшыққа, мыс, алтынмен жануар майын қосқан екен. Кесененің әлі күнге дейін сақталған түп нұсқа кірпіштеріне қарасаңыз-тотыққан мыстың ізін көзіңіз шалады. Бүгінде мұндай кірпішті ешкім жасай алмайды. Қалпына келтіруге тек сауран сазы пайдаланылды. Оның құрамы орта ғасырлық кірпіштерге өте ұқсас. Шеберлер кірпішті сол заманның технологиясы бойынша қолдан құйды. Бұндай ыждахаттылық кесенеге келген адамдарға да жақсы жағынан әсер етеді.



Сурет 2. Бұхара қаласындағы Исмаил Самани кесенесі

Исмаил Самани кесенесі Орталық Азияда IX-X ғасырлардағы сәулет өнерінің туындысы [3]. Исмаил Самани кесенесі өзінің архитектуралық тұрпаты жағынан қаланған ақшыл кірпіштерімен, төрт бұрышында кішкентай күмбездерімен, ортасында өте үлкен күмбес орнатылғанымен, қабырғаларында жиектері мен айналасы өрнектермен безендірілген арка есіктерімен Айша бибі кесенесінің сыртқы пішініне ұқсайды. XI-XII ғасырларда шеберлер Орта Азияда орналасқан Исмаил Самани кесенесінің үлгісіне қарап Айша бибі кесенесін жасауы мүмкін.



Сурет 3 - Каирдегі Сұлтан Бейбарыс кесенесінің басты кіреберіс бөлімі мен Айша бибі кесенесінің оюы

Бейбарыстың пайда болуы оның заманының сәулет ескерткіштерінде де көрініс тапты. Мысалы, оның соборлық мешітінде (Аз-Захир Бейбарыс) қазақ зерттеушілері Мысырда кездеспейтін Жануарлар бір-бірімен араласып кететін жерлерге тән ою-өрнектері табылды. Әйгілі Айши-бibi кесенесіне Сұлтан Бейбарыс кесенесіндегі бейнеленген эмблема ұқсайды.




Сурет 4. Таж Махал кесенесімен Айша бибі кесенесінің оюы

Таж Махал кесенесінің құрылыс уақыты шамамен 1630-1652 жылдарға жатады. Кешеннің құрылысына империяның түкпір-түкпірінен 22000-нан астам шеберлер, сондай-ақ Орта Азия, Парсыжәне Таяу Шығыс шеберлері шақырылды.



Сурет 5. Таж Махал кесенесінің оюымен Айша бибі кесенесінің оюы




Сурет 6. Таж Махал кесенесінің терезе орнаментімен Айша бибі кесенесінің оюы

Кесене сәулетінде және орналасуында көптеген белгілер жасырылған. Мысалы, Тадж-Махалға келушілер кесенені қоршап тұрған саябақ кешеніне кіретін қақпада «менің жұмағыма кір» деген сөздермен жабылған Құраннан үзінді келтірілген. Сол кездегі моголдардың тілінде «жұмақ» пен «бақ» сөздерінің бірдей жазылғанын оқи отырып, Шах-Джаханның жоспарын түсінуге болады - жұмақты салу және өзінің сүйіктісін ішіне орналастыру болып табылады. Бұндай жазу Айша бибі кесенесінің артқы қабырғасында да көрініс тауып отыр. «Күз, бұлттар, жер әдемі». Бұл аяқталмаған қандай да бір туындының жалғасы болып табылады.

Тадж Махалдың кесенесінің оюларын зерттей отырып, Айша Бибіге ұқсайтын оюларды таптым. Жетінші, сегізінші суретті алсақ- бұл жақта да оюлардың өсімдік тектес болуы қайталанып, және де терезедегі орнаменттердің де бір-біріне дәлме дәл ұқсайды. Демек Тадж Махал кесенесінің шеберлері әлемді аралап, Айша бибі кесенесінің оюларынан шабыт алды деген ойдамын.



Сурет 7. Өзбек дәстүрлі оюлары



Сурет 8. Өзбек оюларымен Айша бибі кесенесінің оюы

Өзбек ою-өрнегінің түрлері өте бай және өте әдемі. Бұл терең мағыналарға негізделген – өткеннің кілті: қоршаған әлемді, күнделікті өмір, тарихи оқиғаларды бейнелейтін символизм. Өзбек оюларында гүл – құнарлылық пен егіншіліктің бейнесі сонымен қатар емдік күш пен денсаулыққа ие деп саналады. Ал енді оныншы суретке үңілсек, дәлме дәл оюлардың айнытпастан ұқсауы. Ұқсастықтың себебі көршілес жатқан ел болғандықтан және де сауда саттық арқылы оюлардың эмблема негізінде таралуы деп ойлаймын.



Сурет 9. Шахи-Зинда кесенесінің орнаменттерімен Айша бибі кесенесінің оюы

Шахи-Зинда кесенесі ансамблі

Өзбекстанның Самарқанд қаласындағы Афрасияб тауының етегінде орналасқан, Орталық Азия сәулет өнерінің жарқын жауһарларының бірі XIV-XV ғасырларда салынған. Бұл жақтан да Айша Бибі кесенесі оюына ұқсайтын элементтерді таптым. Менің ойымша Айша бибі кесенесінен сегіз бұрышты элементті қайталауы мүмкін. Көршілес ел болғаннан кейін сауда саттық арқылы мәдениет ұштатсты деп ойлаймын.

Қорытындылай келсем Айша бибі оюының басқа оюлармен байланысы біріншіден – Ұлы Жібек жолы арқылы сауда- саттықтың сол ғасырларда дамуы. Сол себепті де оюлардың ойылған түп нұсқалары сауда- саттық арқылы жеткен болуы мүмкін. Екіншіден діннің таралуы да біршама себебін тигізуі ғажап емес [4]. Сонымен қатар оюлардың бірегей қайталануы мәдениеттің адам ойымен ұштасуы. Салыстыра келе байқағаным көбінесе сегіз бұрыштың ұқсастығын байқауға болады. Түркі мәдениетінде сегіз қырлы ою мәңгілік қозғалыстың күн белгісі болып саналады. Негізінен Айша бибі Хорезмшах мемлекетінің тумасы, Бейбарыс хан болса - бербендік танымал әулеттен шыққан делінеді. Бұл дегеніміз қандай да туыстық байланыстың болуы. Бұл мақаланы жазуыма да бірнеше себептер түрткі болған етін. Өзімнің туып өскен жерім Айша бибі кесенесінің оюларын зерттей келе, оюлардың әдемілігі мені тәнті етті. Айша бибі оюының әдемілігін көрген бір бөлек, ал ол оюды ойып сезінген бір ғажап сезім, сөзбен айтып жеткізе алмаспын. Жалпы алғанда өздеріңіз көріп отқандай ұқсастық әрине бар. Тіпті кейбір оюлар дәлме дәл қайталанған. Сонымен қатар Айша бибі кесенесі және де оның керемет оюлары да бүгінгі күнге дейін жетіп отыр. Айтпақшы, мұндай оюлар соңғы жылдары қазіргі Тараздың сәулеттік дизайнында өте танымал болды. «Қазақ хандығының 550 жылдығы» монументінде авторлар сегіз қырлы оюды бейнелеген [5]. Бұл дегеніміз тарихымзға жүгіне отырып болашаққа үлкен қадамдар жасай аламыз.

Әдебиет

1. Б. Әбілдаұлы. Талас, Айша Бибі, Қарахан. Алматы Санат. 2002, (166).
2. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” 2005ж
3. Маргулан А., Басенов Т., Мендикулов М. Архитектура Казахстана. – Алма-Ата, 1959. – 171 с.
4. Ислам. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: “Аруна Ltd.” ЖШС, 2010
5. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998

УДК 004.942

РАЗРАБОТКА ПРОГРАММ УПРАВЛЕНИЯ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИМИ ПРОЦЕССАМИ В СИСТЕМЕ ПРОГРАММИРОВАНИЯ И ДОКУМЕНТИРОВАНИЯ GX DEVELOPER FX

Иовбак А., студент 3 курса специальности «Электроэнергетика», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз, tobi.201535@gmail.com

Налибаев Н.Ж., ст. преподаватель кафедры «Электроэнергетика», Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г.Тараз, nurgali20091978@mail.ru

Аннотация: в данной работе рассматривается проблема внедрения и использования системы программирования и документирования GXDeveloperFX лабораторного стенда “Промышленные логические контроллеры”.

Ключевые слова: ПЛК, программа, реле, релейная диаграмма.

ПЛК – программируемый логический контроллер, электрическая машина, предназначенная для автоматизации технологических процессов. В данном стенде используется 3 различных ПЛК, каждый из которых имеет свои преимущества и недостатки, дискретные и аналоговые входы и выходы. Принцип работы данных устройств строится на работе реле. Управление и настройка производится при помощи специальной системы программирования и документирования GXDeveloperFX. Моделирующая программа GX представляет собой средство автономного моделирования, с помощью которого перед вводом в эксплуатацию можно проверить все важные функции программы. С помощью моделирующей программы GX возможно также имитировать все операнды и предварительно выбирать реакции приложения, благодаря чему возможно реалистичное тестирование [1].

Подключение к ПЛК происходит при помощи кабеля RS232.

Внешний вид программы (Рис.1) представляет собой:

1. Полоса заголовка
2. Строка меню
3. Панель инструментов
4. Строка состояния
5. Рабочее окно
6. Навигатор проекта




Рис. 1.

Использование данной программы и ПЛК в совокупности дает возможность избежать проектирования и создания больших и сложных электрических сетей, и проблем с эксплуатацией оной. Для программирования ПЛК используют язык релейных диаграмм [2]. Пример части релейной диаграммы выглядит следующим образом (Рис.2):




Рис. 2.

Еще одним преимуществом программы является режим монитора, который позволяет наблюдать за процессами внутри ПЛК в режиме реального времени и, соответственно, выявлять ошибки кода, и следить за состоянием приборов, подключенных к контроллеру.

Для практического освоения эксплуатации контроллеров был создан лабораторный стенд – “Промышленные логические контроллеры” (Рис.3)




Рис. 3.

Стенд состоит из:

1. Дифференциального автоматического выключателя, реле напряжения
2. Блока питания на 24В
3. ПЛК: FX1N, FX1N(C), FX3U
4. Кнопок, ключей управления
5. Индуктивного и инфракрасного датчиков
6. Сигнальных ламп и звуковой сигнализации.

Данный стенд позволяет проводить огромное количество разнообразных лабораторных работ, на основе имеющихся в нем приборов. Далее рассмотрим пример одной из простых релейных диаграмм. (Рис.4)




Рис. 4.

Где,
X000 - вход контроллера с кнопки SB1;
X001 - вход контроллера с кнопки SB2;
X002 - вход контроллера с кнопки SB3;
Y000 - выход контроллера на лампочку HL1;
T0 - таймер задержки остановки конвейера;
M0 - маркер.

Данная релейная диаграмма представляет собой простейшую программу управления конвейером на производстве. В данной программе эксплуатация будет производиться кнопками Старт (SB1), Экстренный Стоп (SB2) и Отложенный Стоп (SB3). Остановка конвейера будет производиться спустя 5 секунд после нажатия кнопки Отложенный Стоп или моментально, после нажатия кнопки Экстренный стоп.

В заключение можно сказать, что данный стенд позволит студентам освоить азы программирования на языке релейных диаграмм и научиться пользоваться различными приборами для современных электрических схем управления. Внедрение данного лабораторного стенда в систему обучения благоприятно скажется на навыках и востребованности будущих специалистов в области программирования ПЛК.

Литература

1. Пособие для начинающего программиста в среде GXDeveloperFX, первое издание. – 46 с.
2. Руководство по программированию: программируемые контроллеры MELSEC FX1S, FX1N, FX2N, FX2N(C), FX3U. Артикул №154315. – 765 с.

ӨОЖ 543.544.15

АМАНГЕЛДІ КЕНОРНЫНДА ПЛУНЖЕР ЛИФТІН ҚОЛДАНА ОТЫРЫП ГАЗ ЖӘНЕ ГАЗ КОНДЕНСАТ ӨНДІРУДІ АРТТЫРУ

Уалиханова А., Мұнай-газ ісі мамандығының 3 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., ualixanova00@bk.ru
Кабдушев А.А., PhD, доцент м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., arman-kz@mail.ru

Андатпа: Кен орнынның соңғы игеру сатысында газ ұңғымаларын пайдалану кезінде судың жиналуынан болатын зардаптар пайда болады. Нәтижесінде ұңғымалардың жұмыс дебиті төмендейді. Диаметрі 60÷89 мм құбырларынан лифт бағандарымен жабдықталған ұңғымалардан сұйықтықты тиімді көтеру үшін газды айдайтын газ көтергіші және плунжер лифті қолданылады. Үлкен диаметрлі құбырлардан жасалған лифт бағандарымен жабдықталған ұңғымаларда газ айдау және плунжерлік лифт осы уақытқа дейін сыналмаған және қолданылмаған. Мақалада плунжер лифтісін қолдана отырып газ өндіру, үлкен диаметрлі құбырлардан лифт бағандарымен жабдықталған ұңғымалардан өнімді алу жұмыстарына шолу жасалған.

Кілттік сөздер: газ, плунжерлік лифт, сулану, ұңғыма, өнімді жоғарылату

Ұңғыманы пайдалану кезіндегі маңызды мәселелердің бірі игерудің соңғы сатысында тұрған газ ұңғымаларының «өздігінен басу» мәселесі болып табылады, ол Қазақстан үшін барынша өзекті болып отыр. Өйткені бізде мұндай кенорындар көп. Өйткені өндірілетін табиғи газдың 80% - ы сулануға бейім. Ұңғымада сұйықтықтың жиналуы газ ағынының төмен жылдамдығына байланысты. Бұл мәселені шешу үшін суландырумен күресудің ең тиімді әдісін анықтау және оны одан әрі жетілдіру бойынша зерттеулер жүргізілуде[1,2].

Көп жағдайда еліміздің ірі газ кен орындары игерудің соңғы сатысында, нәтижесінде өндірілген өнімдердегі судың көп мөлшері проблемаларлы туындатады. Бұл ұңғымаларды

"өздігінен басып алуға" және газды жинау және дайындау жүйесінің тұрақсыз жұмысына әкеледі (судың жинақталуы газ сұйықтығы қоспасының пайдалану тізбегі мен лифт құбырларында жеткіліксіз ағынынан). Бұл мәселенің алдын алу үшін сұйықтықты кетіру үшін белгілі бір технологияларды қолдану қажет:

Ұңғымаларды технологиялық үрлеу-алау желісі арқылы жүзеге асырылатын ең қарапайым технология. Бұл технологияның негізгі **кемшіліктері**- атмосфераға газдың жоғалуы және қоршаған ортаның ластануы. Судың бір бөлігі лифт бағанасына қайта оралады [3].

Штангалық тереңдік сорғылар - **кемшіліктерге** сақиналы кеңістіктен сұйықтықтың толық жойылуын қамтамасыз ету, газдардың көп болуына байланысты сорғылардың істен шығуы, сондай-ақ ұңғымалар маңында электр қуатының болмауына байланысты қолдану мүмкін еместігі жатады [3].


Лифт бағандарын кіші диаметрлі құбырларға ауыстыру - кіші диаметрлі лифт бағандарының **кемшіліктеріне** болашақта тағы да кіші диаметрлі СКҚ ауыстыру мәселесі туындауы мүмкін, қабат манометрлерді орнату мүмкін еместігі, қабатты зерттегіштер мен иілімді СКҚ тізбегін орната алмау мәселесі жатады [4]. **Жоюдың басқа әдістері бар ұңғымалардағы сұйықтықтар, алайда, мәселені шешудің ең тиімді әдісі-плунжер лифті пайдалану**[1]. Амангелді газдыконденсат кенорны жалпы қарасақ жаңалықтарға жақын кенорын деп айтсақ болады. Өйткені бұл кенорында көптеген әдістер қолданылды.

Жалпы жұмыстың мақсаты - кен орындарын игеру сатысында олардың өнімділігін арттыру үшін үлкен диаметрлі лифт бағандарымен жабдықталған кен орнынан газ ұңғымасынан өнімді алу бойынша іс-шараларға шолу жасау.

Алдымен плунжерлік лифт туралы ақпаратқа тоқталайық. Плунжер лифті американдық инженерлер Флетчер (1924) және Хьюз (1927) ойлап тапқан. СССР 30-шы жылдардан бастап қолданылады.

Плунжерлік лифт -плунжерді қолдана отырып, мерзімді газ көтергіштің бір түрі болып табылатын және сұйықтықты газ ұңғымасынан шығару үшін қолданылатын қысымдағы газ энергиясына байланысты ұңғымадан сұйықтықты көтеруге арналған құрылғы. Плунжер лифті - жер бетіне орнатылатын жабдықтардан, жер асты жабдықтарынан және плунжерден тұрады. Плунжер - негізгі жұмыс элементі. Ұңғыманың газ ағынына және коллекторға сұйықтықтың ағуына байланысты плунжерлер қолданылады. Плунжерді лифт бағанына түсіргенде, оның клапаны ашық, ал қарсылықты азайту үшін тығыздағыш бүктелген болады. Төменгі амортизаторға тигеннен кейін клапан жабылады, тығыздағыш элементтер бір-бірінен алшақтайды және поршень оның үстіндегі сұйықтық бағанымен бірге кіретін газдың қысымымен ұңғыманың аузына көтеріледі. Лубрикаторға кірген кезде плунжер оған орналастырылған жоғарғы амортизаторға соғылады, клапан ашылады, ал плунжер ұңғыма өнімінің шығарылу кезеңі аяқталғанға дейін ұсталады. Сондай-ақ, тесіктері жоқ плунжерлер қолданылады, яғни поршеньдер (кейде шарлар түрінде). Лифт бағанасында газ тығынын ол көтеретін сұйықтық бағанынан бөліп тұратын еркін қозғалатын плунжердің болуы газдың сұйықтыққа өтуіне және оның құбыр қабырғалары арқылы ағуына жол бермейді. Бұл өндіріс процесінің тиімділігін арттырады-жұмыс агентінің (газ, ауа) шығынын азайтады, ал кейбір жағдайларда сұйықтықты көтеру үшін резервуарлық энергия жеткілікті (ұңғыма мезгіл-мезгіл атқылау режимінде жұмыс істейді). Сонымен қатар, плунжер қозғалған кезде құбырлардың қабырғаларынан парафинді шөгінділер алынып тасталады (парафинді майларды қараңыз). Плунжер лифті газ ұңғымаларының түбінен сұйықтықты кетіру үшін де қолданылады.

Плунжер лифтінің жұмыс принципі келесідей. Газ ұңғыманың ішіне үздіксіз енеді, ал сұйықтық шарға арналған құбырлық шектегіштің үстіне жиналады. Шар сорап компрессор құбырларының бойымен төмен қарай түсіп, құбырлық шектегішке келіп отырады. Шар сұйықтық астында қалады. Төлке осы құбырлық шектеуішке жетіп, шардың үстіне отырады. Осы сәттен бастап плунжердің жоғары қозғалуы басталады. Жоғары көтерілу барысында шар төлкенің астыңғы бөлігін жауып тұрады. Плунжер үстіндегі сұйықтық плунжерді астынан ығыстырып тұратын газдың күшімен жүзеге асырылады. Сұйықтық бағанасы перфорацияланған құбырға жетіп сұйықтық сепараторға тасталынады. Жоғарғы амортизатор арқылы шар төлкеден бөлініп, төмен қарай түседі. Артынша төлкеде қайтадан төмен қозғалады.



Сурет 1. Плунжер лифтінің жұмыс принципі[5].

Плунжерлік көтеру сорғы - компрессорлық колоннаның қабырғаларында парафин, тұз немесе тұнба шөгінділері өндіріске кедергі келтіретін ұңғымаларда да қолданылады. Плунжердің сорғы-компрессорлық колоннадағы жұмысы бұл шөгінділерді өндіруге кедергі келтіретін деңгейге дейін жинамас бұрын алып тастауға көмектеседі.

Плунжерлік лифті қолдану бойынша кенорында жүргізілген эксперименттер негізінде төмендегі кестелерде көрсетілген салыстырмалы талдау жұмыстары анықталды (1-3 кестелер) [6-8].

Кесте 1. Плунжерсіз жұмыс істеп тұрған ұңғыманың шығымы [6-8].

Ұңғ.№	Процестің ұзақтығы, сағ	Сипаттама	Газдың дебиті, мың.м3/ сут
109	08.00 - 10.00 (2 сағ.)	Ұшқынға, газды атмосфераға үрлеу	0
	10.00 - 20.00 (10 сағ.)	Үрленгеннен кейін өлшенгендегі максималды шығым	33,2
	20.00 - 08.00 (12 сағ.)	Үрленгеннен кейін өлшенген минималды шығым	11,4
	Жалпы, орташа тәуліктік шығым:		21,3

Кесте 2. Плунжерді пайдаланып, ұңғыманы пайдалану кезіндегі шығын жылдамдығы[6-8].

Ұңғ.№	Процестің ұзақтығы, сағат	Сипаттама	Газдың дебиті, мың.м3/ тәул
109	08.00 - 08.00 (24 сағ.)	24 сағат ішінде поршеньдік жұмыс (16 цикл)	33,2

Кесте 3. Плунжерсіз және плунжерді қолданумен ұңғыманы пайдаланудың салыстырмалы және экономикалық тиімділігі [6-8].

Ұңғыма №	Үрлеу / Плунжер	Орташа тәул. газ өндірісі, м³	Тәул. газ шығ.м³	Газ құны, тг. / мың.м3
109	Плунжерсіз ұңғыма	21,300	11,900	36082,5
	Плунжер қолданылған ұңғыма	33,200	0,000	36082,5

Кесте 3. Плунжерсіз және плунжерді қолданумен ұңғыманы пайдаланудың салыстырмалы және экономикалық тиімділігі (Жалғасы) [6-8].

Тәулігіне өндірілген газдың құны, тг	Жылына өндірілген газдың өзіндік құны, тг	Эконом. нәтиже, тг. /тәул.	Эконо. нәтиже, тг. /жылына
769190,93	280754687,6	429381,75	156724338,8
1198926,7	437247735		

Плунжерлік жүйелердің артықшылығы- ұңғыманың энергиясы пайдаланылады, жабдықты орнату ұңғыманы өшірмей жүзеге асырылады және 30 минуттан аспайды, атмосфераға газ шығару мен ұңғымаларды тазарту саны азаяды, жабдықтың төмен құны [1]. Алайда, плунжер тез жарамсыз болып қалады және көбінесе СКҚ бағандарына жабысып қалады. Талдау нәтижесінде газ ұңғымаларын пайдаланудың ең тиімді әдісі үшін ұңғыманың іске қосылуын тіркеу, плунжер циклдарының жиілігін азайту және газ ұңғымасындағы жұмыс циклін оңтайландыру мақсатында ұңғыманы "ақылды" сезгектермен жабдықтау қажет

Әдебиет

1. Воропаев А. А. Применение плунжерного лифта как наиболее эффективного метода борьбы с самозадавливанием газовых скважин // Наука и образование сегодня. 2018. №10 (33). URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/primenenie-plunzhernogo-lifta-kak-naibolee-effektivnogo-metoda-borby-s-samozadavlivanem-gazovyh-skvazhin> (дата обращения: 10.05.2021).
2. Колмаков А.В., Кротов П.С., Кононов А.В. Технологии разработки сеноманских залежей низконапорного газа / Санкт–Петербург: Недра, 2012. 176 с.
3. Корякин А.Ю. Комплексные решения задач разработки и эксплуатации скважин Уренгойского добывающего комплекса. М., 2016. 272 с.
4. Ли Джеймс, Никенс Генро, Уэллс Майкл. Эксплуатация обводняющихся газовых скважин. Технологические решения по удалению жидкости из скважин / Перевод с английского. М.: ООО «Премииум Инжиниринг», 2008. 384 с.
5. https://commons.wikimedia.org/wiki/File:Principle_of_plunger_lift.jpg
6. Отчет по подсчету запасов газа, конденсата и попутных компонентов месторождения Амангельды (Жамбылская область Республики Казахстан) по состоянию на 01.01.2006 г.». Герштанский О.С., Чагай В.Г., Сарбуфина З.И., Пуписова Л.В. и др. АО «НИПИнефтегаз», Актау, 2007.
7. Проект промышленной разработки месторождения Амангельды. Отчет по договору № 07-ДМ-28. Герштанский О.С., Апакаев Ж.А., Чагай В.Г., Пуписова Л.В. и др. АО «НИПИнефтегаз», Актау, 2007.
8. Авторский надзор за реализацией проекта промышленной разработки месторождения Амангельды по состоянию на 01.01.2011 г. Отчет по договору № 10-ДЗ-144. Герштанский О.С., Чагай В.Г., Пуписова Л.В. и др. АО «НИПИнефтегаз», Актау, 2011.

ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
СОЦИАЛЬНО-ГУМАНИТАРНЫЕ И ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ НАУКИ
SOCIAL AND HUMANITARIAN AND PEDAGOGICAL SCIENCES

ӘОЖ 94/574

СҰЛТАН БЕЙБАРЫСТЫҢ ӨМІРІ ЖӘНЕ ТАРИХИ ДЕРЕКТЕР

Адилов М., Тарих мамандығының 1 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ, magzhanbaktybekuly@gmail.com
Мырзаханова Н.Р., аға оқытушы, тарих магистрі М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ, m.nazgul0374@mail.ru.

Аңдатпа: Бұл мақалада Сұлтан Бейбарыстың өмірі және ол туралы жазылған деректер қарастырылған.

Кілттік сөздер: Сұлтан, мамлук, қыпшақ, тайпа, Мысыр,

Кез-келген халық өзінің ұлттық тарихын тереңінен зерттеп-зерделеуге ұмтылыс жасайды. Патшалық, кейін Кеңестік дәуір тарихшылары түркі халқының бай тарихи мұраларын зерттеуде сыңаржақты пікір қалыптастырды.

Мемлекетіміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін бұрмаланып тарих бетінде ақтандаққа ұрынған жәйттерді қайта қолға алды. Егеменді ел атанғаннан бері тарихымызды түгендеп, кешегі өткен ата-бабалар тарихын олардың есімдерін халық жадына қайта әкелудеміз.

Әсіресе, орта ғасырлық Қазақстан тарихындағы бүгінде бізге жетпеген, тарихтың беймәлім беттері ғасырлар қойнауында зерттеуді күтіп жатыр. Осынау қатпарлардан қазақ деген халықтың тарих саханасына келуіне өте көп ықпал еткен қыпшақтар тарихы үлесі өте зор. Осы дәуірде қазақ даласында қыпшақтар арасынан дүние жүзіне мәлім көптеген ғұламалар, даңқты қолбасшылар дүниеге келді. Осындай тұлғасы биік дарабоздар арасынан Дешті Қыпшақта дүниеге келіп, Мысырда ел басқарып, аты аңызға айналған Сұлтан Бейбарысты ерекше атауға болады.

Бейбарыс Жамақұлы өміріне тоқталсақ ол түркі әулеті Бахриден шыққан мамлюктердің Египетті билеген төртінші сұлтаны. Оны тарихи шығармаларда Бейбарыс, Бибарыс деп атаған. Оның шыққан тегі-қыпшақ. Бірақ оның қай жердің қыпшағы екені туралы әр түрлі деректер айтылады. Бірі Хорезм, Дербент қыпшақтарынан десе енді біреулері маңғыстаулық дегенді айтады [1].

Соңғы деректерге сүйенсек Бейбарыстың қыпшақ тайпасының Беріш руынан шыққан атақты әулеттің ұрпағы екені анықтауға мүмкіндік берді. Бейбарыс өмір бойы қыпшақ тілінде сөйлеген.

Әлем тарихының аясынан алып қарасақ, көне түрік халқы мен оның өзінің құрған мемлекеттің тарихы: мамлюктер кімдер, сосын тіпті де өз жұрағаттары болып табылмайтын Мысыр еліне қайдан тап болды? – деген сауалдар туындайды. Осынау мәселені тек саяси тарихты немесе әлеуметтік қарым-қатынасты талдау арқылы шешу жолында талай-талай талпыныстар жасалса да одан ешбір нәтиже шықпады.

Ал, жалпы мамлюк тарихын зерттеу ХҮІІ-ХҮІІІ ғасырларда Батыс Европа мен Ресейде басталған. Мысыр Мамлюк мемлекетінің тарихын зерттеуде бірқатар зерттеулердің өзіндік тарихнамасы мен деректік негізі қалыптасқанына қарамастан, бүгінгі күнге дейін бұл мәселе бойынша арнайы толық зерттеу жоқтың қасы. Мысыр Мамлюк мемлекетінің тарихына арналған зерттеулер Батыс Европада ХҮІІ ғасырдың аяғы мен ХҮІІІ ғасырдың басынан бастауын алады және алғашқы зерттеушілердің назары Мысыр Мамлюк мемлекетінің саяси тарихы, сыртқы саясаты, батыс христиан елдермен қарым-қатынастары мен мемлекеттік құрылымы сияқты салаларын ашуға бағыттаған зерттеулердің арасында Г.Уейль, Дж.Саувагет, С.Лэн-Пуль, М.Уильямның еңбектері бар. Қазақстанда мамлюктерге қатысты зерттеулер алғаш рет

С.Ақынжановтың Ортағасарлық Қазақстан тарихындағы қыпшақтар атты орны бөлек ғылыми монографиясында аталып өтеді [2]. Мысыр мен Шам (қазіргі Сирия, Иордания, Лива, Израиль және Палестина) жерлерін қамтыған ораса зор мемлекет құрып, 132 жыл билеп-төстеген қыпшақтар Бейбарыс пен Қалауынның және олардың ұрпақтарының мәдениет пен ғылым, экономика мен құрылыс салаларындағы жетістіктері мен қалдырған іздері ұлан-ғайыр. Шын мәнінде, қыпшақтар мәмлүк тарихының алтын беттерін жазған. Бұдан кейінгі жылдарда белгілі ғалым Б. Көмековтың еңбегін, мақалаларын атап айтсақ болады [3].

Әсіресе, бұл тақырып төңірегінде еліміз егемендік алғаннан кейінгі жылдарда кең ауқымды зерттеле бастады, атап айтар болсақ Қайрат Сәкидың "Сұлтан Байбарыс" атты еңбегі Мәмлүктер тарихын зерттеуге тың серпіліс әкелді [4]. Оның ізінше 2002 жылы қорғалған Батыршаұлы Бақыттының "Мысыр Мәмлүк мемлекетінің Дешті Қыпшақпен XIII-XV ғғ. байланыстары(араб деректері бойынша)" атты кандидаттық диссертациясының орны ерекше болмақ [5].

Ал, оның тұтқынға түсуіне байланысты да тарихшылар арасында сан алуан пікірлер баршылық. Оның себебі сол заманғы деректердегі баяндалатын оқиғалар желісіне байланысты болып отыр. Кейбір тарихшылар Бейбарыс Хама қаласында сатылды десе кейбіреулері Дамаскінің құл базарында деп көрсетеді. Алайда, әмір Айтегін Хама қаласының абақтысында жатады, сондықтан Бейбарыстың екінші рет сатылуы да осы қалада болса керек. Бір өкініштісі Бейбарыстың аузынан жазылған әңгімеде жалпы алғанда тарихи шығармаларда олардың өздерінің бұл жағдайда Бейбарыстың әке-шешесі туған туыстары немесе шыққан тегі туралы ешбір мәлімдемелер кездеспейді. Ал, керісінше бұндай мәліметтерді "Бейбарыс сирасындағы" оқиғалар желісі де растай түседі

Тарихшы Ибн Тәңірберді Бейбарыстың туған жылы шамамен 1223 жыл десе Ибн Ийас 1221жыл, оның қол астында қызмет еткен тарихшы Ибн Шаддад Бейбарыс Сұлтанның емшектес досы, бауыры десе болады, Әмір Байсарының аузынан жазып алған дерек бойынша 1225 жылы дүниеге келген. Жиырмасыншы ғасырдың соңғы жылы 2000 жыл Байбарыс бабамыздың туғанына 775 жыл толды. Сонымен көріп отырғанымыздай Байбарысты құлдыққа сатқан монғолдар емес бұлғарлар болып шығады

Тарихшылар Бейбарыстың ержүректілігі және батырлығы жөніндегі сөздері бір жерден шығып отырады. Біздің пайымдауымызша, Бейбарыс заманына сай қатал болған кездері болған, алайда көзсіз қатыгездік пен зұлымдыққа жол бермеген. Әділетті сұлтан қарапайым халыққа, оның ішіндегі кедей-кепшіктерге әрдайым көңіл бөліп көмектесіп отырған. Оған Бейбарыстың «Барлық кедейлерге жететін азық-түлігім болса үлестіріп берер едім» – деген сөзі куә бола алады. Бейбарыс жыл сайын кедей-кепшік бейшаралар мен сопыларға 10 мың ардебб (1 ардебб – 197,75 литерге тең) бидай садақа беретін болған. Көптігіне қарамастан қаза тапқандардың бала-шағасына көмек көрсететін. Каир мен Мысырда иесіз өліктерді кезіндеуіне арнап арнайы уақып ашып, оның түсімін соған бағыштайтын болған. Бейбарыс ораза кезінде күніне бес мың адамға ауыз ашар беретін болған. Жыл ішінде үлестіретін кіміне қосымша нашарларға 600 киім беретін. Күн сайын жалпы көлемі бір жарым мың қаңтар үлестіретін. «Жетім көрсең жебей жүр» – деген Бейбарыс, медресенің жанынан жетім балаларға арналған құран оқыту мектебін ашады. 20 ғ. қалыптасқан жетім балаларға деген мейірімді, адамгершілік көзқарасқа Бейбарыс ортағасырлар қойнауында көтеріле білгендігі әрине өте қызық ерекше факт.

Бейбарыстың нағыз көшпенділерге тән қасиеттерді бойында сақтағандығы оның дүниеге қызығушылығынан да намысшыл ер көкірек екендігін келісі бір оқиға көрсетеді. Шамда орналасқан Химыс қамалының найбы Сұлтан Бейбарыстан қажылыққа баруға сұранады. Жазбаша өтінішімен бірге өзінің меншігіндегі барлық байлығын сұлтанға беретіндігі жөнінде кәулігін қоса жолдайды. Найыптың бұл қадамы ұнамаған сұлтан оған қажылыққа баруға рұқсат бермейді. Найып келесі қажылыққа жетпей дүние салады. Орнына басқа найып тағайындалып одан қалған байлыққа саусағында тигізбейді. Бейбарыс өзінің әміршілерінің хал жағдайын қадағалап отыратын. Ол үшін майда-шүйде істер болмаған, бәріне мұқият қараған. Қоластындағы әмірлер қарапайым халыққа сол кездегі түсінік бойынша қоғамдағы ең төменгі топ саналған христиандар мен жебейлерге де тізе батыра алмайтын. Сұлтан оларға қатысты істерді қарағанда әділеттілік тұрғыдан шешім қабылдайтын деп жазады тарихшы. Сондықтан Бейбарыстың әділеттілігі халық арасында аңыз болып таралады.

Жалпы алғанда Бейбарыс ұлы адамдарға тән қасиетпен өзінің жауларын досқа айналдыра білген. Кезінде өзіне ашық қарсы шыққан әмірлерге кішіпейілділікпен қарап “жамандыққа жақсылық ер кісінің ісі – дұр” демекші оларға кешірім жасап өзінің басқалардан кісі бойы артық екендігін көрсетіп отырған.

Жалпы, сұлтан Байбарыс басқа сұлтандарға қарағанда аң аулау, спорт ойындарына ерекше құмар адам болған. Аптасына екі рет әмірлерімен поло ойнайтын. Қолы қалт еткенде аңға шығатын қанына сіңген әдет еді. Кіресілер қамалдарын алу үшін шайқасып жүрген кездерінің өзінде аңға шығуды ұмытпайтын. Бейбарыс сұлтан сонымен қатар құспен аң аулауға өте әуес болған. Сұлтанның қаршыға, бүркіттерінің баптап ұстайтын мемлекет есебінен лайық алып тұратын баздор- құсбегілері болған. Әрине, тазысыз қандай аңшылық сұлтан итпен де аң-құс аулауға шығатын. Тарихшылар Бейбарыс құстары мен иттерді түрлеріне қарай бөліп ұстаған, ит-құстарға арналған арнайы асханасы, арнайы тамақ дайындасын деп көрсетеді. Сұлтан аң құмарлығының арқасында саяхатта жүріп аттан құлаған фактілері кездеседі. Тарихшы Абдузахир- «сұлтан 1261ж. Рабиға ал-ахар айының соңында аңға шыққан кезінде аттан құлап, бет терісін жыртып алды. Шыдамдылық көрсетіп Юбна деген елді мекенге жеткенше жүре береді» – дейді.

Осындай қыпшақ батыры, жауынгер азаматы жайлы кезінде жат елге құл болып сатылып барса да, тектілігін танытып, қажымас қайраттың, мұқалмас жігердің үлгісін көрсетіп, билік басына көтерілген мамлук қыпшақтардың рухы тек арада жеті ғасыр өткенде ғана барып, Бейбарыс есімі арқылы ата мекеніне оралды. Қазір өзінің кіндік қаны тамған жерінде – Жайық өзенінің жағасындағы Атырау қаласында Бейбарыстың ескерткішке айналған алып тұлғасы тәуелсіз елдің таңын жерлестерімен бірге қарсы алып, өшпес айғағындай болып асқақ тұр. 1277 жылы Бейбарысты уәзірі қыпшақ Қалауын у беріп өлтірді. Сұлтан Байбарыс 1277 жылы шілденің 1-інде Димашқ қаласында қайтыс болып, аз-Заһариа кітапханасына күмбезінің астына жерленді. Оның сүйегі Дамаскідегі Баб-өл-Барид зиратына қойылды. Осылайша Бейбарыс сұлтан мамлуктер мемлекетін ірі державаға айналдырып, Мысыр мен Сирияны "крестілер жорығы", моңғол шапқыншылығынан қорғап қалды, бүкіл мұсылман елдеріне қорған болды. 17 жыл Мысырда билік құрды.

Әдебиет

1. Оразалы Сәбден Абай Және қазақ елінің болашағы. Алматы 2016ж.
2. Ахинжанов С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана. – А., 1999 г.
3. Кумекон Б.Е. Араские иперсидские источники по истории кыпчаков VIII-XIV вв. Научно-аналитический обзор АН КазССР, Наука, Алма-Ата, 1987ж.
4. Қайрат Саки «Сұлтан Бейбарс» Алматы, 2001ж.
5. Батыршаұлы Бақытты. Мысыр Мамлук мемлекетінің Дешті Қыпшақпен XIII-XV ғғ. байланыстары (араб деректері бойынша) кандидаттық диссертация Алматы, 2002ж.

ӘОЖ 316.326(5)

ПАНДЕМИЯҒА БЕЙІМДЕЛУ: КАРАНТИННЕН КЕЙІНГІ ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Махмұт М., ақпараттық жүйелер және технологияларма мандығының
2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
mukhtarisaeve@mail.ru

Аккулиева А.Е., философия магистрі, аға оқытушы., М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., akkulieva_asiya@mail.ru

Андатпа: бұл мақалада Қазақстан Республикасы аумағында пандемияға бейімделу: карантиннен кейінгі қоғам өміріндегі өзгерістер мен проблемалар талдалып, қазіргі жағдайдан шығудың оңтайлы шешімдері туралы айтылған.

Кілттік сөздер: пандемия, қоғам, Zoom, инфекция, COVID-19.

Елімізде самоизоляция, карантин режимін осындай ұзақ мерзімге енгізу, менің ойымызша, бұл біздің соматикалық денсаулығымыз үшін маңызды артықшылықтардан басқа, психикалық және психологиялық денсаулықтың бұзылуының ұзақ мерзімді әсерлерін, сондай-ақ бүкіл қоғам үшін болжанбайтын әлеуметтік әсерлерді тудыруы мүмкін. Қазіргі уақытта бүкіл әлем ғалымдары осы проблемаларды талдап, қазіргі жағдайдан шығудың оңтайлы шешімдерін қарастырып жатыр.

Әлеуметтік қоғамдастықта болып жатқан жағдай "қорқыныш пандемиясы" деп аталды. Бірнеше айдың ішінде миллиондаған адамдар өмірдің мағынасын жоғалтудың ішкі қорқынышын түсініп немесе кем дегенде сезінді. Барлығы дерлік өзінің қандай екендігі, отбасындағы, жұмыстағы, қоғамдағы рөлі және коронавирус дәстүрлі өмір салтын түбегейлі өзгертсе, "қайда бару керек" деген сұрақ қойды. Қоғамдық сана адамдар арасындағы нақты қатынастардың құндылығын, мемлекет пен жеке әлеуметтік институттардың адам өміріндегі рөлін қайта қарастырды.

"Қоғам дегеніміз не? Барды жоққа бағындыратын нәрсе. Қоғам - өзара байланысты жиынтық арасында галлюцинациялар. Галлюцинация деген не? Бұл адам бойындағы адам, ол жоқ, бірақ ол берілген. Адам денесі дегеніміз не? Бұл адамға тән емес. Біз өз денемізді сезінеміз, өзімізді емес. Қоғамда бар нәрсе берілгенге сәйкес келуі керек. Табиғатта таңқаларлық нысандар жоқ, бірақ олар кез-келген қоғамда бар. Вирус тірі жасушада бар. Қоғамда вирустар сияқты біртүрлі заттар бар. Адам емес қоғамда елестер болмайды. Пандемия нені көрсетті? Біздің әлеуметтік институттарымыз мекемелер емес, консенсуалды галлюцинациялар. Біздің құндылықтар құндылықтар емес, әруақтар, әлеуметтік қажетті иллюзиялар. Адамдар өзгереді, бірақ институттар қалады деген ой қауіпті алдау. Адам өзгермейді, галлюцинациялар, яғни институттар өзгереді" [1, 12 б.].

Самоизоляцияда кезінде адамдар цифрландырудың гуманитарлық рөліне – оның жұмыста, оқуда, демалыста ашатын мүмкіндіктеріне және егер бұл бақылаусыз орын алса, оның қауіп-қатерлеріне жаңа көзқараспен қарады. Пандемия адамдарды жай ғана «әрекет етуге дайын» және «күтуге дайын» деп емес, цифрландыруға қатысты арнайы психотиптерге – технооптимистер технопессимистерге бөлді.

"Пандемияның екі айында " біз екі жыл жаһандық цифрлық трансформациядан өттік", - деді Microsoft бас директоры Сатя Наделла мамыр айының басында инвесторлар мен сарапшылармен бейнеконференцияда. Мысалы, бір күнде Teams онлайн-жиналыстары үшін компанияның сервисін, оның айтуынша, бір уақытта 200 млн адам пайдаланған" [1, 436.].

Біз тіпті қазір дағдарыстың қандай болатынын, оның бірнеше жыл көкжиекте қандай салдарға әкелетінін білмейміз. Қазіргі өмірдің парадигмасы түбегейлі өзгеруі мүмкін екені анық.

Пандемия Интернеттің жалпыға қол жетімді болуы керек екенін түсінуге мәжбүр етеді. Бізге балалар жаңа білімді жалғастыра алатындай және адамдар қай жерде болса да сөйлесе алатындай жаңа шешімдер қажет. Біз коммуникациялық платформаларға инвестициялардың артуын көреміз.

Осы локдаунда біз технологияның дамуы арқасында бүкіл әлемдегі адамдар физикалық тұрғыдан ұзақ уақыт, бірнеше апта бойы оқшауланғанын көрдік. Мұны 10 жыл бұрын елестету мүмкін емес еді. Адамдар осы уақыт ішінде желіде өмір сүрді, енді бұрынғы өмір форматы толығымен оралмайды деп болжауға болады. Интернеттегі өміршеңдігін дәлелдеген нәрсе енді онлайн режимінде жақсы жұмыс істейді. Диджиталға барғанның бәрі сонда өтеді.

Іссапарлардың орнына Zoom-да жиналыстар, супермаркеттер мен мейрамханалардың орнына тамақ жеткізу, бөлімшелердің орнына смартфондағы банк. Тіпті достарымен кештер мен әріптестерімен бірге корпоративті кештер – бейне байланыс арқылы. Бұл жай ғана емес – теория бойынша, бұл шындық, бұл қажеттілік. Тіпті біздің қаржы саламызда да бөлімшелер балласт болып шыққанын көрдік және банктер шұғыл түрде цифрлық арналарды енгізуді жеделдетуге мәжбүр болды.

"Пандемия өтіп, үйде контентті тұтыну әдеті қалады. Бұл мұражайларға, концерт залдарына, кинотеатрларға, фитнес-клубтарға келушілердің санына әсер етеді. Адамдарға, мысалы, интернеттегі суретшінің көрмесін көру ыңғайлы болады: кіруге кезек жоқ, залдардағы адамдар, инфекция қаупі және жеке экскурсия. Техникалық тұрғыдан мұның бәрі бұрын мүмкін болды, бірақ тұтыну үлгісін өзгерту үшін серпін қажет болды және ол орын алды – деді Олег Гоцанский Ресей мен ТМД-дағы KPMG басқарма төрағасы және басқарушы серіктесі" [2, 1056.].

Медицинада үлкен ашулар болады және денсаулық сақтау инфрақұрылымына қатысты барлық нәрсеге қатысты: адамдар денсаулығына мұқият болады, медициналық қызметтер мен әзірлемелерге сұраныс пен инвестиция өседі. Білім берудегі ерекше жағдай: бір жағынан, желіде сабақ беру объективті тенденция болып табылады, бірақ жастардың тәрбиесі мен

қалыптасуы әлі де жеке қарым-қатынасты, жеке ықпал етуді, тәлімгерлікті қажет етеді, оны әрқашан сандық форматпен алмастыруға болмайды.

Ағымдағы жағдай бізге еңбекті ұйымдастырудың жаңа модельдерін де әкелетініне сенімдімін. Біздің көз алдымызда дамыған IT инфрақұрылымы бар операциялық модель, қашықтағы қызметкерлердің маңызды үлесі және кеңсе кеңістігі аз. Бұл біздің консалтингтік бизнесімізді де күтеді. Біз 1 жылдан бері қашықтан жұмыс істеп келеміз, және тұтастай алғанда, біз үшін және біздің клиенттеріміз үшін процестердің үздіксіздігі тұрғысынан ештеңе өзгерген жоқ (дегенмен, әрине, жеке қарым-қатынас жеткіліксіз).

Дүние түбегейлі өзгеруде және бизнес тұрғысынан да, адам тұрғысынан да ешқайсымызды бұрынғыдай қалдырмайды. Кез-келген үлкен дағдарыс адамның мінез-құлқының өзгеруіне әкеледі. Мысалы, АҚШ та болған 2001 жылғы 11 қыркүйектегі террористік актіден кейін көлік қауіпсіздігіне қатысты жаңа талаптар пайда болды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін біз әйелдердің жаппай босатылуымен бетпе-бет келдік, ал жаһандық жұмыс күшінің құрылымы күрт өзгерді. Бұл дағдарыстың бір ғана тенденциясы бар - бәрінің контактсыздығы. Біз сандық жүйеге көшеміз, бұл жаңа үлкен тәуекелдерді тудырады, өйткені цифрландыру қарқынының өсуі осы саладағы қауіпсіздікті күшейтуден озып кетті. Сондықтан коронавирустың артынан цифрлық вирустар келеді.

Бүгінгі күні кейбір адамдар эпидемиядан кейін барлығы өз орындарына оралады дейді, басқалары - әлем енді бұрынғыдай болмайды: адамдар және олардың өмір салты өзгереді деуде. Қалай болғанда да, жақын болашақта біз «ремиссия» кезеңін байқаймыз. Негізгі ең айқын өзгеріс экономикалық сипатта болады - қоғам кедей өмір салтына оралады, жаңа экономика қалыптасады – ол цифрлық, неғұрлым тұрақты және үнемді. Жаңа экономика өмірді қайта ойластыра отырып, өзгерістерге бейімделу критерийі бойынша поляризацияланған жаңа қоғам құра бастайды. Қоғам жаңа мүмкіндіктерді көріп, бұрынғы өміріне оралмайтындарға және бірнеше айдан кейін ескі өмірін жалғастыратындарға, бұрынғы принциптер мен көзқарастарды ұстанатындар болып екі топқа бөлінеді.

Экономикалық қиындықтардың ауқымы достарынан қарыз алуға мүмкіндік бермейді, банктерден несие алу мүмкін болмады, жұмыс немесе толық емес жұмыс күні табу одан да қиын. Ең көп зардап шеккендер пандемияның басында жинақтары жоқ қазақстандықтар болды, ал көбісі дағдарысқа үлкен қарыз ауыртпалығымен келгендердің жағдайы.

Соның нәтижесінде, үнемдеудің жеткіліксіздігі немесе олардың жеткіліксіз көлемі, сыртқы жағдайлармен бірге (жұмыс жоғалту немесе басқа да кіріс көздері) пандемия кезінде әрбір үшінші қазақстандық елеулі қаржылық қиындықтарға тап болды. Екі есеге жуық адамдар пандемияға дейін ақшаны үнемдегендер қаржылық қиындықтарға тап болды.

“Әлемдегі тұрақты жұмыссыздық жаңа шындыққа айналып отырғандықтан, ең төменгі кепілдендірілген табыс түрінде, мүмкін, халықты барынша әлеуметтік қолдауға бағытталған мемлекет моделіне деген сұраныс айқын – деді Алексей Репик "Р-фарм" компаниялар тобы директорлар кеңесінің төрағасы, "Деловая Россия" жалпыресейлік қоғамдық ұйымының төрағасы” [2, 258б].

Пандемияға байланысты өзгерістер, әлеуметтік салаға үлкен әсер етті: «тірі» әлеуметтік байланыстар азайды, «әлеуметтік арақашықтық» өсті және әлеуметтік өзара әрекеттесу модельдері түзетілді. Пандемия адамдарды өз денсаулығы, отбасы және айналасындағы адамдар туралы көбірек ойлауға мәжбүр етті. Ұзақ уақыт бойы адамдар өзін-өзі самоизоляция режимінде болды. Қазір жағдай тұрақталды, тәулігіне жаңа жағдайлардың саны азаяды, аурудан жазылған адамдар саны артып келеді, көптеген мемлекеттер, соның ішінде Қазақстан да шектеулерді азайтып жатыр.

Адамзат қоғамы үшін тамырына сіңген екі әдеттің маңызы зор: тәртіп пен тілалғыштық. Бұл екі түрлі нәрсе. Мұнда біздің халық, меніңше, тілалғыш және тәртіпті емес. Германияда олар мойынсұнғыш және тәртіпті. Мысалы, Грецияда тілазар және тәртіпті емес. Бұл белгілі бір елдерге тән әр түрлі қасиеттер, ал эпидемиядан кейін бұл қасиеттердің қоғамдардағы ауырлығы өзгереді.

Осы эпидемияға қарсы тұру тұрғысынан қайсысы жақсы? Германиядағы сияқты, Грециядағыдай немесе Қазақстандағы сияқты ма?— деген сұрақ пайда болады.

Әрине, Германиядағы сияқты жақсы. Бірақ, көрдіңіз бе, кез-келген қасиеттер адамзат қоғамында кездейсоқ емес. Бір нәрсеге қол жеткізе отырып, әр қоғам бір уақытта бір нәрсені

жоғалтады. Мен келтірген қасиеттер оқытылып жатқанымен, олар әлдеқашан дамыған. Мұның бәрі оларды түбегейлі өзгертуге болатындығын білдірмейді. Бұл қандай да бір профиль, немесе бір нәрсе - ағылшын тілінде (және орыс ғылыми мақалаларында көбірек қолданылады) pattern, белгілі бір мінез-құлық үлгісі деп аталады.

Яғни, мемлекет самоизоляцияны жариялаған уақытта, барлығы барбекюге барды. Екінші жағынан, айыппұлдар енгізілді - бірақ адамдар наразылық білдірмеді. Бұл мойынсұнушылық және тәртіпсіздік. Билік бізге бірдеңе айтады, бірақ біз оны елемейміз. Бірақ, екінші жағынан, біз араласқымыз келмейді, өйткені біздің уақытымыз қымбат. Бұл мінез-құлықтың өзіндік үлгісі.

Осындай шаблонға ие бола отырып, біз, біздің елдің тұрғындары, бір нәрсе аламыз, бірақ басқа елдермен салыстырғанда кейбір жағынан ұтылуымыз мүмкін. Екінші жағынан, «Ordnung muss sein» позициясы («тәртіпті сақтау керек» неміс тілінен аударғанда) - бір қарағанда идеалды, бірақ іс жүзінде ол мүлдем идеалды емес, өйткені ол қоғамды қажеттіліктен айырады шеберлік, салақтық, яғни өзінің артықшылықтарына ие болатын нәрседен айырады.

Бұл коронавирустық індет көбінесе шамамен жүз жыл бұрын болған испан тұмауының пандемиясымен салыстырылады. Бұл салыстыру дұрыс па? Бұл пандемия әлем мен медицинаны қалай өзгертті? – деген сұрақ туындауы мүмкін.

Менің ойымша, бәрін бәрімен салыстыруға болады, бірақ жүз жыл бұрын болған пандемия әлдеқайда жойқын болды. Өлгендердің саны мүлдем басқа, соның ішінде оларды COVID-19 болжамдарымен салыстырған кезде. Коронавирустан көптеген құрбандар болмайды. Неліктен бұл орын алады, мен нақты айта алмаймын. Менің ойымша, адамдардың дұрыс тамақтанбауы, бірінші дүниежүзілік соғыс испан тұмауының өлім-жітімінде маңызды рөл атқарды. Адамдар өте белсенді қозғалып, күйзеліске ұшырады. Бұл факторлардың барлығы байланыстар санының артуына және иммунитеттің төмендеуіне ықпал еткені анық.

Жаңа шындыққа бейімделу процесінде ең үлкен қателіктердің бірі-сақтықты жоғалту. Көптеген адамдар: карантин өткеннен кейін, бұл вирус жоқ және басқа ештеңеге қауіп төндірмейді дегенді білдіреді. Қауіп әлі де сақталуда, сондықтан біз өзімізді оқшаулаудан әдеттегі өмір салтына біртіндеп көшу кезеңінде қауіпсіздік пен жеке гигиена ережелерін сақтауымыз керек. Ең бастысы, біз қоршаған ортада сақтық шаралары мен гигиена ережелерін сақтамайтындардың барлығын ескертуіміз керек. Бірақ кінәләмей, атап айтқанда ескертіп хабарлауымыз қажет.

Біз дәстүрлі өрістер мен ақпараттық технологиялар қиылысында жаңа бизнесті дамыта отырып, жаңа қоғам құру кезеңіндеміз. Менің ойымша бұл керемет уақыт, өзгеріс уақыты. Пандемия бізге қорықпай, тәжірибе жасауға мүмкіндік берді. Бұл өмір, ол өзгеріп отырады, және сіз жаңа жағдайларды барынша тиімді пайдалана отырып, соған бейімделуіңіз қажет!

Әдебиет

1. Новая нормальность. Образ жизни, рынки, инфраструктура и коммуникации после пандемии / Аналитический центр НАФИ, авторы: Т.А. Аймалетдинов, И.А. Гильдебрандт, Е.Н. Никишова, Д.С. Рассадина. М.: Издательство НАФИ, 2020.-73 с. <https://www.anadolumedicalcenter.ru>
2. Коронованная пандемия и зачарованный мир: монография / под ред. Ю.М. Осипова, А. Ю. Архипова, Е.С. Зотовой ; Южный федеральный университет. – Ростов-на-Дону ; Таганрог: Издательство Южного федерального университета, 2020. – 408 с. <https://mustread.kpmg.ruhttps://lenta.ru>

ӨОЖ: 004.946:316.614

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ ӘЛЕУМЕТСІЗДЕНУГЕ АЛЫП КЕЛМЕЙ МЕ?

Өмірзақова Ұ., Қазақ филологиясы мамандығының 2 курс студенті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ, Uumirzakova@inbox.ru
Омирзакова Д.Д., «Философия және саясаттану» кафедрасының аға оқытушысы,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ, dinao-80@mail.ru

Аңдатпа: бұл мақалада қазіргі қоғам адамдарының әлеуметтік желіге байланып қалуы. Сонымен қатар, байланыс құралдардың адам ағзасына зияны, ұлтымызға тигізетін кері әсері жайлы баяндалған.

Кілттік сөздер: әлеуметтік желі, қоғам, желінің зияны, байланыс құрал.

XXI ғасыр-жаңа ақпараттық технологиялар ғасыры. Күннен-күнге ғылым мен техника қарыштап дамып, жаңа белеске көтерілген кезең. Адам өмірін жеңілдетуге арналған түрлі технологиялар көз ілеспес жылдамдықпен алда келе жатыр. Байланыс құралы ретінде алғашында почта, телеграф, радио, телефон пайдаланылған болса, заман ағымына қарай сымсыз қалта телефоны қолданысқа ене бастады. Бұл-жәй ғана байланыс құралы емес. Ішіне әртүрлі функцияларды орнату арқылы «әлеуметтік желіге» яғни көптеген халықты бір арнаға тоғыстыра алатын үлкен күшке айналды. Әлемнің түкпір-түкпірінен туған-туыс, дос-жаран, көрші-қоланды жақындастырып, жылдам ақпарат алу мүмкіндігіне ие. Әлеуметтік желі о баста алысты жақындатып, дер кезінде жылдам хабар алу үшін ойлап тапқан өнертапқыш дүниесі болатын. Ал, біздің қоғамда еңбектеген сәбиден, еңкейген қарияға дейін қолдан тастамай алып жүретін құнды затқа айналды. Дәл қазіргі күннің өзінде ешбір жұмыс байланыс құралынсыз яғни ұялы телефонның көмегінсіз бітпейтіндігіне көптің күмәні жоқ! Осы ойды 2020 жылы "Коронавирус" атті індет тағы да дәлелдей түсті. Жасап отырған жұмысымыз, оқып жүрген білім ордамыз, кәсіп дөңгелеткен жандар, тіпті, бүкіл әлем әлеуметтік желіге бір сәтте байланды да қалды. Бүгінде «телефонсыз жүру, майданға қарусыз аттанғандай» әсер етеді.

Технологияның жоғарғы деңгейде дамыған бұл сатысына тек "байланыс құралы" деп қарасақ жөн-ау. Десекте, әлеуметтік желінің желдей есуінің кесірінен әлеуметсізденуге дейін жеткен жандардың бар екендігі ақиқат! Бүгінгі қоғам көрінісі осының дәлелі. «Отан-отбасынан басталады» демекші қоғамдағы әл-ахуал кішкентай мемлекет деп аталатын отбасынан бастау алып отырғандай. Жаңа ғана дүние есігін ашқан сәби қолына телефон ұстата салу бір сәтке баланы жұбату ретінде берілген ойыншық ғана десек, қателік болып саналар еді. Телефоннан қаншама зиянды радиация мен канцерогенді заттар бөлінеді. Әлсіз, әлі толық жетіле қоймаған бала үшін басты мүше саналанатын көзге тигізетін әсері тағы бар.

Елбасы бір жолдауында "Білімді ұрпақ ұлт болашағы" деп, жастарға үміт артты. Білім жолына деген алғашқы қадам мектеп табалдырығынан басталары хақ. Ата-ана ұялы телефонды баласының қауіпсіздігі үшін, қайда жүргендігі жайлы толық хабардар болу үшін қолға ұстатары анық. Ал, оқушылардың көбісі сабақ үстінде пайдаланады. Құлаққаппен әуен тындап, бейнеклиптер көріп, ойынның құмарына кіріп кетіп жатады. Осының кесірінен білім алуға келген баланың қызығушылығы жоғалады. Ал, үйге деп берілген тапсырманы телефондағы әртүрлі қолжетімді бағдарламалар арқылы орындап, жалған бестікпен мақтанып, ақылды болып жүрген жеткіншектерде кездеседі. Ондай жағдайда тұсауды тек ата-ана ғана сала алады. Бала өз бойына сіңіретін қасиеттердің 80%-ын отбасынан алады. Демек, ата-ана бала тәрбиесіндегі басты тұлға саналады. Үлкендер әңгімесіне қосатын өз балалық шағы мен 21 ғасырдың балаларын салыстырып қарауға тіпті келмейді. Ертеден қара кешке дейін бір топ бала жиылып, асығын қаз-қатар тізіп, у-шу болып асық ойнайтын бала бұл күнде жоқтың қасы. Алыстан дәлдеп асық ату баланың мергендігін шындап, көз көру қабілетін арттырар еді. Ал, жаңа заман ғасырында туылған балалар ондай әдемі көріністі енді көрмейді-ау. Ұялы телефонға телміріп-ақалтын уақыттарын сарп етіп, бақытты балалық шақтан айырылып қалмаса игі еді. Қанша жерден «технологиялар ғасыры» десекте оң мен солын толық ажырата алмайтын баланың ұялы телефонды қандай жағдайда пайдаланып жүргеніне баса назар аударған

жөн.Бесіктен белі шықпаған кішкентай ғана оқушылар,өздерінен үлкен смартфондарды ұстап жүргенде тіпті таң қаласың.Бұл-оқушылар арасында жікке бөлінуге,арзан ой арқылы бәсекелестіктің у шығуына алып келеді.Одан қалды маңызды тест тапсырмаларын орындау барысында да осы құрылғыға сеніп,бейжай қарайтын жастарды кездестіруге болады![1].

«Үйлену оңай,үй болу қиын» деп қазақ атамыз бүгінгі ахуалды біліп айтқандай.Әлеуметтің арасынан өз теңін,жан-жарын іздейтін жастар өкінішке орай өте көп.Бұрын сонды көрмеген,білмеген,бір-бірінің ішкі сырына үңілмеген ондай жұптардың,жарасып кетуі екіталай.Жақсы,үй болсын,отбасы құрсын,ата-ана өз міндетінен құтылсын.Десекте,уақыт шіркіннің зымырап жатқанын ескеру керек-ау.Әлеуметтік желідегі жылтыраған әртіс көйлектерін қызықтап қарап,түрлі ойындар ойнап,чаттарда құрбы-құрдаспен үздіксіз әңгіме-дүкен құрам деп жанымызда жүрген бағалалыларды ұмыт қалдырмасак болғаны.Отбасының берік,мығым болуы үй іші арасындағы түсіністіктің болуында.Адамдарға бір нәрсені егжей-тегжейлі түсіндіріп,баяндау үшін уақыт керек.Ал қазіргі таңда бәрі асығыс тіпті сөйлесуге уақыт табылмайды.Өмір заңдылығы бойынша бірінші орында “отбасы” деген асыл ұғым тұруы тиіс еді.Қазір,керісінше ұялы телефонға байланып,сондағы бітпейтін басқа проблемамен әлекке түсіп жатады.Әлеуметтік желі біздің қоғамда адамдардың бір-біріне деген құрметі мен түсіністігін артқа тартып жатыр.Осының салдарынан болса керек,Қазақстанстатистика бойынша әлем елдерінің арасында ажырасу бойынша жетінші орында тұр,бұлдегеніміз отбасын құрған әрбір екінші жұп ажырасуға дейін барады.Жә,отбасы кішігірім мемлекет,оның заңдарын кім,қалай ойластыратыны және кімнің бағынатынын өздері шеше жатар!

2020 жылы жаңалықтарда,халық арасында ең көп айтылған сөз «карантин», «коронавирус», «пандемия» деген атаулар болар.Бұл терминдердің барлығы «денсаулық» ұғымымен тығыз байланысып жатыр. «Бірінші байлық-денсаулық» деген сөздің құдіретіне терең бойлай алдық.Онлайн өмір басталды.Көптеген сырдың беті ашылып қалғандай болды.Алыс-жақын ауылдардың интернет жылдамдығына қосылу мүмкіндігі болмады.Әлі күнге дейін онлайн оқу жалғасып келеді.Барлық оқу орындар тарапынан әртүрлі жағдайлар қарастырылды.Десе де «сыныққа сылтау іздеген» студент үшін керемет мүмкіндік орын алды.Берілген тапсырмаларды өзі ойланып,кітаптан оқып іздеудің орынына,әлеуметтік желіні пайданып жылдам жүктеп,үй жұмысын орындай салады. Бұл-баланы ауырдың асты,жеңілдің үстімен жүруге,сапасыз білім алуға душар етеді.Кейбіреу сабақ барысына жеңіл қарап,оқу процесін тіпті түсінгісі келмейді.Иә, «білім аламын» деген бала үшін ешнәрсе кедергі келтіре алмайды.Тіпті онлайн оқу болса да.Тек «сабақ оқып отырмын» деген сөзді желеу етіп,әлеуметтік желіден не қарап отырғаны беймәлім.Тағы айта кетерлігі,онлайн оқу әсерінен оқушылар мен студенттердің көру қабілеті төмендеп бара жатқандығы.Қашықтықтан оқу форматына көшкелі көру қабілеті нашарлаған балалар көбейген.Зерттеуге сәйкес соңғы он ай ішінде офтальмолог маманға жүгінетін балалар саны 30%-ке артыпты.Бұлболашақта елімізде құралайды көздеп ататын мерген балаларымыздың санының да азаятынына әкеп соқтырады.Онлайн өмір басталғалы "әлеуметтік желі арқылы ақша табуды үйретемін" деп ұрандатқан алаяқтар өріп жүр.Бар мақсаты: адам психикасын зерттеп,жалған сөздер айтып,ауадан ақша жасап қалу.Жалған жарнамаға алданып, қолда бар ақшасынан айырылып,сан соғып қалып жатқандар да бар.Олардың арасында ересек,тұрмыс тіршілігі төмен отбасынан шыққандары өте көп [2].

«Ел болам десең, бесігіңді түзе» демекші алып,қауқарлы мемлекетке айналу үшін өскелең ұрпақтың дені сау боп өсуін қатаң бақылауда ұстау қажет.

"Досы көпті жау алмайды" деп қазақ атамыз босқа айтпаса керек.Ал,қазіргі таңда сол достықтың қадірі жоғалып бара жатқандай.Әлеуметтік желіде сыр шертісер досы көптей көрініп,шын өмірде серік болар жалғыз жолдасын таппай қалады.Виртуалды әлемде өзі танымайтын,көрмеген адамның жалған мақтауына семіріп,өзін керемет сезініп, жұртпен араласудан қалып барады.Әлеуметтік желілер балалар психикасына кері әсерін тигізуде.Ғаламторда жиі отыратын жасөспірімдер құрдастарымен қарым-қатынасын үзіп,тұйық өмір салтын жүргізе бастайды.Нәтижесінде,шынайы өмірге бейімделу олар үшін қиынға соғады.Осы істің алдын алыпЫбырай Алтынсариннің «Сенде бір кірпіш дүниеге кетігін тапта бар қалан» деп жалынды жастарға айтқан отты сөзінен күш алып ел ертеңіне қосар үлесі зор болуы тиіс еді.

Бәрімізге белгілі соңғы жылдары халықтың ауызбіршілігін бұзу мақсатында елде әртүрлі митингілер мен бас көтерулер орын алуда. Осы істің басында әлеуметтік желіде көптеген аудиториясы бар жұлдыздар мен блоггерлердің тұрғаны мәлім. Олар қара халық күшін пайдаланып, елді мақсатсыз бас көтеруге бағыттап үгіт насихат жасап жатыр. «Бір ит көріп үреді, екі ит еріп үреді» демекші елдің алдында жүрген жұлдыз сымақтардың артынан ерген қара халықта әлеуметтік желі арқылы таралған ақпаратқа еріп, өз еліне өздері қарсы шығып жатыр. Тіпті атақты болу үшін ерсі фотолар жүктеп, басқалардың ойын осындай іс-қимылмен бұзып отырған жастарымызда баршылық. Әлеуметтік желінің күші осында, пайдалы ақпаратты емес, түкке тұрғысыз хабарды жан-жаққа таратып жібереді [3 с. 56].

Ең сорақысы, әлеуметтік желінің кесірінен өз-өзіне қол жұмсаушылар саны тіпті артып келеді. Мұнда әлеуметтік желі және қолданушы ғана болатындықтан «Әй дейтін ажа, қой дейтін қожа жоқ» не істесе де, не көрсе де өз еркінде. Осындай олқылықтың кесірінен көптеген бала әлдекімдерге қарызданып, онлайн ойындар ойнап немесе бөгде адамдармен болған қарым-қатынастардың кесірінен өз-өзін өлімге тігетін жастар баршылық. Өкінішті әрине, десе де адам психологиясы ауытқымалы дүние болғандықтан жағымсыз жаңалықтардан құтылудың жалғыз жолы осы деп қорытындылайды.

Әлеуметтік желінің елімізде ғана емес, әлемдегі ықпалы әуелеп барады. Мәселен, қауіпті діни ағымдардан, қылмыстық мәселелерден қорғау үшін, бұқаралық ақпарат құралы ретінде әлеуметтік желі де, белгілі бір деңгейде қадағаланып, бақылануы тиіс. Себебі, көптеген теріс ағымды насихаттайтын бейнероликтер әлеуметтік желіге жарияланады. Осы арқылы, жат ағым өкілдеріне еріп, террорлық іс-әрекетке баратын жастар саны өкінішке орай қазір көп.

Ғаламтор қолданушылардың арасында ақпарат тез тарайтыны белгілі. Осыған байланысты әлеуметтік желіден келген барлық жаңалықтарды дұрыс деп есептейді. Ол жерде не жазылады, соның бәрі ақиқат, шынайы деп ойлайды. Алайда, бұл – қате түсінік. Осының салдарынан «Жалған ақпарат тарату бабы» бойынша қылмыстық жазаға тартылу мүмкіншілігі жоғары. Кез-келген ақпаратты оқырман егжей-тегжейлі зерттеп, өзі қорытынды жасай алуы қажет [4].

Күніне сағаттап интернетте отырып, айналасындағы дүниені ұмытатын, адамдармен қарым-қатынасын үзетін, әлеуметтік желіге тәуелді болған пенде ақыр-соңында денсаулығын жоғалтып, түрлі ауруларға шалдығады. Бар уақыты мен күш-қуатын, қабілет-қарымын интернетте сағаттап отыруға жұмсайтын ондайлар, күнделікті өмірдегі отбасы, еңбек ұжымы, жалпы қоғам алдындағы міндеттерін ұмытып, содан қолайсыз жағдайларға тап болады және тұрмыста да, ауыртпашылықтарға ұшырайды.

Қорытындылай келе, таяқтың екі ұшы болатын сияқты, әлеуметтік желінің пайдасы мен зияны қатар жүреді. Әлеуметтік желіні бүгінде жұрттың бәрі дерлік пайдаланады. Дегенмен, оны шектен тыс пайдаланамын деп тәуелділікке түсіп, уақытыңызды, денсаулығыңызды құрттып, айналаңыздағы адамдардан алшақтап, тұрмыста, отбасында қолайсыз жағдайларға тап болмайын десеңіз, оған көп үйір болмағаныңыз жөн. Ең бастысы: әлеуметтік желі маған не береді? – деп, оның тек пайдалы жағына ғана назар аударған жөн. Алтын уақытыңызды бос кетірмей, жақындарыңыз бен достарыңызға арнаңыз!

Әдебиет

1. <https://ortalyq.kz>
2. <https://qazaqstan.tv/news>
3. <https://text.ru/rd/aHR0cDovL2JhcmluYmIsLmt6L3NpemdlLWtlcmVrLW15LXlyeS1kZXJlay9rZXJla2RlcmVrL2UtemRpay15bHltaS16aG9iYS1sZXVtZXR0aWstemhlgGkv>
4. <http://haqjoly.kz/2020/04/16/әлеуметтік-желінің-әлеуеті-мен-кепі-ә/>

ӨОЖ 316.334.5

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ОТБАСЫ ЖӘНЕ АЖЫРАСУ СЕБЕПТЕРІ

Байтан С., Журналистика мамандығының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., bajtansara@gmail.com

Мырзапайзова Г.У., педагогика және психология ғылымдарының магистрі, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., myrzapaizova@mail.ru

Андатпа: бұл мақалада Қазақ қоғамында орын алып отырған отбасын құру мен ажырасуға себеп болатын жағдайлар жан-жақты қарастырылған. Сонымен қатар, ажырасуға дейін жеткізетін жағдайлардың да алдын алу жолдары да көрсетілген.

Кілттік сөздер: отбасы, неке, шаңырақ, тәрбие, болашақ, ажырасу, келеңсіздік

Көптеген қарапайым қоғамда отбасы ешкімге ұқсамайтын бірден-бір дара тұрған ерекше өміршең және функция атқарушы институт болып есептеледі.

Кез-келген жас отбасы алғашында отбасын құрған кезде ата-анасынан бөлініп кетпейді және бастапқы кезде материалдық жағынан әке-шешесіне тұтастай тәуелді болады. Мұндай жағдайда жаңадан отау көтерген жастар арасында өз тіршіліктерін өз беттерінше қамтамасыз ету, үй болған жастар арасындағы және олармен бірге тұратын ата-аналармен өзара дұрыс қарым-қатынас орнату проблемалары туындайды. Бұл проблемалар елі-зайыптыларды әрқилы шиеленістерге әкеліп соқтырады.

Ерлі-зайыптылардың ажырасу себептерінің арасында олардың бір-бірінен көңілдерінің сууы және осының негізінде алғашқы махаббат сезімінің жойылуы да жиі кездеседі.

Ерлі-зайыптылар арасындағы ажырасу санының өсуінен көрініп отырғандай, неке мен отбасының тұрақтамау көрсеткіші дүние жүзінің бүкіл дамыған елдеріне тән нәрсе. Бұл урбанизация және оның халықтың интенсивті көші-қонына тигізетін әсері, әйелдердің ғылыми-техникалық төңкерістің ықпалы, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, этникалық, дінисипаттағы себептер арқылы түсіндіріледі. Қазіргі жағдайда отбасы институты аса ауыр жағдайды басынан кешіріп отыр. Отбасын сырттан тұрақтандыратын көптеген алғышарттар, атап айтсақ, әйелінің күйеуіне экономикалық тәуелділігі, ажырасуға заң, дін, мораль тұрғысында тыйым салулар немесе әрқилы кінәлаушылықтар жойылды. Мұндай жағдайда некенің тұрақтылығын сақтаудағы отбасына тән ішкі алғышарттардың маңыздылығы артады. Әлеуметтану зерттеулері көрсеткеніндей, ажырасуға көбінесе ерлі-зайыптылардың арасында болатын әртүрлі өзара шиеленістер ықпал етеді. Ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынастарының бірнеше деңгейлері бар. Сол деңгейлерде, яғни өзара үйлесім таппаған жағдайда олардың арасында шиеленістер бой көрсете бастайды.

Оның біріншісі - психофизиологиялық деңгей. Мұндағы үйлеспеушілік жыныстық қарым-қатынастың бұзылуынан байқалады. Жалпы бұл құбылыс өте жиі кездеседі, алайда көптеген зерттеушілер оны ажырасудың негізгі себебі деп қарастырмайды.

Екінші - психологиялық деңгей кезінде отбасында әрқилы жағымсыз ахуалдардың пайда болатындығы байқалады, бұл үнемі кездеседі, қайталанып тұратын отбасындағы ұрыс-керістен, бір-біріне тиісуден, ашушандықтан құралады. Мұндайда ата-ана өзінің ала алмаған ашу-ызасын балаға төгеді.

Үшіншісі - әлеуметтік рөлдік деңгей. Бұл деңгейде отбасындағы ымырашылдық, сыйласымдық пен тұрақтылықтың бұзылуы мына белгілерден байқалады: отбасылық-тұрмыстық ауыртпалықтардың кімге түсетіндігі мен міндеттерді қате түсіну, оны тең бөлмеу, қиыншылықты бірлесе отырып көре алмау.

Төртінші - әлеуметтік-мәдени деңгей. Мұнда шиеленістер ерлі-зайыптылардың бірін-бірі түсінуден қалуы, сыйламауы, қызығушылықтың жойылуы немесе қарым-қатынасқа қанағаттанбау, оның өмірлік құндылықтарын, идеяларын қабылдамау сипатында орын алады [1].

Қай деңгейде болмасын шиеленісті тудыратын себептер аса мол, әрі оның түрлері мен сипаттары да аз емес. Десек те, сол себептердің мезгілге орай пайда болуына байланысты оларды екі үлкен топқа бөлуге болады. Оның алғашқысы - отбасын құрғанға дейінгі объективті түрде қалыптасқан өзара қарым-қатынастардың, некеге тұрғаннан кейін, бірлесіп өмір сүрген және ортақ шаруашылықты жүргізу тұсында пайда болған себептер. Екінші топтағы себептерді

тәуекел етудің алғышарттары деп атайды. Өйткені некеге отырғанға дейінгі қыз бен жігіттің танысуы кезінде қалыптасқан іңкәрлік сезім мен сыйластық ажырасуды біршама тежейді.

Тәуекелдің алғышарттары адамның кемел тұлғалылығына, оның шыққан тегіне, алған тәрбиесіне, некеге отыру кезіндегі шарттарына тікелей байланысты.

Әрине, әр адам отбасы проблемасын жеке өзі шешеді. Іргетасым мықты болсын десең, оның негізінде, бұрынғы бабаларымыздың айтқанындай, шынайы махаббат, түсіністік, төзімділік жатуы керек.

Ресми мәліметтерге сәйкес, соңғы жылдары ажырасу саны айтарлықтай артты. Ажырасудың негізгі себептерін айту қиын. Әлеуметтанушылар мұны қазір 90-шы жылдары туылған балалар отбасын құру жасына жеткендігімен түсіндіреді. Ол кезде көптеген отбасылар дисфункционалды болды, оның салдары әлі де байқалады. Бірақ бұл некенің бұзылуының көптеген себептерінің бірі ғана деуге болады.

Көптеген факторлар отбасылық қатынастарға оң және теріс әсер етеді: психологиялық, әлеуметтік, экономикалық және тіпті саяси факторлар да өз әсерлерін тигізіп жатады. Олардың әрқайсысы қарым-қатынасты бұзуға түрткі бола алады. Некенің бұзылу себептерін дәл анықтау өте қиын. Әр отбасының өз қиындықтары мен мәселелрі бар. олар кейбіреулер бірге жеңеді, ал басқалары мәселені шешу үшін жұбайымен қарым-қатынасты үзуді жөн көреді [2].

Отбасындағы ажырасудың себептері, некеге тұру туралы шешім. Бұл ажырасудың негізгі себептерінің бірі деуге де болады. Отбасын құру туралы шешімде асығыс түрде қабылдайды, болашақта не күтіп тұрғанын түсінбей, отбасын құрады. Кейін отбасылық қиындықтарға ұшырып, ажырысып жатады.

Сатқындық. Өкінішке орай, бұл критерий некені бұзудың себептері рейтингінде жетекші орын алады. Статистикаға сәйкес, ер адам неке адалдығын бұзады. Неліктен еркектердің опасыздыққа бейім екенін түсіну өте қарапайым, бірақ әрбір әйел оны кешіре алмайды. Көптеген әйелдер үшін бұл жағдайдан шығудың жалғыз жолы-ажырасу деп ойлайды. Сатқындықтың негізгі себептерінің арасында мыналарды бөліп көрсетуге болады: күнделікті күйбең өмірден жалыққан кезде жаңа немесе ұмытылған сезімдерді іздеу, жаңа махаббат, жыныстық өмірдің серіктестерінің біріне қанағаттанбау, кек алу т.б.

Отбасында баланың пайда болуы. Некені бұзудың бұл критерийі бір-бірін толық білуге және отбасылық өмірге үйренуге әлі үлгермеген жас жұптарға тән. Отбасының жаңа мүшесінің, әсіресе нәрестенің дүниеге келуі жағдайды қиындатуы мүмкін. Сондықтан жастарға кішкентай баланы тәрбиелеудегі барлық қиындықтарды жеңуден гөрі қарым-қатынасты бұзу оңайырақ.

Мінездердің сәйкес келмеуі. Отбасын құрғанға дейін бір-бірлерінің қыр-сырын қанық білмейтіндіктен, отбасы құрып бірлесе өмір сүре отырып, олар бір бірлерінің кемшіліктерін көріп, оны үлкен мәселеге дейін айналдырып, мүдделердің сәйкес келмеуі салдарынан ажырасуға дейін барады.

Әр түрлі тұрмыстық мәселелер. Тазаланбаған пәтер, шашылған заттар, дәмсіз кешкі ас, бала тәрбиесіндегі олқылықтар сирек болса да, бірақ әлі де тым эмоционалды немесе принципті адамдар үшін ажырасуды тудыруы мүмкін.

Туыстарының шамадан тыс назары. Бұл мәселе көптеген адамдарға қатысты, бірақ әр отбасы ажырасуға жүгінбестен бір нәрсені өзгерте алмайды. Отбасына басқа да туыстық қатынаспен жақын адамдардың отбасына араласуы да ажырасудың негізгі себебі бола алады.

Көшбасшылық үшін күрес. Сол жұп, кім көп табыс табады, өз ережелерін белгілейді және шарттары түрде орната бастайды. Егер бұл күнделікті өмірде көрінбесе, онда жанжал туындаған кезде ол сөзсіз пайда болады. Бұл қарым-қатынасты бұзудың жиі кездесетін себебі.

Жаман әдеттер. Алкогольді шамадан тыс қолдану немесе есірткігі әуестену ең жиі себептердің қатарына жатады. Ішімдік жиі қолданатын немесе есікткісе әуес адамдардың отбасында береке болмайды. Берекесіз үйден ұрыс-жанжал жиі орын ала бастайды. Оның соңы да ажырасуға алып баратын себептердің бірі.

Материалдық жағдайдың болмауы. Барлық отбасылар бұл мәселеге жиі тап болады, бірақ жастар үшін бұл өте маңызды. Көбінесе некеге тұрған қыздар жұбайына барлық қаржылық жауапкершілікті жүктейді. Сондықтан материалдық проблемаларға тап болу күйеуімен ажырасудың жақсы себебі болуы мүмкін.

Бедеулік. Бұл фактіні түсіндіру қиын, бірақ отбасы үшін оның берекесі мен бірлігі, болашағы үшін маңызды. Қазақ қоғамында «ұрпақ қалдыру, ұрпақ жалғастығы» мәселелері бар. Сол тұрғыдан алғанда, баланың отбасына келуі де өзекті мәселе.

Психологиялық зерттеулерге сүйенсек, ер адамдар әйелімен қарым-қатынасты бұзудың көптеген себептері көрсетіледі.

Көптеген әйелдер өздерінің психологиялық немесе моральдық-этикалық ұстанымдары бойынша, әсіресе, баламен отбасы болса, қарым-қатынастарды барынша сақтауға тырысады. Әйелдер көбінесе некені бұзудың үш себебін анықтайды:

- зиянды әдеттерді шамадан тыс теріс пайдалану (нашақорлық, алкоголизм);
- күйеуінің отбасын қамтамасыз ете алмауы (кейде әйелдерге күйеуі ең қажет нәрсені қамтамасыз ете алмағандай көрінеді);
- дөрекілік (бұл физикалық ғана емес, моральдық зорлық-зомбылық туралы) [3].

Қазір отбасын құрудың патриархалдық моделіне қарағанда екі жақтың теңдігіне құрылған үлгідегі жанұялар көбеюде.

Бұл өз кезегінде әрбір адамның серігін, жарын өз еркінше таңдауға мүмкіндік береді. Алайда таңдау кеңістігі кеңейгенмен де отбасы беріктігі нығайып жатқаны шамалы. Оны еліміздің статистикасынан көруге болады. Мәселен, Қазақстанда ажырасу ең көп тіркелетін аймақтарға Павлодар облысы (53%), Қостанай облысы (51%), Солтүстік Қазақстан облысы (50%) жатады. Ал ажырасу аз тіркелген аймақ ОҚО екен.

Әдебиет

1. Р.Б. Әбсаттаров, М.Дәкенов. Әлеуметтану. Оқулық. Алматы: Қарасай.- 2007.
2. А.И. Икенов. Әлеуметтану негіздері. Алматы: Экономика. 2004.
3. Қ. Ғабдуллина. Құқық әлеуметтануы. Алматы. 2005.

УДК 502.5:61

ЗАГРЯЗНЕНИЕ ОКРУЖАЮЩЕЙ СРЕДЫ И ЕЕ ПОСЛЕДСТВИЯ ДЛЯ БУДУЩЕГО ПОКОЛЕНИЯ

Машанло С., студентка 2 курса по специальности «Физика»,
Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, г. Тараз, sabina.mashanlo@inbox.ru
Омирзакова Д.Д., старший преподаватель кафедры «Философия и политология»,
Таразский региональный университет М.Х. Дулати, г. Тараз, dinao-80@mail.ru

Аннотация: в этой статье обсуждаются нынешние проблемы загрязнения окружающей среды и ее огромный вред для будущего поколения. Упомянуты большинство проблем загрязнения окружающей среды причиняющие вред не только людям и их будущему, но и для растительного и животного мира. Также в данной статье непосредственно упомянуты решения по данной проблеме.

Ключевые слова: загрязнение, окружающая среды, воздух, люди, вред, выбросы, проблема, почва, вода, здоровье.

Окружающая среда-это тот самый ресурс, который в случае потери, мы никогда не сможем восстановить даже за десятилетия.

Ее состояние оказывает влияние не только на природу, но и на еду, на воздух, которым дышим, непременно на наше здоровье и на здоровье всего живого, что нас окружает и есть на земле. Здоровье окружающей среды - это наш залог и билет в светлое и устойчивое будущее. Учеными доказано что большинство загрязнителей попадает в организм человека через легкие, каждый день в пятнадцать килограмм вдыхаемого нами воздуха в наш организм попадает больше вредных веществ, чем вместе с водой, с едой, с грязных рук и через кожу. Такие болезни как рак, различные врожденные патологии, проблемы с иммунной системой - это все причины, вызванные загрязнением атмосферного воздуха. Воздух играет ключевую роль в нашей жизни.

Чёрный дым, который выбрасывают промышленные предприятия, выхлопы автомобиля, выбросы предприятий, сжигания угля, выбросы парниковых газов, сжигание мусора, это все является причинами различных болезней и загрязнений воздуха. Одним из самых ведущих загрязнителей является транспорт.

Сейчас в XXI веке вред окружающей среде достигло каких-то невероятных масштабов. Мы ведь сами загрязняем нашу природу, место нашего обитания. Можно сказать, сами наносим вред себе.

Ситуация в стране плачевная. Надо отметить, где-то пытаются с этим бороться. Начинают высаживать деревья, делают больше скверов. Но проблема с вывозом мусора, ведь этот самый мусор вывозят в маленькие поселения. Их них образуются свалки.

На данном этапе жизни ни один человек не обходится без транспорта, транспорт является неотъемлемой частью экономики любой страны, но не стоит забывать какой вред он наносит окружающей среде, выхлопы газов и такие вредные вещества как оксиды углеводорода, ангидрид, азот, твердые частица, оксиды серы, углекислый газ, сажу, выделение отходов от сгорания топлива (бензина, дизельного топлива, керосина, природного газа), содержащие в себе много химических веществ большая часть, а также парниковому эффекту шумовое воздействие на окружающую среду, которое непосредственно отражается на городских жителях, способствуя развитию заболеваний сердечно-сосудистой и нервной систем.

Разрушительное влияние на здоровье человека и на биосферу оказывает любой вид транспорта, но воздушный и автомобильный особенно. Наибольшие результаты его воздействия ощущаются в крупных городах, где концентрация автотранспортных средств очень велика. Вследствие быстрого роста автотранспортных средств возрастает изъятие кислорода из атмосферного воздуха. Это уже сегодня приводит к нарушению состава атмосферы, и является непосредственной причиной возникновения устойчивого кислородного голодания. В особенности наибольшее количество вреда приносят автомобили с бензиновыми двигателями. Дизельные двигатели содержат в себе значительно меньше вредных веществ, нежели бензиновые, однако по сравнению с бензиновыми двигателями они характеризуются очень большим выбросом сажи. Это и способствует образованию так называемого «смога». Воздушный транспорт непосредственно выбрасывает вредные вещества в верхний слой атмосферы, тем самым нанося урон воздуху и окружающей среде.

В процессе обслуживания различных видов транспорта в воды попадают, органические, токсичные и минеральные вещества. Автомобильные дороги приносят в окружающую среду пыль, которая содержит большое количество диоксида кремния и другие частицы. Одним из самых безопасных видов транспорта является морские и речные палубы. К примеру возьмём РФ, в 2006 году в этой стране автомобили выбросили в атмосферу 9365 тысяч тонн угарного газа, железнодорожный транспорт выбросил почти 35,7 тысяч тонн угарного газа, а речной 15, морской 11 тысяч тонн соответственно. Морские и речные виды транспорта также занимают самые нижние строчки по количеству выбросов других вредных веществ. Учитывая все эти данные, одним из наиболее приоритетных видов транспорта уже сейчас должно переключиться из автомобильного транспорта на водный.

С каждым годом транспорт развивается все больше и больше, но принося большое количество пользы она наносит нам слишком большой экологический вред. Люди сами того не осознавая наносят вред себе и своему будущему. Если мы не предотвратим загрязнение сейчас, то через 10-20 лет воздух станет таким загрязненным и ядовитым, что придется использовать кислородные наборы для того, чтобы нормально дышать.

Очень опасными симптомами для нынешнего и будущего поколения является то, что загрязнение воздуха повышает вероятность рождения детей с пороками их развития. Запредельная концентрация загрязнения воздуха вызывает преждевременные роды, дети рождаются с очень малым весом, и иногда даже рождаются мертвыми. Еще чрезмерное загрязнение воздуха приводит к преждевременному старению и болезни сердца. Если не предотвратить это сейчас, то неизвестно, что нас всех ждет в будущем.

От загрязнения окружающей среды страдают не только люди, но и животные и растения. Загрязнение окружающей среды вызывает у животных огромный стресс и различные болезни.

На данный момент очень часто наблюдается сокращение различных видов животных. От вредных выбросов промышленных предприятий уже не в силах справлять ни леса ни моря, пищевые отходы должны быть стерилизованы, для того, чтобы избежать распространения болезней животных через загрязненные продукты.

Около 1,3 млрд. человек пользуются только загрязнённой водой, и это все потому что реки и моря очень загрязнены. Вода обеспечивает нам, всему животному и растительному миру

жизнь. На данный момент многим из нас известна проблема загрязнения Мирового океана. Выбросы опасных веществ, связанных с развитием химической и нефтеперерабатывающей промышленности, выбросы мусора в особенности пластик выделяя этим в воду токсичные вещества и вызывая у морских животных проблему с размножением, нарушение нервной и эндокринной системы и хронические заболевания. Морские млекопитающие также заглатывают пластик, принимая его за планктон и другую пищу. А способ питания некоторых из них, например, усатых китов, не оставляет им шанса на жизнь в наполненном мусором океане. В 2017 году к побережьям Норвегии пришел умирать истощенный кит. После тщательного вскрытия ученые обнаружили в его желудке 30 больших полиэтиленовых пакетов, ставших причиной его смерти. Мировой океан обеспечивает жизнь не только животным, но и людям, которые живут вблизи него. Многие семьи живут и работают за счет морей и океанов, и его гибель нанесет урон не только животному миру, но и людям [1].

Немало важным для здоровья окружающей среды является почва. Всем нам хорошо известно, что почва является источником продовольствия. По расчетам большая часть того, чем мы питаемся производится на почвах. Можно смело сказать, почва дает нам жизнь она помогает в резких изменениях климата, фильтрует воду, дает пищу и многое-многое другое. Загрязнение почв приводит к загрязнению грунтовых вод, влияет на питательные вещества в нем и на пищевые продовольствия. Почва загрязняется не только за счет выбросов промышленных предприятий и мусора, кроме этого, различные соединения попадают в почву из атмосферы, например, с загрязненных подземных вод и поверхностных водоемов. Загрязнение почвы приводит к появлению новых разновидностей болезней и вредителей, кардинально изменить баланс экосистем и стать явной причиной исчезновения хищных животных или конкурирующих видов, регулирующих их биомассу.

Почва также способствует распространению противомикробным препаратам генам и бактериям, тем самым ограничивая способность человечества справляться с различными кожными заболеваниями. Загрязняя природу мы уничтожаем и весь растительный мир, мы лишаем ее питательных веществ, что необходимо для растений. Отсюда уже можно построить цепочку т.е. загрязняя почву мы наносим большой вред для растительного мира, а растения выполняют ключевую роль в экологии, ведь она фильтрует воздух, поглощая углекислый газ и выделяя кислород.

Для того, чтобы решить проблему загрязнения окружающей среды необходимо, понимать ее причины. Защита и сохранение начинается с нас и с вами. Выбор экологически чистых продуктов питания, правильная переработка опасных материалов, таких как батарейки и электрические приборы, опасные антибиотики и химические вещества, создание национальных парков и заповедников для защиты и сохранения экологии, ограничение в охоте, в ловле рыб ради удовольствия, разумное и рациональное использование природных ресурсов, уменьшения количества промышленных отходов, выбросов мусора, которые попадают на свалки, переход на экологически безопасные, озеленение автомагистралей виды топлива, лишь несколько примеров того, как можно содействовать решению этой проблемы [2].

Нам нужно поменять своё восприятие и экологическое мышление, каждый человек должен позаботиться об наиболее лучшем обеспечении здоровой окружающей среды для себя, для своих детей, внуков, правнуков и будущего поколения, здоровой и спокойной жизни; постоянно защищать и оберегать животный и растительный мир, воздух, почву и воду от вредных последствий различных деятельности. Мы непременно несём ответственность за состояние земли, которая дает нам пищу, воду, чистый воздух, мы должны здесь и сейчас принимать меры к тому, чтобы наша окружающая среда была здоровой и экологически чистой в интересах нашего будущего. Только правильное отношение к природе позволит нашему будущему поколению быть здоровыми. Люди должны понимать, что ухудшение окружающей среды представляет ужасную угрозу для будущего поколения.

Воздействие человеческого общества на природу в XX-XXI веке приняло угрожающие масштабы и стало проявляться в экологических кризисах, влияющих на всю планету в целом. Загрязнение мирового океана, глобальное потепление, дефицит воды, уничтожение воздушных слоев земли, гибель лесов, сокращение видов животных и растений – результат деятельности человечества в условиях научно-технической революции. Вместе с тем в обществе растёт понимание необходимости осознания глобальных экологических проблем.

Появилась наука экология, эко-социология и другие дисциплины, изучающие проявление экологического кризиса, формирующие экологическое сознание. Большие изменения произошли в общественном сознании по экологизации всех сторон жизни человека. В этом плане нам, казахстанцам, надо изучить и распространить эко-принципы принятые в современном мире: эко-поведение, эко-туризм, этичное питание, зеленое потребление, эко-стиль, эко-дизайн, эко-быт, эко-строительство. Все эти понятия говорят о том, что кроме множества общественных организаций, благотворительных фондов, направленных на защиту окружающей среды развивается мощное эко-сознание, изменяющее все стороны нашей жизни.

Нам нужно воспитывать новое поколение с понимаем относящееся к проблемам взаимодействия человека и природы. Только тогда человечество будет иметь своё продолжение, только тогда мы и наше поколение будем здоровыми. Наше будущее в наших руках.

Загрязнения окружающую среду сейчас, мы лишаем будущее поколение светлого и здорового будущего.

Мы наблюдаем формирование и развитие экологического сознания, экологического поведения среди обычных людей и это радует, поскольку отказ от доминирования человека над природой, выработка ценностного отношения к окружающему миру-залог сохранения человечества и природы.

Литература

1. <https://mmrescue.ru>
2. www.at.asmap.ru // Журнал «Автомобильный транспорт»

ӘОЖ 17:004.5

ҚОҒАМ ӨМІРІНДЕГІ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕРДІҢ РӨЛІ

Саткожаева Ә., Химия мамандығының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., satkozhaeva2001@mail.ru

Баярисов Р.У., аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
философия және саясаттану кафедрасы, Тараз қ., rezhep_B61@mail.ru

Андатпа: бұл мақалада әлеуметтік желілердің қоғамның, әсіресе жастардың өмірінде алатын орны мен маңызы қарастырылған. Сонымен қатар әлеуметтік желілердің жағымды және жағымсыз жақтары, мүмкіндіктері мен қатерлері жайлы айтылып, жастардың әлеуметтік желілерді өз білімдері мен қоғам игілігі үшін тиімді пайдалану керектігі жайлы қорытынды жасалған.

Кілттік сөздер: қоғам өмірі, қоғамдық ережелер, жастар, әлеуметтік желілер, әлеуметтендіру, білім деңгейі, жоғары технологиялар, ғаламтор, ақпарат көздері, сайттар, ғаламтор ресурстары, виртуалды кеңістік, виртуалды байланыс, виртуалды тілдесу.

Бүгінде қоғам мүшелерінің көпшілігі өз өмірлерін әлеуметтік желілерсіз елестете алмайды. Қазіргі қоғамды ғаламторсыз, компьютерсіз, ақпараттық технологияларсыз, әлеуметтік желілерсіз елестету қиынға соғады. Әлеуметтік желі өміріміздің бір бөлшегіне айналды десек қателеспейміз. Әлеуметтік желілер толықтай бүкіл әлемді қамтып, танымалдылығы жоғарылап жатыр. Әлеуметтік желілерде оны пайдаланушыларға нақты жас ерекшелігіне байланысты немесе кәсіби шектеулер жоқ. Қазіргі кезде әлеуметтік желілер азаматтардың тұлғалық әлеуметтенуіне ықпал жасайды. Адамзат өмір сүріп жатқан жоғары технологиялар ғасыры қоғам дамуын жаңа деңгейге әкелді. Ақпаратпен алмасу, адамдар арасындағы тілдесу, қарым-қатынас орнату әдістері, жұмыс беру ұсыныстары мен іздеу жолдары, демалыс түрлері шын өмірден виртуалды әлемге өтті. Миллиондаған адамдар күнделікті өмірде әлеуметтік желілер қызметтерін пайдаланады, жаңа достар мен клиенттер, қызметкерлер іздейді, кейбіреулері бос уақыттарын өткізуге арнайды. Кейбіреулер ғаламтор ресурстарын білім деңгейін жоғарылату

мақсатында пайдаланғанымен, көбінесе әлеуметтік желілерді виртуалды тілдесу үшін ғана пайдаланушылар да жеткілікті екендігі жасырын емес. Жалпы әлеуметтік желілерде жазылған заңдылықтар жоқ. Десек те, әлеуметтік желілер отбасы, мектеп, дос-жарандар секілді әлеуметтендірудің классикалық институттарын қарқынды түрде ығыстыру қаупін туындатып отыр. Бірақ, пайдаланушылардың виртуалды әлемде игеретін жағымсыз қасиеттері шын өмірге келгенде әлеуметтендірудің нақты процесін күрделендіріп, қалыптасқан қоғамдық ережелерді күйретуі мүмкіндігін ұмытпауымыз қажет. Бүгінде әлеуметтік желілердің даму тенденцияларына байланысты түрлі көзқарастар бар. Әрине, оның даму басымдықтары әлеуметтік желі бағыт алып отырған мақсатты аудиториямен тікелей байланысты. Негізінен әлеуметтік желілерді жастар кеңінен пайдаланады. Сондықтан әлеуметтік желілерде берілетін кез келген ақпаратқа мұқият қарау керек. Психология ғылымы әлеуметтік желілерді пайдаланудың жоғарғы өсімі әрбір пайдаланушылардың маңызды өмірлік қажеттіліктеріне әсер ететіндігі жөнінде айтады. Әсіресе виртуалды кеңістік шын өмірдегі барлық кемшіліктердің орнын толтыруда өз көмегін береді. Бірақ, виртуалды байланысты шамадан тыс пайдалану нақты кеңістіктегі қарым қатынастарға қызығушылығын төмендетуі мүмкін.

Әлемнің әр аймағында әлеуметтік желілердің танымалдылығы әртүрлі. Қазақстан Республикасында «ВКонтакте», «Instagram», «YouTube» желілері танымал. Зерттеу нәтижесінде жас ерекшелігін ескермейтін болсақ «ВКонтакте» желісін 71%; «Instagram» желісін 59%; «YouTube» арнасын 54% адам қолданады екен. Ал 15-18 жас аралығындағы жасөспірімдердің 93%-ы «ВКонтакте» желісін, 64%-ы «Instagram» желісін, 59%-ы «YouTube» желісін қолданады екен. «InternetWorldStats» агенттігінің кезекті зерттеу нәтижесіне мән беріп, ондағы мәліметтерге сүйенсек, Қазақстанда 5,6 миллион адам әлеуметтік желілерді күнделікті пайдаланады. Агенттік ұсынған тағы бір қызықты дерек, әлеуметтік желілердегі әрбір екінші адам өзі жайында өтірік мәлімет жазады екен. Тарқатып айтсақ, олардың:

29%- жасы мен есімін;

23%- отбасылық жағдайын;

22%- қызығушылықтары мен түр-әлпеті туралы;

17%- жұмысы мен біліміне қатысты мәліметтерді жалған айтатын болып шыққан. Қазіргі әлемдегі саяси және қоғамдық өмірдегі әлеуметтік желілердің рөлін анықтау мақсатында SWOT-талдау жасалынды:

Әлеуметтік желілердің жағымды жақтары:

- компьютерлік сауатылықтың жоғарылығына байланысты ақпарат алу;
- алмасу жылдамдығының артуы;
- іздестіру жүйелері арқылы кез келген тақырыпта ақпарат алу және пайдалану;
- ескідостарын табу және хабарласу;
- тек компьютер арқылы ғана емес, ұялы телефондар арқылы да желігеу;

Әлеуметтік желілердің жағымсыз жақтары:

- бос уақыттың жұмсалуды;
- ақпараттың ақиқаты мен жалғандығын айыра алмау,
- қоғам құндылықтарына жатпайтын лас сөздерді пайдалану,
- ақпаратты кез келген тұлғаның өз мүддесі үшін пайдалану;
- денсаулыққа зиян келтіру;
- әлеуметтік желілерге тәуелді болу.

Әлеуметтік желілердің мүмкіндіктері:

- ақпарат алмасуда сурет, бейне, блогтар мен микроблогтар, қауымдастық, чат және т.б. көздер арқылы қажетті мәліметтерді кеңінен пайдалану;
- өз профилінді құру және автор туралы мәлімет ұсыну;
- кез келген жерде қажетті ақпаратты өз уақытында алу және пайдалану.

Әлеуметтік желілердің қатерлері:

- орналастырылған ақпаратты кез келген азамат өз қажетіне пайдалана алады;
- әлеуметтік желілерге тәуелділік;
- жеке ізденістің жоқтығына байланысты дүниетанымның төмендеуі [1].

Зерттеу нәтижесінде ғаламтор адамзаттың қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық өмірінде ерекше орын алады. Ғаламтор жастардың ең сенімді құралдарының біріне айналды. Қазірдің өзінде әлем халқының 57%-ы бетпе-бет тілдесуден гөрі, әлеуметтік желі арқылы


тілдесуді жөн көреді. Ғаламтор адамның физикалық денсаулығына ықпал етеді. Мысалы, 15 жасар жасөспірім күніне 4 сағат экран алдында отырса, дене қимылына тек шамамен бір сағат қана уақыт бөледі екен [2]. Осыған байланысты кішігірім сауалнама жүргізілген болатын. Сауалнамаға 30 адам қатысты.



Олар 18-21 жас аралығындағы жастар. Сауалнамада әлеуметтік желілерге күнделікті неше уақыт бөлесіз, өзіңізді әлеуметтік желілерге тәуелдімін деп ойлайсыз ба, әлеуметтік желіні көп пайдаланасыз ба деген сияқты сұрақтар қойылды. Нәтижесінде сауалнамаға қатысқан адамдардың 68%-ы «Instagram» желісін көп қолданады екен.



Сонымен қатар сауалнамаға қатысушылар күніне кемінде 4-5 сағатын әлеуметтік желілерге жұмсайтыны анықталды.



Сауалнамаға қатысушылардың 88%-ы жастарды әлеуметтік желілерге тәуелді деп ойлайды екен.



Сауалнамаға қатысушылардың тек 4,8%-ы ғана өздері туралы барлық мәліметті жазады екен.



«Егер әлеуметтік желілер болмаса немен айналысар едіңіз?» деген сұраққа сауалнамаға қатысушылар «кітап оқумен, спортпен, билмен айналысар едім» деген жауаптар жазды.

Әлеуметтік желі бос уақыттың көп бөлігін алады. Әлеуметтік желі көзбе-көз қарым-қатынасты ығыстырып қана қоймай, әуестікті де алмастырды. Әрине, ғаламтордың жақсы жақтары көп болғанымен, ғаламтор жастарды қоғамнан оқшауландырады, яғни жақындармен қарым-қатынас үзіледі, сенімсіздік пайда болады, алтын уақытын текке жұмсайды және сколиоз, арқа және жүйке жүйесі сияқты ауруларға шалдығады. Әлеуметтік желі арқылы соңғы жаңалықтар мен оқиғалардан әрдайым хабардар бола отырып, сол оқиғаға қатысты адамдардың пікірлерімен де танысуға мүмкіндік болады. Әлеуметтік желілер бүгінде адам өмірінде елеулі орынға ие болды. Мысалы, 7 мен 50 жас аралығындағы адамдар кем дегенде 1 әлеуметтік желіге тіркелген. Әлем бойынша компаниялардың 80%-ы әлеуметтік желілерді жұмыс барысында қолданады екен. Н.Ә. Назарбаевтың жастарға әлеуметтік желілердің зиянды тұстарын түсіндіруінде: «Нағыз досты ғаламтордан іздеп, әуре болудың қажеті жоқ. Уақыттарыңды босқа ысырап етпеңдер. Ең дұрысы өз араларыңда көп әңгіме-дүкен құрыңдар. Өйткені, нағыз дос ғаламторда емес, жаныңда жүргенін ұмытпа. Бүгінгі қоғамда адамдарды кітап оқитындар мен компьютерде отырып уақыт өткізетіндер деп екі топқа бөлуге болады. Компьютерде отыратындар өмір бойы, кітап оқитындарға қызмет етеді. Компьютерге байланған адам түптің түбінде жалғыз қалады. Ал мұның арты жалғыздықтың кесірінен, жастардың өмірі қайғылы жағдаймен аяқталып жатады. Мұндай келеңсіз жағдайлар шағын мемлекеттерде көптеп кездесуде. Алайда біз неше түрлі жағдайды басымыздан өткергенбіз. Мұны да еңсереміз, бұл да өтеді, бұл да ескіреді. Ал білім еш уақытта ескірмейді», – деген болатын [3, 125-бет].

Қорытындылай келе, біз әлеуметтік желілер тек зиянын келтіреді деп айтқымыз келмейді. Керісінше ғаламторды, әлеуметтік желілерді барынша тиімді пайдалануымыз керек деген

ойдамыз. Басқаша айтар болсақ, әлеуметтік желілер жастардың сапалы білім алуы, таңдаған мамандығы бойынша өз біліктілігін арттыру жолында маңызды қызмет атқарары даусыз. Іздестіру жүйелері арқылы кез келген тақырыпта ақпарат алып және оны пайдалана аламыз. Әлеуметтік желілер жаңа таныстар табуға мүмкіндік береді. Ғаламтор, әлеуметтік желілер арқылы біз шет тілдерін үйрене аламыз. Желідегі әр түрлі топтарға тіркеліп, өз қызығушылықтарымызбен, ойымызбен, көзқарасымызбен бөлісе аламыз. Әлеуметтік желілер үлкен көлемді ақпараттарды пайдалануға, өз-өзіңізді дамытып, жетілдіруге көмек береді. Әлеуметтік желілерге тәуелді болмай, алтын уақытымызды тиімді пайдаланып, оларды денсаулығымызға зиян келтірмейтін деңгейде қолдануымыз керек. Керісінше, әлеуметтік желілерді білімімізді молайтуға, біліктілігімізді жетілдіре түсіруге және өз еліміздің әлеуетін арттыруға пайдалануымыз қажет деп ойлаймыз.

Әдебиет

1. <https://moluch.ru/archive/87/17233/>
2. https://massaget.kz/blogs/13955/amp/#aoh=16210125608905&_ct=1621012723076&referrer=https%3A%2F%2Fwww.google.com&_tf=%D0%A1%20%D1%81%D0%B0%D0%B9%D1%82%D0%B0%20%251%24s
3. «Қазіргі фольклортану мен әдебиеттанудың көкейкесті мәселелері»: Серік Нығметоллаұлы Негимовтың 70 жылдығына арналған республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдары. – Петропавл: СКГУ им. М. Козыбаева, 2018. – 174 б.

ӘОЖ 398.2(574):008

ҚАЗАҚ МИФОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӘЛЕМ МӘДЕНИЕТІМЕН БАЙЛАНЫСЫ

Мэлс Д., В19ИнФил-3 мамандығының 2 курс студентті, Тараз қ., M.d.bbb@mail.ru
Иманбаев А.А., аға оқушысы М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университет,
Тараз қ., Oskar1962-1990@mail.ru

Андатпа: Мақалада қазақ мифологиясының әлем мифологиясы мен рухани мәдениеттімен байланысың қарастырылған. Талдау нәтижесінде ежелгі заманғы халықтардың мифологиялық көзқарастары бір-бірімен тығыз байланыста болып отыр деген нәтижеге келіген.

Кілттік сөздер: миф, көзқарас, фольклор, қазақ мифологиясы, әлем мәдениетті.

Миф дегеніміз – ерте замандағы адамдардың өзі туралы, қоршаған ортасы, жалпы ғалам туралы, олардың орны мен реті, өзара байланысы, пайда болуы мен жоқ болуы туралы түсінік. Ал осы байланысты зерттейтін, мазмұнын ашатын, шығуы мен таралуын сипаттайтын ғылым саласын мифология деп атайды. Мифтің ерекшелігі – белгісіз дүниені танып білуге ұмтылу, ал егер танып біле алмаса, тәңірге немесе құпия ғаламат күшке сілтеме жасау. Миф барлығынан (діннен, философиядан, әдебиеттен т.б.) бұрын пайда болды, өзінен кейін пайда болған ұғымдардың қалыптасуына үлкен үлес қосты. Миф – адамзаттың рухани мәдениетінің ең көне формасы. Ерте дәуірде ол көпжақты қызмет атқарды. Ежелгі адамдар мифтік кейіпкерлерге табынды, оларды құдайға теңеді; табиғи құбылыстарды мифтік тұрғыдан түсіндірді; мифологиялық аңыз-әңгімелерді тудырып, таратып, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп, өз ру-тайпасының мәдениетін қалады. Уақыт өте келе мифология әдебиеттің бір саласы ретінде ғана белгілі болды, ал оның діни, философиялық, жаратылыстық қызметі өз алдына бөлек сала ретінде өмір сүре бастады. Мифологияда сыртқы дүние мен адам, ой мен сезім, зат пен идея, объективтік және субъективтік дүниелер арасында айқын шекара болмады. Ол шекаралар кейіннен пайда болды. Мифологияда олардың барлығы тұтасып жатты. Ол дүние жайындағы біртұтас түсінік болып табылды.

Мифтік кейіпкерлер мен жаратылыстар сан-алуан бейнеде кездеседі. Олар белгілі бір халықтың мәдениетіне өзгелерден ерекшеленетін бір нақыш беріп тұрады. Мәселен, бүкіл әлемге кеңінен танымал грек-рим мифологиясына тоқталайық. Ең атақтылары – Зевс, Аид, Посейдон, Афина құдайлары, Геркулес, музалар, горгоналар, кентаврлар, минотаврлар, пегастар т.б. Бұлар жайлы кітаптар жазылған, фильмдер түсірілген, спектакльдер қойылған, тіпті видео ойындар құрастырылған. Осылай гректер мен римдіктер мәдениеті баршаға әйгілі болды. Өзге мемлекеттердің мифологиясына көз жүгіртіп өтейік. Германия (скандинав) – Асгард, валькириялар, Один, Тор, Локи, Хела құдайлары, Фенрир, Ермунганд; Ұлыбритания (кельт) – друидтар, бақсылар (ведьма, колдунья), единорог, үшбасты ит; Ирландия (кельт) – бэншалар, эльфтер; Шотландия (кельт) – гоблиндер, Лох-Несс құбыжығы, айдаһарлар, сиреналар, кракен; Ресей (славян) – үшбасы айдаһар, Баба-Яга, кикимора, вурдалак, су перілері, дивалар, йети, Лабынқыр жыланы; Мысыр – Сфинкс, мумиялар, Ра, Тот, Осирис, Исида құдайлары; Үндістан – Рама, Сита, Сугрив, Шива, Вишну, Агни, Карма құдайлары; Қытай – айдаһарлар, Лун Му құдай-анасы, Байху, Феникс, Паньгу, Нюйва, Фуси құдайлары; Жапония – Идзанаги, Идзанами, Еми, Аматаэрасу, Цукуэми, Сусаноо құдайлары; Арабия – Анка, Джинн, Рух, Каркаданн, Хумай (Ұмай).

Қазақ мифологиясы – бүгінгі қазақ халқын жасауға қатысқан, ғасырлар бойы көшпелі ру-тайпалардың мәдениетінде қалыптасқан адам, дүние-ғалам, өмір туралы түсініктердің жүйесі. Қазақтарда мифология бар, бірақ шашыраңқы түрде орналасқан. «Қазақ мифологиясында қандай кейіпкерлер бар?» деген сұраққа да жауабым дайын. Қазақ мифологиясында 40-тан астам кейіпкер бар. Олардың кейбірі қаскүнем болса, енді бірі – жағымды образдар. «Қазақтың мифтік кейіпкерлері» атты кітапта қазақ фольклорындағы мифтік кейіпкерлерді 6 түрге жіктеп көрсетілген:

1. Тотемдік кейіпкерлер: көк бөрі, көк өгіз;
2. Шамандық кейіпкерлер: самұрық, бәйтерек, бақсы;
3. Демонологиялық кейіпкерлер: албасты, жезтырнақ, жалмауыз, мыстан кемпір, пері, шайтан, жын, дию;
4. Хтоникалық кейіпкерлер: дәу (қара дәу, бір көзді дәу, Шойынқұлақ, Үш дәу, Аю дәу), алыптар (алаңғасар, арсалаң, Толағай, Ерсары, Ұлтанқұл), ергежейлі (жартықұлақ, бойы бір қарыс, сақалы қыры қарыс);
5. Ілкі қаһармандар: сиқырлы көмекшілер (таусоғар, көлтаусар, саққұлақ, желаяқ, епті), пірлер (Қамбар ата, Зеңгі баба, Ойсыл қара, Сексек ата, Шопан ата);
6. Трансформацияланған мифтік кейіпкерлер: Қаңбақ шал, Тазша бала.

Бұлардың арасында көк бөрі, көк өгіз, самұрық, бәйтерек сынды кейіпкерлер бейтарап, біршама жағымды образда болса, демонологиялық кейіпкерлердің барлығы, аты айтып тұрғандай, жағымсыз, қаскөй келеді. Ал дәулердің ішінде адам жейтін қара дәу мен жалғыз көзді дәу, аю дәу, асқан күштің иесі Шойынқұлақ жаман кейіпкер болса, үш дәу табиғатынан аңғал, алаңғасар келеді, ешкімге зияны жоқ.

Ал алыптар екі сипатта келеді: бірі адам баласында көмектескіш, жақсылық ойлаушы жан болса, екіншісі – дүлей күштің иесі, жамандық жолында жүруші. Мәселен, арсалаң мен алаңғасар табиғатынан қырсық болса да, өте ақкөңіл, бала мінезді, ешкімнің көңілін қалдырмауға тырысатын аңғал кейіпкерлер. Қазақта «арсалаң» деген сөз ниеті таза, біраз ебедейсіздеу, қалбақтаған жарқын адамға айтылатыны содан.

Тау көтерген Толағай мен ірі тұлғалы, алып күштің иесі Ерсарының әдебиеттегі образы – батыр. Олар – адамзат үшін жағымды кейіпкерлер. Ал алыптардың арасында Ұлтанқұлдың бейнесі ұнамсыз. Алпамыс батыр жырында кездесетін кейіпкердің бет-болмысы өте жиеркінішті.

Ергежейлі кейіпкерлердің арасында жарты құлақ – өте елгезек, тапқыр бала. Бірақ бойы бір-ақ тұтам. Ал «бойы бір қарыс, сақалы қырық қарыс» жарты құлаққа қарама-қарсы кейіпкер. Егер жарты құлақ адамзатқа пайдалы кейіпкер болса, бойы бір қарыстың адам баласына тигізетін кесірі соншалық ауыр.

Ал Таусоғар, Көлтауысар, Желаяқ, Саққұлақ, Епті сынды адам баласына жолдас болуға бейім келетін кейіпкерлер табиғатынан көмекші, қагілез, белгілі бір нақты қызметті атқарушы болып келеді.

Тазша бала мен Қаңбақ шал – адамзатқа аса зияны жоқ кейіпкерлер.

Қазақ мифтерін классификациялау осымен аяқталып қалмайды. Бізге беймәлім деректердің шегіне жету орасан еңбекті талап етеді. Зерттеушілер, әдебиетшілер мен әуесқойлар алдындағы ашылмаған жаңалықтар сыртқа шыққанда тек әдебиет емес бар тарих салалары үлкен сілкіністен өтпек. «Қазақ халқының уақыт арбауында адасып кеткен құнды материалдары біз шешімін таппай жүрген сұрақтарға жауап береді» [1, 206.].

Жезтырнақ — қазақ фольклорында кездесетін мифтік бейне. Жезтырнақ, әдетте, жағымды кейіпкерге қарсы оның қас дұшпаны ретінде сипатталады. Бірақ ол қаншалықты жауыз, айлакер болса да, халықтан шыққан батырлардан жеңіліп қалып отырады. Қазақ фольклорында Ж. бейнесі “Құламерген”, “Жерден шыққан желім батыр”, “Аламан мен Жоламан” сияқты ертектерде, “Алпамыс батыр” эпосында, Ж.Жабаевтың “Өтеген батыр” дастанында, т.б. бар.

Тәңір – ең жоғарғы құдай, барша әлемді жаратушы. Барлық құдайлар оның әміріне бағынуы керек. Бар жаратылыстың қамқоршысы, құдайлар мен адамдардың өмір сүруіне бөгет жасайтын жын-шайтандарды найзағаймен соғып жайратады (гректердің бас құдайы – Зевсті еске түсірейік). Ұмай ана - ертедегі Ұлы Даланы мекендеген түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық тәңірісі. Ұмай анаға қазақтардан басқа хакастар, қырғыздар, алтайлықтар, тывалықтар, шорлар және түріктер табынған. Қазақ даласына ислам діні енген соң Көк тәңірімен қатар аталатын Ұмай ана есімі ендігі жерде өз мәнін солғындатып, бөбектер мен аналардың жебеуші піріне айналды. Ұмай ана тәрізді қасиетті бейнелер финн-угор халықтары фольклорында да бар. Ұмай ана біздің дәуірімізге дейінгі II ғасырда өмір сүрген, Арғын Аспар есімді кісінің қызы. Көне түркі мифологиясы бойынша, Ұмай ана – ұрпақ жалғастығын жебейтін періште. Ертеде қазақтар қыздарын ұзатқанда, неке қиғыз рәсімінде, сондай-ақ әйелдер босағанда Ұмай анаға жалбарынып, одан медет тілегені мәлім. ««Ұмай» деген сөз ежелгі түркі тілінде «баланың ізі», «бала орны», «ана жатыры» деген мағынаны білдіреді» [1, 346.].

Албасты - қазақтың тұрмыстық мифологиясындағы зиянкес – зұлым демонның образы, жын-пері. Кейде оған су тылсымына байланысты әзәзіл пері деген де түсінік беріп жатады. Албастылар өзен-көлдердің маңайын мекен етіп, ақ шашы жалбыраған, емшегі арқасынан асып салбыраған ұсқынсыз әйел кейпінде көрінеді. Әдетте, ол жағалауда жайбарақат шашын тарап отырады. Албастылар жансыз заттар мен жануарлар кейпіне енеді деген нанымдар бар. Ең қаскүнем зиянкес албастылар қара, қалғандары сары болады. Олардың қолында әрқашан да сиқырлы кітап, тарақ, күміс теңге жүреді. Албастының күйеуі – әзәзіл Теміртөс сайтан. Ол – орманда мекендейтін пері. Албастылар адамның түсіне еніп, шошытып, ауруға шалдықтырады. Әсіресе, жас босаған әйелдер мен жаңа туған сәбилерге өш. Албасты – барлық түркі тілдес халықтардың мифтерінде кездесетін ұғым. Тувалық мифтерде албастының жалғыз көзі мен тастан жасалған мұрны болады. Албастыға ұқсас өзге кейіпкерлер бар, атап айтсақ мыстан кемпір шайтан, жезтырнақ, жалмауыз кемпір, жын т.б. «Славян халықтарының мифологиясындағы албасты – Баба Яга, дива; кельт мифологиясында – баксы (ведьма, колдунья), бәнша, су перісі» [2, 666.].

Банши немесе бэнши – ирландиялық фольклорда және Шотландияның таулы тұрғындары арасында өлімді болжайтын перілердің ерекше түрі. Олар әртүрлі формада болады: қорқынышты кемпірден сұлу қызға дейін. Әдетте олар ағаштардың арасын кезіп жүреді не ұшады. Жантүршігерлік айқайлары жабайы қаздардың айқайы, баланың жылауы мен отбасы мүшесінің қайтыс болғанына қайғырып ұлып жатқат қасқырлар дауыстарының жиынтығына ұқсас. Баншилер кешке немесе түнде, таң алдында пайда болады. Олардың пайда болуы қанаттардың қағылуына ұқсас дыбыспен бірге жүруі мүмкін.

Далалы жерлердің өзендерінде, қамысты сай-салаларында, иірімді тұмаларда (кішірек бастау, бұлақ) сұлу арулар – су перілері өмір сүреді. Қазақтар оларды Күлдіргіш деп атайды. Күлдіргіштер су түбінде жасырынады. Сол себептен қамыс пен құрақ өскен жайылма айдын қауіпсіз, тыныш болып көрінеді. Ағаштардың жуан діндерін аймалаған су ақырын ағып жатады. Қайранды саланың мөлдір суында серке балықтардың шорши жүзгені жоғарыдан байқалып тұрады. Осындай аялы да саялы жерлерде қауіп бар деп ешкім ойламайды. «Тұңғиықта, сарғыш қоңыр өзен балдырында Күлдіргіш жасырынатынын біле бермейді. Перілер жалаңаш келіп, шомылып жүрген жас жігіттерді қызықтырып, арбайды, еліктіріп, қастарына шақырады. Жігіт жақындай бергенде жармаса кетіп, ұзын қолдарымен мойындарынан орай қысып, өлгенше қытықтап, су түбіне, балдырлы түнекке тартып әкетеді» [2, 986.].

Өзге мифологияда:

Мелюзина (Мелузин) - бұл кельт пен ортағасырлық аңыздардан шыққан ертегі, касиетті бұлақтар мен өзендердегі тұщы судың рухы. Көбінесе жылан-әйел немесе балық-әйел ретінде (мұнда Эхиднамен ұқсастығын байқауға болады) белінен төмен қарай бейнеленген (мысалы, теңіз қызы), кейде екі құйрықты. Адамға тұрмысқа шығады, оған оны ешқашан жануар түрінде көрмейтін шарт жасайды. Егер жары оны жылан кейпінде көрсе, оны тастап кетеді.

«Русалка - шығыс славян мифологиясының кейіпкері. Халықтық мистицизмнің әр түрлі бейнелерінің бірі: Ресейдің Солтүстігінде, Еділ бойында, Оралда және Батыс Сібірде болған су перісі туралы түсініктер Батыс Ресей мен Оңтүстік Ресейдегіден айтарлықтай ерекшеленеді. Русалкалар өрістерге, ормандар мен суларға қамқорлық жасайды деп сенген. Бұрын бұл кейіпкер водянтиха, шутовка, щекотиха деп, ал Ресей мен Украинаның оңтүстігінде мавка ретінде танымал болған» [3, 1256.].

Нереидтер (ежелгі грекше Νηρηίδες) - ежелгі грек мифологиясында теңіз құдайлары, нимфалар, Нерейдің қыздары мен Дорида океаноидтары, сыртқы түрі бойынша славян перілеріне ұқсайды.

1. Гюйгенс Х., Три мемуара по механике. Перев. С англ., Физ-матгиз, Москва, 1960.
2. Блехман И.И. Самосинхронизация вибраторов некоторых вибрационных машин. Инженерный сб., 1953, 16 бет.
3. Блехман И.И., Работы института «Механобр» в области теории вибрационных процессов и машин. Сб. «Вибрационная техника». Материалы научно-технической конференции. Москва, 1966,
4. Гантмахер.Ф.Р. Оцилляционные матрицы ималые колебания механических систем., 417 бет. Наука, Москва,1970
5. Блехман И.И., Поляков В.И., Ходжаев К.Ш., Синтез форм вынужденных колебаний и настройка многoprиводных резонансных вибрационных машин. Инженерный журнал. Механика твердого тела, 1967, № 6.

ӘОЖ 519.87:621


СЕРПІМДІ ТИЕКТЕРІ БАР МЕХАНИЗМДЕР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ МАТЕМАТИКАЛЫҚ МОДЕЛІ

Тлегенова Н., «Математика» мамандығының 3 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., tlgenova2018@bk.ru
Жакаш Ә.Т., т.ғ.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
zhakash58@mail.ru

Аңдатпа: бұл мақалада серпімді білікті механизмдер динамикасы туралы, механизмдердің серпімді тиектерінің қатаңдығын келтіру және сызықты серпімді екі массалы динамикалық моделдің қозғалысының дифференциалдық теңдеулері жайлы айтамыз.

Кілттік сөздер: тиек, нүктелер, кинематикалық тізбек, механизм, момент, инерциялық момент, координаттар, анализ, рычаг, теңдеу, деформация.

Кейбір механизмдерде бөлшектерінде секірмелі үйкеліс күштерінің әсерінен зиянды фрикциялық тербелістер пайда болады [1]. Сондықтан, қазіргі кездегі жылдам қозғалатын машиналар мен механизмдер үшін бұл мәселенің өзектілігі зор деп айтуға болады. Бұл динамикалық есеп болғандықтан құрылымның математикалық моделін құру керек. Мысал ретінде келесі динамикалық жүйені қарастырайық (1-сурет).



Сурет 1. Серпімді тиектері бар механизм

Массасы m -ге тең сырғыма, жылдамдығы v_0 тең жылжымалы төртбұрышты бұдыр бетте жатсын, x -орын ауыстыруы, c -серіппелердің қатандығы. Үйкеліс күші нольден $F_{\text{үйк}} = fmg$, мұндағы f -үйкеліс күшінің коэффициенті. Серіппенің күші де нольден cx -қа дейін өзгереді. Онда серіппенің серпімділік күші

$$F_c = c \cdot x_c, \text{ бұдан } x_c = \frac{F_c}{c}. \quad (1)$$

Үйкеліс кезіндегі жұлынуға дейінгі уақыт $t_c = \frac{x_c}{v_0}$. Егер үйкеліс күшін тұрақты F_0 күшіне тең деп қабылдасақ, онда сырғыманың жулынуан кейінгі қозғалысының дифференциалдық теңдеуі келесі түрде өрнектеледі.

$$m\ddot{x} + cx - F_0 = 0 \quad (2)$$

Немесе

$$\ddot{x} + k^2 x = x_c k^2 \quad (3)$$

$k = \sqrt{\frac{c}{m}}$ - жүйенің өзіндік жиілігі, $x_c = \frac{F_0}{c}$ - статикалық орын ауыстыру. (2)-ші теңдеудің екі жағында F_0 -ге бөліп келесі өлшемсіз түрге келтірейік

$$\frac{m}{F_0} \ddot{x} + \frac{c}{F_0} x - 1 = 0 \quad (4)$$

және жаңа өлшемсіз айнымалыны кіргізіп (2)-ші теңдеуді келесі түрге келтіреміз, яғни $y = (x - x_c)/x_k$, онда

$$\frac{m}{F_0} x_k \ddot{y} + \frac{c}{F_0} (x_c + x_k y) - 1 = 0 \quad (5)$$

$$x = x_c - \sqrt{\frac{v_0^2}{k^2} + \left(\frac{\Delta F}{c}\right)^2} \cdot \sin(kt + \theta) \quad (6)$$

мұндағы $\theta = \arctg \frac{\Delta F k}{c v_0}$.

(6) формулалардан алғы шарттарды пайдалана отырып, үйкелісте жұмыс істейтін сырғыманың ең үлкен орын ауыстыруын, ең үлкен және ең кіші немесе нөлге тең жылдамдықтарын анықтауға болады. $x, \dot{x}, \ddot{x}$ кинематикалық параметрлердің өзгеру заңдылықтарын алу үшін Maple17 жүйесінде бағдарлама түзілді [2].

>

restart; $m := 10 : c := 100 : Fp := 40 : F0 := 20 : v0 := 0.01 : DF := Fp - F0 :$

$w := evalf\left(\sqrt{\frac{c}{m}}\right);$

3.162277660

$o := evalf\left(\arctan\left(\frac{(DF \cdot w)}{(c \cdot v0)}\right)\right);$

1.554986256

$x1 := \sqrt{v0^2 + \left(\frac{(DF \cdot w)}{c}\right)^2} \cdot \cos(w \cdot t + o);$

0.6325345840 cos(3.162277660 t + 1.554986256)

plot(x1, t = 0 .. 1);

$xp := \frac{Fp}{c};$

$\frac{2}{5}$

$$x := xp - \frac{DF}{c} + \text{sqrt}\left(\frac{v0^2}{w^2} + \left(\frac{(DF)}{c}\right)^2\right) \cdot \sin(w \cdot t + o);$$

$\frac{1}{5} + 0.2000249984 \sin(3.162277660t + 1.554986256)$

$\text{plot}(x, t = 0 \dots 1.7);$

$$x2 := -w \cdot \text{sqrt}\left(v0^2 + \left(\frac{(DF \cdot w)}{c}\right)^2\right) \cdot \sin(w \cdot t + o);$$

$-2.000249984 \sin(3.162277660t + 1.554986256)$

$\text{plot}(x2, t = 0 \dots 1);$


$xx3$

$$:= \sqrt{\frac{c(-c w^2 x p^2 + 2 c w^2 x p x x - c w^2 x x^2 + 2 D F w^2 x p - 2 D F w^2 x x + c v 0^2)}{c^2 v 0^2 + D F^2 w^2}}$$


$$\sqrt{\frac{c^2 v 0^2 + D F^2 w^2}{c^2}};$$

$0.6325345840 \sqrt{-24.99375156 x x^2 + 9.997500622 x x + 0.0002499375156}$

$\text{plot}(xx3, xx = -0.1 \dots 0.5);$




2.а. – сурет




2.б. – сурет.

2 – суреттерде сырғыманың орын ауыстыру, жылдамдығының және үдеуінің өзгеру графиктері берілген. Графиктер келесі параметрлер үшін тұрғызылған: $m = 10 \text{ кг}$, $c = 100 \frac{\text{Н}}{\text{мм}}$, $F_c =$

$$40 \text{ Н}, F_0 = 20 \text{ Н}, \vartheta_0 = 0.01 \frac{\text{м}}{\text{с}}.$$



2.в. – сурет



Әдебиет

1. Ливитский Н.И. Теория механизмов и машин. М.: «Наука», 1979
2. http://ru.wikipedia.org/wiki/Компьютерное_моделирование (2007.)

ӨОЖ 517.95:004.9

ТЕҢСІЗДІКТЕР МЕН ТЕҢДЕУЛЕРДІ MAPLE БАҒДАРЛАМАСЫНДА ЗЕРТТЕУ

Саткожаева Э., Математика және статистика мамандығының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., satkozhaeva@mail.ru
Егемберді Ш.Қ., магистр, аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., shinar.egemberdi@mail.ru

Андатпа: бұл мақалада Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алған мемлекет ретінде дамуының 30 жылы ішінде математикалық есептерді, соның ішінде теңсіздіктер мен теңдеулерді шығарудың заманауи әмбебап әдістері туралы айтылған. Жұмыс мақсаттары – Maple аналитикалық есептеу жүйесіндегі теңсіздіктер мен теңдеулерді шешуде қолданылатын командаларды білу және көрсетілген командаларды математикалық есептерді шешу үшін қолдана білу. Жұмыс міндеттері – әртүрлі теңсіздіктер мен теңдеулердің шешуде Maple математикалық пакетінің мүмкіндіктерін жүзеге асыру. Зерттеу нәтижелері – теңсіздіктер мен теңдеулерді шығарудың дұрыс әрі тиімді әдістерін алу болып табылады. Қысқаша қорытындыласақ, теңсіздіктер мен теңдеулерді шешудің әр түрлі әдістері бар. Алайда, оларды дұрыс шығарып, уақыт үнемдеп, көрнекілік жағынан түсіндіру мақсатында Maple жүйесінің алатын орны ерекше екені дәлелденген.

Кілттік сөздер: Maple жүйесі, Maple Root Of функциясы, solve, open, plot, fsolve, infinity, subs, EnvExplicit=true командалары, комплекс сандар.

Maple жүйесінің математикалық пакеті - бұл 1984 жылы құрылған және күрделі математикалық есептеулерге, деректерді визуализациялауға және модельдеуге бағытталған бірқатар бағдарламалық өнімдер шығаратын Waterloo Maple Inc. (Канада) құрған компьютерлік алгебра жүйесі. Maple жүйесі символдық есептеулерге арналған, сонымен қатар дифференциалдық теңдеулерді сандық шешуге және интегралдарды табуға арналған бірқатар құралдарға ие. Озық графикалық құралдарға ие. Паскаль тіліне ішінара ұқсас өзіндік бағдарламалау тілі бар [1].

Жалпы мағынада Maple - бұл компьютерде математикалық есептеулер жүргізуге арналған орта. Фортран, Бейсик, Си немесе Паскаль сияқты жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдерінен айырмашылығы Maple командаларды енгізу арқылы көптеген математикалық есептерді алдын-ала бағдарламалаусыз шеше алады. Сонымен қатар, Maple шамамен сандармен ғана емес, дәл бүтін сандармен және рационал сандармен де жұмыс істей алады. Бұл сізге жоғары, идеалды шексіз, дәлдікпен жауап алуға мүмкіндік береді.


Бірақ, ең бастысы, есептердің шешімін аналитикалық жолмен, яғни математикалық белгілерден тұратын формула түрінде алуға болады. Осыған байланысты Maple символикалық математика пакеті деп те аталады [2].

Қазіргі уақытта Maple жүйесі, әзірлеушілердің күш-жігерінің арқасында күрделі жобаларды орындауға арналған қуатты есептеу жүйесіне айналды. Maple күрделі сандар өрісі бойынша күрделі алгебралық түрлендірулер мен оңайлатуларды орындай алады, ақырлы және шексіз қосындыларды, көбейтінділерді, шектер мен интегралдарды таба алады, символдық түрде және сандық алгебралық (трансценденталды) теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелерін шешеді, көпмүшелердің барлық түбірлерін табады, және қарапайым дифференциалдық теңдеулердің сандық жүйелері және дербес дифференциалдық теңдеулердің кейбір кластарын аналитикалық жолмен шешеді.

Maple сызықтық және тензорлық алгебра, эвклидтік және аналитикалық геометрия, сандар теориясы, ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика, комбинаторика, топтық теория, интегралдық түрлендірулер, сандық жуықтау және сызықтық оңтайландыру (симплекс әдісі) сонымен қатар қаржылық математика және көптеген басқа да көптеген есептерін шешуге арналған ішкі бағдарламалар пакетін құрайды.

Maple-де дамыған бағдарламалау тілі бар. Бұл қолданушыға командаларды дербес құруға мүмкіндік береді және осылайша Maple-дің арнайы мәселелерін шешу мүмкіндіктерін кеңейтеді [3]. Жақсы мәтіндік редактор және керемет графика сіздің жұмысыңызды кәсіби түрде жобалауға мүмкіндік береді.

Жылдар өте келе бұл жүйе дами түсуде. Бұл жүйеде жұмыс жасау үшін ағылшын тілін жақсы меңгеру керек. Қазіргі таңда, үш тілді меңгеру мақсатында бұл ешқандай қиындық туғызбайды. Ендеше, Maple жүйесінді теңсіздіктер мен теңдеулерді шешу әдістерін қарастырайық. Maple жүйесінің жалпы көрінісі мынадай:



Maple жүйесінде теңсіздіктер мен теңдеулерді шешу үшін **solve** командасын (функциясын) қолданады. Ол үшін бірнеше мысалдар қарастырайық. Квадрат теңдеу берілсін [4].

Мысал 1. $2x^2 - 5x + 2 = 0$

Осы квадрат теңдеудің түбірлерін табу үшін жүйеге келесі түрде командалар тереміз. Сонда

```
> solve(2*x^2-5*x+2);  
1/2, 2
```

Назар аудару қажет: егер шешілетін бірінші (және біздің жағдайда жалғыз) **solve** аргумент теңдеу (немесе теңсіздік) болмаса, онда Maple оны осы өрнек 0-ге теңестірілгендей қабылдайды. Теңсіздіктер берілгенде міндетті түрде олардың кіші немесе тең белгілері көрсетілуі шарт.

Мысал 2, $2x^2 - 5x + 2 < 0$ берілсе

```
> solve(2*x^2-5*x+2<0);
```

```
Real Range(Open(1/2), Open(2))
```

болады. Ал. Егер $2x^2 - 5x + 2 \geq 0$ болса, онда

```
> solve(2*x^2-5*x+2>=0);
```

```
Real Range (-infinity, 1/2), Real Range (2, infinity)
```

жауаптар аламыз.

Ашық диапазон немесе сәуле үшін Maple-де Real Range функциясы орнатқан аралық ұштарына қолданылатын **Open** функциясын қолданып орнатылғанын ескеру керек. **Open** пәрмені (кішкентай әріппен) файлдарды ашу үшін қолданылады.

Дәреже көрсеткіштері 2-ден жоғары алгебралық теңдеулерді шешудің мысалдарын Қарастырайық [4].

Мысал 3. $x^4 - 5x^3 + 2x^2 - 5x + 1 = 0$

> solve($x^4 - 5x^3 + 2x^2 - 5x + 1$);

$$\frac{5}{2} + \frac{1}{2}\sqrt{21}, \frac{5}{2} - \frac{1}{2}\sqrt{21}, I, -I$$

Мұнда жүйе теңдеудің нақты түбірлерімен қоса нақты емес түбірлерді тауып беріп отыр, яғни алғашқы 2 түбір нақты, 3-ші және 4-ші түбірлер комплекс сандар болып тұр.

Кейде оны одан әрі түрлендіруде қолдану үшін нақты түбірді таңдау өте маңызды. Мысал 3 көрсетілген теңдеу үшін түбірлерді белгілеп көрейік. Ол үшін solve пәрменін орындау нәтижесіне алдын ала атау беру керек. Оны X деп атайық. Содан кейін X[1] белгілеу тізімдегі бірінші түбірге сәйкес келсе, X[2] - екінші түбірге сәйкес келеді. Тексеріп көрейік. Ол үшін келесі командаларды қолданамыз.

>eq1:= $x^4 - 5x^3 + 2x^2 - 5x + 1$;

$$eq3 := x^4 - 5x^3 + 2x^2 - 5x + 1$$

>a1:=solve(eq1,x);

$$\frac{5}{2} + \frac{1}{2}\sqrt{21}, \frac{5}{2} - \frac{1}{2}\sqrt{21}, I, -I$$

Теңдеудің екі нақты шешімі бар. Қандай да бір бірінші немесе екінші шешімге жүгіну оның атын шешімнің нөмірімен көрсету арқылы жүргізіледі, мұнда шаршы жақшада: name [k] белгілеп көрсетеміз. Сонда

>x1:=a1[1];

>x2:=a1[2];

$$x1 := \frac{5}{2} + \frac{1}{2}\sqrt{21}$$

$$x2 := \frac{5}{2} - \frac{1}{2}\sqrt{21}$$

Мысал 4. $x^4 - 10x^3 + 35x^2 - 50x + 24 = 0$, $-2x^3 + x^2 + 2x - 1 = 0$ теңдеулерін шешу барысында келесі нақты түбірлерді аламыз [5]:

> solve($x^4 - 10x^3 + 35x^2 - 50x + 24$);

1, 2, 3, 4

>solve($-2x^3 + x^2 + 2x - 1$)

1, 1/2, -1

Осындай нақты түбірлерді аламыз. Maple жүйесі тек теңдеулер мен теңсіздіктердің шешімін ғана анықтап қоймай, сонымен қатар тексеру процесін де жүзеге асыра аалды [5]. Алынған шешімдердің дұрыстығын тексері үшін subs командасын қолданамыз. Мысал 4 көрсетілген түбірлердің дұрыстығын тексеріп көрелік:

>eq2:= $x^4 - 10x^3 + 35x^2 - 50x + 24$;

$$eq3 := x^4 - 5x^3 + 2x^2 - 5x + 1$$

```
>a2:=solve(eq2,x);
a2 := 1, 2, 3, 4
> p1:=subs(x=a2[1],eq2);
p1 := 0
> p2:=subs(x=a2[2],eq2);
p2 := 0
> p3:=subs(x=a2[3],eq2);
p2 := 0
> p4:=subs(x=a2[4],eq2);
p4 := 0
```

Егер теңдеудің түбірлері радикалдармен көрсетілмесе немесе олардың өрнегі тым ауыр болса, Maple **RootOf** функциясын пайдаланып жауап береді.

Мысал 5. $x^5 - 4x - 5 = 0$ мынадай теңдеу берілсін[4]:

```
>solve(x^5-4*x-5);
```

$\text{RootOf}(_Z^5 - 4_Z - 5)$

solve командасының көмегімен тек алгебралық теңдеулер ғана емес сонымен қатар теңсіздіктерді де шешуге болады. Келесі мысалды қарастырайық.

Мысал 6. $6x^2 - 7x + 2 \leq 0$, $6x^2 - 7x + 2 \geq 0$ Теңсіздіктерді шешу үшін келесі команданы тереміз:

```
>solve(6*x^2-7*x+2<=0);
```

$\text{RealRange}\left(\frac{1}{2}, \frac{2}{3}\right)$

```
>solve(6*x^2-7*x+2>=0);
```

$\text{RealRange}\left(-\infty, \frac{1}{2}\right), \text{RealRange}\left(\frac{2}{3}, \infty\right)$

яғни берілген бірінші теңсіздіктің шешімі $\left[\frac{1}{2}, \frac{2}{3}\right]$ аралықта жатса, екінші теңсіздіктің шешімі

$\left[-\infty, \frac{1}{2}\right], \left[\frac{2}{3}, \infty\right]$ аралығындағы сандар болып табылады. Егер командада x айнымалысын

фигуралы жақшаға алсақ $\{x\}$, жауапты басқа түрде көруге болады:

```
> solve(6*x^2-7*x+2<=0,{x});
```

$\left\{\frac{1}{2} \leq x, x \leq \frac{2}{3}\right\}$

```
>solve(6*x^2-7*x+2>=0,{x});
```

$\left\{x \leq \frac{1}{2}\right\}, \left\{\frac{2}{3} \leq x\right\}$

Шешімді нақты түрде алу үшін трансцендентальды теңдеулерді шешкен кезде solve командасының алдында **_EnvExplicit:=true** қосымша пәрменін енгізу керек. Трансценденттік теңдеулердің күрделі жүйесін шешудің және шешім түрін жеңілдету командасын қарастырайық.

Мысал 7. $5e^{\left(\frac{x}{4}\right)} = 43$ теңдеу берілсе [4], келесі командаларды тереміз:

```
>eq:=5*exp(x/4)-43=0:
> _EnvExplicit:=true:
> s:=solve(eq,{x}):
```

```
> simplify(s[1]);
```

$$x = 4 \ln(43) - 4 \ln(5)$$


шешімін аламыз. Сонымен қатар трансцендентальді теңдеулерді шешуде Maple жүесінің графиктері де зор үлес қоса алады. Берілген теңдеудің шешімін графиктік тәсілмен іздейміз, яғни берілген теңдеудің графигі мен Ох осінің қиылысу нүктесі теңдеудің шешімі болып табылады [6]. Графикті салу үшін **plot** командасын қолдансақ, берілген аралықта нүктесін сандық мәнін табу үшін **fsolve** пәрменін қолданамыз. Келесі теңдеуді графиктік тәсілмен шығарайық:

Мысал 8. $7x^2 - 10x + 5\sin(x - 2) = 0$. Бұл теңдеуді шешу үшін келесі командаларды жазамыз:

```
>eq:=7*x^2-10*x+5*sin(x-2)=0;
```

$$eq := 7x^2 - 10x + 5\sin(x - 2) = 0$$

```
>plot(lhs(eq),x=-5..5);
```



Графиктен түбірлерді іздеу аумағын табамыз. Олар $[-2, 0]$, $[0, 2]$. **fsolve** командасын қолданып сол аралықтағы түбірді табамыз:

```
>fsolve(eq, x=-2..0);
```

- .3056041091

```
> fsolve(eq, x=0..2);
```

1.601591945

Осылайша, теңдеудің екі түбірін таптық. Қорыта айтқанда, теңсіздіктер мен теңдеулерді шешудің әдістерін пайдаланып, есептің дұрыстығына көз жеткізе аламыз.

Әдебиет

1. Глебова М. В., Черанева И.И. Пособие по элементарной алгебре. Пенза: ПГПУ им. В. Г. Белинского, 2012 г.
2. Савотченко С.Е., Кузьмичева Т.Г. Методы решения математических задач в Maple. Белгород: Изд. Белаудит, 2001 г.
3. Сдвижков О.А. Математика на компьютере: Maple 8. М.СОЛОН, 2003 г.
4. Ханова А.А.Численное решение уравнений. Методическое пособие для студентов института. Астрахань 2001 г.
5. Прохоров Г.В., Колбеев В.В., Желнов К.И., Леденев М.А., Математический пакет Maple V Release 4. Калуга: Облиздат, 1998 г.
6. А.В. Матросов Основы работы в Maple V Rel4, СГУ: Санкт-Петербург, 1999г.
<http://www.apmath.spbu.ru/ru/structure/depts/is/Maple-Book.pdf>

ӘОЖ 53.049.1

АУАНЫҢ ТАСЫМАЛДАУ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕРІ

Тазабаева А., Физика мамандығының 1 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., tazabaevva@gmail.com
Егембердиева С.Ш., ф-м.ғ.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., s.egemberdieva@bk.ru

Андатпа: бұл жұмыста тасымалдау құбылыстары мен оның өту шарттары қарастырылып, диффузия, жылуөткізгіштік, тұтқырлық коэффициенттері анықталып, бұл коэффициенттер молекула-кинетикалық теория негізінде анықталған мәндермен салыстырылды.


Кілттік сөздер: диффузия, жылуөткізгіштік, тасымалдау, капилляр, тұтқырлық.

Химиялық және мұнай-химиялық, сонымен бірге газ өндірісінің дамуына байланысты газдардағы тасымалдау құбылыстары маңызды орын алатын үрдістерді тереңірек игеру қажеттігі туындады. Тасымалдау құбылыстары көптеген технологиялық үрдістердің: абсорбцияның, ректификацияның, буланудың, конденсацияның және т.б. негізі болып табылады [1].

Тасымалдау құбылыстарын зерттеу процеске қатысатын газ молекулаларының өзара әсерлесу потенциалдарының параметрлерін алу және осы процестердің механизмін анықтау мақсатында да маңызды. Диффузия, жылуөткізгіштік және тұтқырлық коэффициенттерін эксперимент жүзінде анықтау кинетикалық теорияны және молекулалардың өзара әсерлесу потенциалдарының үлгісін таңдаудың дұрыстығын тексеруге мүмкіндік береді. Қатаң кинетикалық теорияда Больцман теңдеуінен анықталатын таралудың тепе-тең емес функциясы қолданылады. Бинарлық соқтығысулар ғана ескерілетін және молекулаларының өлшемі молекулалар арасындағы орташа қашықтықпен салыстырғанда кіші болатын жеткілікті сиретілген газдарға осы теория қолданылады. Тығыз газдарды зерттеген кезде бұл шарттар орындалмайды, сондықтан Больцман теңдеулеріне түзетулер енгізіледі [2].

Зерттеу жұмысында қолданылған эксперименттік қондырғы Б баллоннан, М сұйықтық манометрінен және баллонмен кран (K_1 - K_5) арқылы жалғанған капиллярлар жиынтығынан (1-5) тұрады. Баллондағы қысымды қажетті мөлшерге дейін K краны ашық болғанда (Н) компрессордың көмегімен және (K_1 - K_5) және K_0 жабық болған кезде арттыруға болады. K_0 краны баллоннан ауаны лезде шығару үшін қолданылады.

Қондырғыда көлденең қимасы бірдей капиллярлар тізбектей жалғанған (1 сурет). Егер K және K_0 крандары жабық болған кезде K_1 кранды ашсақ (K_1 - K_5 крандары жабық болғанда), онда баллондағы ауа бірінші капилляр арқылы ағады.



Сурет 1.

K_2 краны ашық (басқалары жабық) болған кезде ауа 1 және 2 тізбектей жалғанған капилляр арқылы шығады, бұл екі капиллярдың ұзындығының $l_1 + l_2$ қосындысына тең капилляр бойымен аққанға тең.

Ал егер K_5 кранын ашсақ (басқалары жабық), ауа тізбектей жалғанған 5 капилляр арқылы немесе ұзындығы $l_1 + l_2 + l_3 + l_4 + l_5$ капилляр арқылы ағады.

Өлшеу әдісінің сипаттамасы. Егер баллондағы қысымды P_0 атмосфералық қысымнан арттырып капиллярды $\Delta P = P - P_0 = \rho_c g h$ атмосферамен жалғасақ, онда уақыт ішінде капилляр арқылы массасы

$$dm = \rho dV \quad (1)$$

тең ауа мөлшері шығады, мұндағы ρ – ауаның қысымына тәуелді капиллярдағы ауаның тығыздығы, dV – шыққан ауаның көлемі

Капиллярдағы ауа қысымы P_0 -ден $P_0 + \rho g h$ -қа дейін өзгереді, бірақ $\rho g h \ll P_0$ болғандықтан, капиллярдағы ауа қысымын P_0 атмосфералық қысымға тең деп алуға болады. Сонда ауаның тығыздығы (Менделеев-Клапейрон теңдеуі бойынша):

$$\rho = \frac{P_0 M}{RT} \quad (2)$$

dt уақыт ішінде капилляр арқылы өткен ауаның dV көлемі Пуазейль формуласы арқылы сипатталады:

$$dV = \frac{\pi r^4}{8\eta L} \Delta P \cdot \Delta t = \frac{\pi r^4}{8\eta L} \rho_c g h \cdot dt \quad (3)$$

ал баллоннан шығатын ауаның массасын (1) және (2) формулаларды ескеріп, төмендегідей жазуға болады:

$$dm = \rho dV = \frac{P_0 M \pi r^4}{8RT\eta L} \cdot \rho_c g h dt \quad (4)$$

Идеал газ күйінің теңдеуінен газ массасының dm өзгерісін баллондағы қысымның азаюы арқылы өрнектейміз.

$$dP = \rho_c g h \text{ болғандықтан,}$$

$$dm = \frac{MV_0}{RT} dP = \frac{MV_0}{RT} \cdot \rho_c g dh \quad (5)$$

(4) және (5) формулалардан dm алып тастасақ, аламыз:

$$-\frac{dh}{h} = \frac{P_0 \pi r^4}{V_0 8L\eta} \cdot dt \quad (6)$$

Тәжірибе барысында баллондағы қысым $\rho_c g h_0$ -ден $\rho_c g h$ -қа дейін азаяды деген шартпен осы дифференциалдық теңдеуді шешсек, алатынымыз:


$$\ln h = \ln h_0 - \frac{\pi r^4 P_0}{8L\eta V_0} t \quad (7)$$

Осылайша, (7) формула t уақыт ішінде ағып шығатын ауаның капилляр ұшындағы h айырмасын оның тұтқырлығы және капиллярдың r және L өлшемдерімен байланыстырады.

Экспериментте алынған нәтижелер бойынша $\ln h_0/h$ мен t -ның байланыс графигі тұрғызылды. Осы графиктен K бұрыштық коэффициентінің мәнін есептеп шығарылды. Табылған бұрыштық коэффициенттің мәнін қолдана отырып, эксперимент шартына қажетті ауаның тұтқырлық коэффициенті анықталды.

Эксперименттік өлшеу нәтижелері
Есептеу формуласын тәжірибеде зерттеу

$h, \text{мм}$	$t, \text{с}$	h_0/h	$\ln h_0/h$
138	5	1,297101	0,260132
117	8	1,529915	0,425212
100	11	1,79	0,582216
82	14,2	2,182927	0,780667
63	17,7	2,84127	1,044251
41	25,9	4,365854	1,473814
20	37,8	8,95	2,191654



Ауаның тұтқырлық коэффициентін анықтау

$h, \text{мм}$	$t, \text{с}$	h_0/h	$\ln h_0/h$
60	18	2,266667	0,81831
58	19,4	2,344828	0,852212
61	18,4	2,229508	0,801781
61	19,4	2,229508	0,801781
59	19	2,305085	0,835117
59,8	18,84	2,275119	0,82184

Ауаның тұтқырлық коэффициенті:

$$\eta = \frac{3,14 \cdot (0,7 \cdot 10^{-3})^4 \cdot 94125,6}{0,059 \cdot 8 \cdot 172 \cdot 10^{-3} \cdot 0,021} = 0,042 \cdot 10^{-3} \text{ Па} \cdot \text{с}$$

Ауаның жылуөткізгіштік коэффициенті:

$$\lambda = \frac{iR}{2\mu} \eta = \frac{5 \cdot 8,31}{2 \cdot 0,029} \cdot 0,042 \cdot 10^{-3} = 0,03 \text{ Вт} / (\text{м} \cdot \text{К})$$

Ауа үшін диффузия коэффициенті:

$$D = \frac{RT}{\mu P} \eta = \frac{8,31 \cdot 293}{0,029 \cdot 94125,6} \cdot 0,042 \cdot 10^{-3} = 0,037 \cdot 10^{-3} \text{ м}^2 / \text{с}$$

Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында тасымалдау процестерін зерттеу және ауаның тасымалдау коэффициенттерін өлшеу әдістері туралы ғылыми-практикалық әдебиеттер қарастырылып, материалдар жинақталды. Ауаның тұтқырлық, жылуөткізгіштік және өзара диффузия коэффициенттерін өлшеу әдістемесі құрастырылды. Тасымалдау құбылыстары мен оның өту шарттары қарастырылып, диффузия, жылуөткізгіштік, тұтқырлық коэффициенттері анықталып, бұл коэффициенттер молекула-кинетикалық теория негізінде анықталған мәндермен салыстырылды. Капилляр арқылы өтетін ауа көлемінің капиллярдың өлшеміне тәуелділігі зерттеліп, ауаның тұтқырлық коэффициенті Microsoft Excel қолданбалы бағдарламасының көмегімен есептелді және тәуелділік графигі тұрғызылды. Ауаның 706 мм.сын.бағ қысымдағы және 293 К температурағы тасымалдау коэффициенттері анықталды.

Әдебиет

1. Асқарова А.С., Молдабекова М.С. Молекулалық физика: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ Ұлттық университеті. – 2006
2. Бижігітов Т., Молекулалық физика : Оқу құралы. – Алматы: Экономика. –2015

ӨОЖ 675. 024

« $\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3 - \text{Zr}(\text{SO}_4)_2 - \text{H}_2\text{O}$ » ЖҮЙЕСІНІҢ 25⁰С-ДЕГІ ИЗОТЕРМИЯЛЫҚ ЕРІГІШТІГІН ЗЕРТТЕУ

Әлтай А., «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 4 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., altaiaru@gmail.com
Жарлыкапова Р.Б., т.ғ.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., ros61_2010@mail.ru

Андатпа: бұл мақалада « $\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3 - \text{Zr}(\text{SO}_4)_2 - \text{H}_2\text{O}$ » жүйесіндегі компоненттердің өзара әрекеттесуі изотермиялық ерігіштігі әдісімен зерттелініп, хром және цирконий тұздары негізіндегі экологиялық ұтымды гетерополиядролы кешенді қосылыстарды алу концентрациялық аймақтары анықталды.

Кілттік сөздер: изотермиялық ерігіштік, гетерополиядролы кешенді қосылыстар, хром сульфаты, цирконий сульфаты

Қазіргі кезеңде елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының маңызды факторлары өндірісті кеңейту, тиімділігі жоғары технологиялық процестерді қолдану және халық тұтынатын тауарлардың сапасын жақсарту болып табылады.

Өлемде өндірілетін былғарылардың 90% астамы хром (III) қосылуын пайдалануды көздейді, өйткені олар ғана қазіргі уақытта сапалы термотөзімді былғары алуды қамтамасыз етеді. Алайда, хром шығыны дәстүрлі илеу кезінде 50% құрайды, бұл оны ұтымсыз пайдалануға әкеледі және қоршаған ортаға едәуір зиян келтіреді.

Аталған проблемалар мен хром қорының өсіп келе жатқан тапшылығы қайталаудың баламалы нұсқаларын әзірлеуге немесе қазба байлықтарын өндірудің қолданыстағы технологиясын жаңғыртуға мәжбүр етеді.

Илеу былғары-үлбір өндірісінің маңызды процестерінің бірі болып табылады, сондықтан қосалқы заттардың ассортиментін кеңейту былғары сапасын арттырудың негізгі факторларының бірі болып табылады.

Илеу технологиясын дамытудың негізгі бағыттарының бірі алюминий, цирконий және титан қосылыстары негізінде алынған кешенді минералды илегіштерді пайдалану болып табылады, бұл хром тапшылығы мен уытты қосылыстарын қолдануды айтарлықтай азайтуға, сол арқылы қоршаған ортаны құрамында хром бар былғары-үлбір өндірісі қалдықтарының зиянды әсерінен тиімді қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Былғары өндірісінде тері илеу процесі үшін қазір қолданылатын хром илегішінің алдындағы кешенді минералдық илеудің артықшылығы жоғары белсенділік, яғни неғұрлым жақсы илеу әрекеті, белгілі бір құрамдағы кешенді минералды илегіштерді қолдану арқылы терінің қасиеттерін реттеу, экономикалық тиімділікті арттыру және былғары-үлбір өндірісіндегі

экологиялық жағдайды жақсарту мүмкіндігі болып табылады [1-3]. Бұл кешенді қосылыста белгілі бір атомдардың немесе көпірлер деп аталатын атомдар тобының көмегімен байланысты әр түрлі металдар иондарының болуы арқылы жаңа минералды илегіштерді жасауға әкелді. Алынатын қосылыстар гетерополиядролық қосылыстар деп аталады.

Аталған бағыттың қалыптасуы мен дамуына зерттеушілердің кейбір илегіштердің теріс қасиеттері мен кемшіліктерін баса отырып, илеу кезінде өз компоненттерінің оң қасиеттерін көрсететін кешенді минералды қоспа жасауға ұмтылысы да ықпал етті. Сондықтан көп валентті металдардан, мысалы, алюминий (III) және хром (III), цирконий (IV) және титан (IV) гетерополиядролық қосылыстарды алу тәсілдері, осы қосылыстарды илеу әдістемелерін әзірлеу және минералдардың қасиеттерін зерттеу қазіргі уақытта өзекті бағыт болып табылады.

Ұсынылып отырған жұмыста цирконий мен хром гетерополиядролық кешенді қосылыстарының түзілуін изотермиялық ерігіштік әдісі бойынша зерттеу нәтижелері келтірілген.


"Хром сульфаты - цирконий сульфаты - су" жүйесіндегі ерігіштігі туралы мәліметтер кестеде және суретте көрсетілген. Ұсынылған ерігіштік изотермасы жүйеде оның құрамдас бөліктері арасындағы химиялық әрекеттесуді көрсетеді. $E_1CD - 2CrOH\cdot SO_4 \cdot Zr(OH)_2 \cdot 14H_2O$ құрамы кешенінің кристалдану аймағы - $6CrOH\cdot SO_4 \cdot Zr(OH)_2 \cdot SO_4 \cdot 28H_2O$ (ХЦК - 2) кешенінің қаныққан ерітіндісі мен кристалдарынан гетерогенді жүйедегі тепе-теңдік аймағы; RE_2c -хромның гидроксосульфат $CrOH\cdot SO_4 \cdot 8H_2O$ кристаллогидратының қатты фазаға бөліну аймағы.

DeX екі қатты фазаның кристалдануына сәйкес келеді: цирконий гидроксосульфаты және ХЦК-1 цирконий кешенінің гетерополияланған хромы; $SDE1$ - хцк-2 және ХЦК-1 гетерополияланған хромцирконий кешенінің кристалдануы; $RE2S$ - $6CrOH\cdot SO_4 \cdot Zr(OH)_2 \cdot SO_4 \cdot 28H_2O$, яғни ХЦК-2 және хром гидроксосульфатының кристаллогидраты $CrOH\cdot SO_4 \cdot 8H_2O$.

Жүйенің ерігіштік диаграммасының түрі екі жаңа гетерополияланған құрамдар кешенін қалыптастыру үшін жүйенің құрамдас бөліктері арасындағы химиялық әрекеттесуді көрсетеді $CrOH\cdot SO_4 \cdot 4Zr(OH)_2 \cdot SO_4 \cdot 14H_2O$ және $6CrOH\cdot SO_4 \cdot Zr(OH)_2 \cdot SO_4 \cdot 28H_2O$. Қатты фазаға бөлінетін концентрация шектері гетерополиядролы хром-цирконий кешені ХЦК-1 хром сульфатының құрамына 1% - дан 20% - ға дейін және 20% - дан 40% - ға дейін цирконий сульфатына сәйкес келеді; ХЦК-2 гетерополиядролы хромцирконий кешенін құрамында 11% - дан 20% - ға дейін цирконий сульфаты және 20% хром сульфаты бар ерітінділерден бөліп алуға болады.

Хромцирконий кешендерінің күрделі жалпы құрамы, сондай-ақ ерітіндідегі хром мен цирконийдің концентрациясы мен қатынасына байланысты оның өзгергіштігі хром мен цирконийдің көп ядролы кешендерінің өзара әрекеттесетінін көрсетеді.

Хром мен цирконий кіретін өтпелі металдар үшін $Me-OH$ байланысы, әдетте, зарядты орталық атомның бос орбиталарына тасымалдаумен донорлық түрде қабылданатыны белгілі. $Me-O$ байланысы күшейген кезде оттегі атомының поляризациясы артып, $O-H$ байланысы әлсірейді, сондықтан хром мен цирконий тұздарының ерітінділерінде аквакешендердің қышқылдық диссоциациясы жүреді.



Сурет. $Cr_2(SO_4)_3-Zr(SO_4)_2-H_2O$ жүйесінің ерігіштік диаграммасы

Осы теориялық негіздерді қарастыру хром мен цирконий күшті гидроксокешендер түзеді деген қорытындыға әкеледі. Сондықтан цирконийдің хроммен әрекеттесуі кезінде осы металдардың гидроксокешендері өзара әрекеттеседі. Сондықтан металл атомдарының арасындағы аралық көпір ретінде OH^- топтарының болуы күмән тудырмауы керек.

Сонымен, эксперимент нәтижелері хром (III) мен цирконий арасындағы гетерополиядролы комплекстің түзілу реакциясының қарқындылығына, сондай-ақ хром (III) және цирконий сульфаттарын араластыру арқылы алынған ерітінділердің осы кешендердің беріктігіне сәйкес келетіндігін көрсетті.

"Хром сульфаты - цирконий сульфаты - су" жүйесінің $T = 25^\circ\text{C}$ -дегі изотермиялық ерігіштігі

Қаныққан ерітінділердің құрамы, масс. %		Қатты фаза
$\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3$	$\text{Zr}(\text{SO}_4)_2$	
0,1	39,9	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
2,5	34,2	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
4,1	31,8	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
5,5	28,4	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
7,6	25,0	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
11,3	21,7	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
15,8	20,2	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
20,0	20,0	$2\text{CrOHSO}_4 \cdot 4\text{Zr}(\text{OH})_2\text{SO}_4 \cdot 14\text{H}_2\text{O} + 6\text{CrOHSO}_4 \cdot \text{Zr}(\text{OH})_2\text{SO}_4 \cdot 28\text{H}_2\text{O}$
17,1	16,7	$6\text{CrOHSO}_4 \cdot \text{Zr}(\text{OH})_2\text{SO}_4 \cdot 28\text{H}_2\text{O}$
17,0	15,0	$6\text{CrOHSO}_4 \cdot \text{Zr}(\text{OH})_2\text{SO}_4 \cdot 28\text{H}_2\text{O}$
20,1	12,2	$6\text{CrOHSO}_4 \cdot \text{Zr}(\text{OH})_2\text{SO}_4 \cdot 28\text{H}_2\text{O} + \text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
20,0	8,8	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
24,4	4,3	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$
30,0	0,0	$\text{CrOHSO}_4 \cdot 8\text{H}_2\text{O}$

$\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3\text{-Zr}(\text{SO}_4)_2\text{-H}_2\text{O}$ жүйесінің қаныққан ерітінділерінен екі жаңа гетерополиядролы хромцирконий кешендері бөлініп алынды. $2\text{CrOHSO}_4 \cdot 4\text{Zr}(\text{OH})_2\text{SO}_4 \cdot 14\text{H}_2\text{O}$ (ХЦК-1) құрамының кешені кристалданатын ерітінділер концентрациясының шегі 1%-дан 20% - ға дейін хром сульфатының және 20% - дан 40% - ға дейін цирконий сульфатының мөлшерлеріне, ал $6\text{CrOHSO}_4 \cdot \text{Zr}(\text{OH})_2 \cdot 28\text{H}_2\text{O}$ (ХЦК-2) құрамының кешені тиісінше 11% - дан 20% - ға дейін цирконий сульфатының және 20% - дан хром сульфатының мөлшерлеріне тең.

Хромцирконий кешендерінің қатты фазаға бөлінуі хром (III) мен цирконий арасындағы гетерополияланған комплекстің түзілу реакциясының қарқындылығына және хром (III) және цирконий сульфаттарын араластыру арқылы алынған комплекстердің беріктігіне сәйкес келеді.

Сонымен, $\text{Cr}_2(\text{SO}_4)_3\text{-Zr}(\text{SO}_4)_2\text{-H}_2\text{O}$ жүйесінің қаныққан ерітінділерінен екі жаңа гетерополиялы хромцирконий кешені бөлініп алынды. $2\text{CrOHSO}_4 \cdot 4\text{Zr}(\text{OH})_2\text{SO}_4 \cdot 14\text{H}_2\text{O}$ (ХЦК-1) құрамының кешені кристалданатын ерітінділер концентрациясының шегі 1%-дан 20% - ға дейін хром сульфатының және 20% - дан 40% - ға дейін цирконий сульфатының құрамына тең.

$6\text{CrOHSO}_4 \cdot \text{Zr}(\text{OH})_2 \cdot 28\text{H}_2\text{O}$ (ХЦК-2) құрамының кешені тиісінше 11% - дан 20% - ға дейін цирконий сульфатының және 20% - дан хром сульфатының мөлшерлері сәйкес.

Хромцирконий кешендерінің қатты фазаға бөлінуі хром (III) мен цирконий арасындағы гетерополиядроланған комплекстің түзілу реакциясының қарқындылығына және хром (III) және цирконий сульфаттарын араластыру арқылы алынған комплекстердің беріктігіне сәйкес келеді.

Әдебиет

1. Рахметбай А.К. Технология кожи и меха. - Тараз: издательство «Тараз университеті» 2018 г.
2. Мадиев У.К. Экотехнологии в кожевенно-меховом производстве.- Алматы, 2017г., 273 с.
3. Чурсин В.И. Экологические аспекты нетрадиционных технологий. (ГУП ЦНИИКП) / Кожевенно-обувная промышленность №5, 1999, С.42-43

ӨОЖ 675. 024

« $Al_2(SO_4)_3 - Cr_2(SO_4)_3 - H_2O$ » ЖҮЙЕСІНІҢ 25°C-ДЕГІ ИЗОТЕРМИЯЛЫҚ ЕРІГІШТІГІН ЗЕРТТЕУ

Ақберген Е., «Бейорганикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығының 4 курс
студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
erasylakbergen@gmail.com

Жарлықапова Р.Б., т.ғ.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., ros61_2010@mail.ru

Аннотация: бұл мақалада « $Al_2(SO_4)_3 - Cr_2(SO_4)_3 - H_2O$ » жүйесінің 25°C-дегі изотермиялық ерігіштігін зерттелініп, хром және алюминий тұздары негізіндегі экологиялық ұтымды гетерополиядролы кешенді қосылыстарды алу концентрациялық аймақтары анықталды.

Кілттік сөздер: изотермиялық ерігіштік, гетерополиядролы кешенді қосылыстар, алюминий сульфаты, цирконий сульфаты

Нарықтық экономикаға көшу процестері біздің еліміздің қоғамдық өмірінің барлық аспектілерін қамтиды. Қоғам алдында тұрған және барлық қызмет салаларына әсер ететін проблемалар оларды шешудің жаңа революциялық тәсілдерін, экономикалық ойлаудағы қалыптасқан стереотиптерді жеңуді талап етеді. Мұндай түбегейлі қайта құру, қайта өңдеу өнеркәсібі үшін де өзекті.

Адамдардың жоғары сапалы және түрлі жеңіл өнеркәсіп тауарларына деген үнемі өсіп келе жатқан сұранысы кезеңінде жеңіл өнеркәсіпке арналған жабдықтар өндірісін ұйымдастыру, шикізатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, жаңа химиялық материалдарды қолдануды кеңейту.

Былғары өнеркәсібінде жаңа химиялық материалдарды қолдану өнімнің сапасын жақсарту және ассортиментін кеңейту факторларының бірі болып табылады. Сонымен қатар, соңғы онжылдықтарда күрт шиеленіскен экологиялық жағдай және хром қосылыстары тапшылығының артуы уытты және тапшы хром қосылыстарын қолдануды айтарлықтай төмендетуге немесе толығымен жоюға мүмкіндік беретін технологияларды құруды талап етті [1]. Бұл хром, цирконий, титан және алюминий қосылыстарының әр түрлі комбинациялары негізінде жаңа күрделі минералды илегіштердің пайда болуына әкелді, мұнда олардың құрамдас бөліктерінің жағымсыз қасиеттері едәуір басылып, оң қасиеттері анағұрлым айқын көрінеді.

Күрделі минералды илеудің әсері ерітінділерде илегіш қосылыстарының гетерополиядроланған кешендерінің пайда болуымен түсіндіріледі. Алайда, осы уақытқа дейін гетерополиядролық кешендердің басым көпшілігінде олардың ерітінділерде болуын нақты растау, синтездеу, олардың түзілуіне сандық және сапалық баға беру мүмкін болмады. Сондықтан, күрделі минералды илегіш заттарды қолданатын бірқатар технологияларға қарамастан, алюминий, цирконий, титан және хромның илегіш тұздары бар жүйелердегі күрделі процестерді зерттеуге арналған зерттеулер өзекті болып табылады.

Бұл мәселелерді зерттеудің үлкен ғылыми және практикалық маңызы бар. Гетерополиядроланған кешендерді қатты күйде оқшаулау, олардың құрылымын зерттеу және күрделі минералды илегіш механизміндегі рөлін анықтау практика үшін де, теориясын дамыту үшін де маңызды, сонымен қатар кешенді қосылыстарының химиясы үшін де қызығушылық тудырады.

«Алюминий сульфаты-хром-су сульфаты» жүйесіндегі өзара әрекеттесуді зерттеу изотермиялық ерігіштік әдісімен жүзеге асырылды. Бұл әдіс тепе-теңдік орын алғанға дейін тұрақты температурада сұйық және қатты фаза түйісуіне негізделген. Ерігіштікті анықтауға арналған аспап термостатқа орналастырылған ыдыстың екі бөлігінен тұрады. Аспаптың төменгі бөлігі бастапқы компоненттерді тиеуге және сынамаларды алуға арналған тесігі бар ыдыс болып табылады. Аспаптың жоғарғы бөлігі гидрозатвор болып табылады, оған глицерин ерітіндісі құйылады және араластырғыштың жоғарғы бөлігі қойылады, ол мотормен жалғасады. Араластыру қатты фазаның біраз мөлшері үнемі жүзген күйде болатындай етіп жүзеге асырылады.

Изотермиялық әдіспен ерігіштікті зерттеу әдістемесі мыналарды қамтиды. Ерігіштікті анықтауға арналған ыдыс берілген температураға шығарылған термостатқа орналастырылады. Бүйір тесігіне тұз салынады, дистилденген су құйылады және оны тығынмен жабады. Барлық қоспа жүйеде тепе-теңдік орнатылғанға дейін араластырылады. Жүйеде тепе-теңдіктің орнатылуын бақылау ыдыстағы бүйірлік саңылау арқылы уақыт бойынша дәйекті түрде сынама алу арқылы жүзеге асырылады. Қалыптасқан тепе-теңдікті бақылау үшін сыну көрсеткіші пайдаланылды. Алдымен хром сульфатының қаныққан ерітіндісіндегі алюминий сульфатының ерігіштігі зерттелді, содан кейін керісінше - алюминий сульфатының қаныққан ерітіндісіне хром сульфатының ерігіштігі зерттелді. Температураны U15C термостатында $\pm 0,1^{\circ}\text{C}$ дәлдікпен реттеді. Сыну көрсеткіші УРЛ маркалы рефрактометр арқылы анықталды.

Изотермиялық әдістің кемшілігі механикалық жұмыстың үлкен көлемі және талдау ұзақтығы болып табылады. Бірақ алынған деректер тепе-теңдік қатты фазаларды сәйкестендірудің қазіргі заманғы әдістерімен үйлесімді және сенімді.

Жуылған және кептірілген қатты фазалар сәйкестендіру (идентификациялау) үшін химиялық және физикалық-химиялық талдау әдістері қолданылды.

«Алюминий сульфаты-хром сульфаты-су» жүйесіндегі қатты фазалардың құрамы химиялық талдаудың көмегімен анықталды.

Жүйедегі кешенді түзілуді зерттеу, гетерополиядролық кешендерді синтездеу, алынған кешендерге химиялық талдау жүргізу жөніндегі барлық эксперименттерде "хт" маркалы химиялық реактивтер пайдаланды, бұл зерттелетін жүйелердегі катиондар мен аниондар жанама реакциялар мен түрлі қоспалардың әсерін болдырмайды.

Алюминий, хром және сульфат-иондардың мөлшерін анықтау үшін алынған алюмохром кешендерін тұз құшқылы ерітіндісімен ыдыратылды.

Гетерополиядролық кешендерді бұзу үшін тұз қышқылын таңдау осы мақсаттар үшін күкірт қышқылын қолданудың мүмкін еместігімен негізделеді, өйткені күкірт қышқылын қолдану сульфат-иондарды сандық анықтау кезінде кателіктердің пайда болуына әкеп соғар еді.

Зерттеулер көрсеткендей су ерітіндісінде хром мен алюминийдің негізгі тұздары бір мезгілде болған кезде осы элементтердің екеуінің де иондары бар көп ядролы кешендер түзіледі.

Құрамында хром (III) және алюминий (III) иондарының гидролиз өнімдері бар аралас ерітінділердің сіңіру спектрлерін өлшеу, сондай-ақ сутегі иондарының еркін концентрациясын өлшеу негізінде хром (III) және алюминий (III) гетерополиядролық кешендерінің пайда болуы анықталды [2].

Кешенді түзу процестерін біркелкі түсіндіру үшін $\text{Al}_2(\text{SO}_4)_3\text{-Cr}_2(\text{SO}_4)_3\text{-H}_2\text{O}$ жүйесіндегі ерігіштікті зерттеу қажет болды. Осы жүйедегі фазалық тепе-теңдіктер бойынша зерттеулердің нәтижелері кестеде және суретке келтірілген. Бұл деректерден жүйенің ерігіштік изотермасы кристалданудың үш тармағынан тұратыны көрінеді: BE_1 - $4\text{AlOHSO}_4\cdot\text{CrOH}_2\text{SO}_4\cdot 25\text{H}_2\text{O}$ құрамының жаңа кешенінің кристалдану тармағы (АХК-1); E_1E_2 - $\text{AlOH}_2\text{SO}_4\cdot 3\text{CrOH}_2\text{SO}_4\cdot 14\text{H}_2\text{O}$ құрам кешенінің кристалдану тармағы (АХК-2); E_2B_1 - хром гидроксосульфаты кристаллогидратының кристалдану тармағы.

BE_1N аумағы қаныққан ерітінді мен $4\text{AlOH}_2\text{SO}_4\cdot\text{CrOH}_2\text{SO}_4\cdot 25\text{H}_2\text{O}$ кешен кристалдарынан тұратын гетерогендік жүйедегі тепе-теңдікпен сипатталады. O_1PE_2 - қаныққан ерітінді мен $\text{AlOH}_2\text{SO}_4\cdot 3\text{CrOH}_2\text{SO}_4\cdot 14\text{H}_2\text{O}$ кешен кристалдары арасындағы тепе-теңдікке сәйкес келеді; PE_2B_1 - қаныққан ерітінді мен хром гидроксосульфатының кристаллогидраты арасындағы тепе-теңдікке сәйкес келеді. $4\text{AlOH}_2\text{SO}_4\cdot\text{CrOH}_2\text{SO}_4\cdot 25\text{H}_2\text{O}$ (АХК-1) құрамының гетерополиядролық алюмохром кешенінің ерітіндісінен бөлінетін концентрациялық облыстар компоненттердің

Эксперимент нәтижелері алюмохромдық илеу кезінде неге ең жақсы нәтижелерге алюминий мен хром қосарланған ерітіндідегі шамамен тең арақатынастарда қол жеткізілетінін түсінуге мүмкіндік береді. Бұл жағдайда алюмохром кешендерінің пайда болуы үшін барынша қолайлы жағдайлар жасалатыны анық.

Жаңа қосылыстардың бөлінуінің концентрациялық аймақтарын талдау алюминий сульфатының ерітіндісіне хром сульфатының аз мөлшерін қосқанда алюмохром кешендері пайда болатынын көрсетеді.

Алюмохром кешендерінің күрделі құрамы олардың полиядролығын көрсетеді, ал бұл өз кезегінде жүйенің илеу әрекетін күшейтетін факторлардың бірі болып табылады.

Әдебиет

1. Рахметбай А.К. Технология кожи и меха. - Тараз: издательство «Тараз университеті» 2018 г.
2. Санкин Л.Б.,Страхов И.П. Дублирование кож соединениями алюминия в сочетании с хромом / Легкая пром-сть. - 1986. - № 6 . - С. 19-21.

**ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МАШИНАЛАР МЕН ЖАБДЫҚТАР. МҰНАЙ-ГАЗ ІСІ.
ТАСЫМАЛДАУ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯСЫ. МАШИНА ЖАСАУ
ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ МАШИНЫ И ОБОРУДОВАНИЕ. НЕФТЕГАЗОВОЕ ДЕЛО.
ТРАНСПОРТНАЯ ТЕХНИКА И ТЕХНОЛОГИЯ. МАШИНОСТРОЕНИЕ
TECHNOLOGICAL MACHINES AND EQUIPMENT. OIL AND GAS BUSINESS.
TRANSPORT EQUIPMENT AND TECHNOLOGY. MECHANICAL ENGINEERING**

УДК 57.081.11:621.311.245

СИСТЕМА АНТИОБЛЕДЕНИЯ ВЭС

Жыргалбекуулы А., студент 3 курса специальности ТМО,
Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати, г. Тараз, almaz09_01@mail.ru
Ибылдаев М.Х., к.т.н., доцент, Таразский региональный университет им. М.Х. Дулати,
г. Тараз, ibildaev@mail.ru

Аннотация: в этой статье представлен проект защиты работающего ветроагрегата от неблагоприятных метеоусловий является актуальной. В этой связи в данной работе предлагается разработка ветроагрегата с системой антиобледенения, используя естественную вентиляцию проточных элементов ВЭУ теплым воздухом, не позволяющим налипание мокрых снежинок на поверхности аппарата и образования обледенения.

Ключевые слова: ветер, электроэнергия, метеоусловия, антиобледенение, теплый воздух, вентиляция, ветроагрегат.

Разработка надежного метода защиты работающего ветроагрегата от неблагоприятных метеоусловий является актуальной. В этой связи в данной работе предлагается разработка ветроагрегата с системой антиобледенения, используя естественную вентиляцию проточных элементов ВЭУ теплым воздухом, не позволяющим налипание мокрых снежинок на поверхности аппарата и образования обледенения [1]. Настоящая работа посвящена разработке способа тепловой защиты работающей ВЭУ и сохранения его рабочей способности при самых тяжелых климатических условиях и в зимнее время.

Поэтому ставится задача – разработать конструкцию ветроагрегата Дарье с тепловой защитой и определить геометрические параметры турбины мощностью 1 кВт для дальнейшей разработки полупромышленного образца ветроэлектрической установки (ВЭУ) типа Н-ротор, имеющую систему антиобледенения.

При проектировании ВЭУ проектировщику необходимо знать, влияние основных параметров на производительность ротора. В настоящее время главным источником информации при проектировании ветроколес с ротором Дарье является эксперимент. Наиболее полные и всесторонние экспериментальные результаты опубликованы в работах [2,3].

Для выполнения основных заданий, потребовалось разработать конструкцию ВЭУ с системой антиобледенения. Поэтому были проведены исследования по определению геометрических параметров турбины. Таким образом, проделаны расчеты влияния параметров конструкции на энергетические характеристики ротора Дарье.

1) Влияние удлинения лопасти. Удлинение лопасти является одним из главных параметров конструкции ротора Дарье, определяющее его аэродинамические характеристики. От величины удлинения существенно зависит уровень аэродинамических нагрузок на лопасть, включая крутящий момент. Для одиночной лопасти характер этой зависимости практически тот же, что и для крыла. При удлинениях $\lambda < 1$ величина аэродинамических нагрузок меняется по линейному закону от λ , а с увеличением удлинения эти нагрузки приближаются к своим асимптотическим значениям при $\lambda > 5$.

Необходимость использования лопастей с удлинением больше 6 для обеспечения приемлемого коэффициента использования энергии ветра.

2) Влияние числа лопастей. Другим важным параметром конструкции является число лопастей ротора Дарье. Для оценки влияния числа лопастей на энергетические характеристики ротора проводят специальные исследования на моделях ротора с разным числом лопастей.

Эксперимент показывает, что наиболее высокие энергетические характеристики имеет однолопастной ротор. Но в этом случае крутящий момент испытывает большие пульсации по времени, что порождает букет динамических проблем. Увеличение числа лопастей сглаживает моментную характеристику ротора, но приводит к снижению его энергетической эффективности. Особенно сильно это проявляется, если при увеличении числа лопастей уменьшать их хорду для сохранения постоянства коэффициента заполнения σ . Более эффективным при увеличении числа лопастей оказывается сохранение длины хорды.

3) Влияние толщины лопасти. Влияние относительной толщины профиля лопасти на величину максимального значения коэффициента C_p при разных числах Рейнольдса Re показано на [3]. Наибольший эффект достигается для лопастей с относительной толщиной $0.15 < \bar{c} < 0.20$. Главная особенность этого влияния связана с резким падением C_p для тонких лопастей. Следует отметить, что такой же характер зависимости от относительной толщины профиля наблюдается для силы тяги, создаваемой машущим крылом [2].

4) Влияние коэффициента заполнения. Коэффициент заполнения связан с двумя параметрами конструкции ротора: числом лопастей и отношением хорды лопасти к диаметру ротора b/D . Следует отметить, что с увеличением коэффициента заполнения σ уменьшается значение быстроходности z , при котором C_p достигает своего максимума.

Проанализировав все полученные данные указанные выше, определены геометрия крылового профиля NASA-0021.

Обтекаемая площадь ротора мощностью 1 кВт должна составлять 11,3 м². Если принять равными диаметр ротора D и высоту лопасти l , то $D=l \approx 3,36$ м. При экспериментально обоснованном удлинении лопасти $\lambda=l/b=6-8$ длина хорды лопасти может составлять $b=3,36/(6-8)=0,56-0,42$ м, а хорда в среднем будет $b=0,55$ м.

Так как максимальное значение коэффициента C_p при разных числах Re достигается для лопастей с относительной толщиной $0.15 < \bar{c} < 0.20$, возьмем относительную толщину равной 0,18. Исходя из этого, максимальная толщина лопасти, как доля длины от хорды должна составлять 0,09 м. А коэффициент заполнения в свою очередь будет равен $\sigma=0.33$.

Важно заметить, что коэффициент заполнения σ удовлетворяет условиям, при котором C_p достигает своего максимума.

С использованием прикладных пакетов для математических расчетов мы можем получить площадь и периметр поперечного сечения. Для нашего ротора периметр крыла составил $\Phi=1,04$ м и отношение к хорде b приблизительно равен 2,1. Площадь поперечного сечения $f_i=0.0154$ м².

Схема движения теплого воздуха следующая. Воздух с расходом Q_0 проходит по кольцевому каналу вращающегося вала, затем в равной доле ($Q_0/2$) поступает в 2 маха, подходит к рабочим лопастям и здесь вновь раздваивается – одна половина расхода ($Q_0/4$) движется по верхней половине лопасти и выбрасывается в атмосферу, другая половина расхода ($Q_0/4$) проходит по нижней половине и тоже выходит в атмосферу. Тепло снимается с наружных поверхностей вала вращения, махов и рабочих лопастей. Для течения в махах и лопастях задача получается симметричной относительно оси вращения турбины, так что достаточно рассмотреть течение и теплообмен в одном из махов и одной половинке лопасти.

Что касается вала вращения, то здесь задача сводится к случаю поперечного обтекания круглой трубы. Вначале проведем расчет теплоотдачи одной из половинок лопасти, т.к. можно задать температуру вытекающего в атмосферу воздуха из отверстия в конце канала ($T_{1л}$) и тем самым попытаться определить температуру теплого воздуха при входе его из маха в лопасть ($T_{0л}$) или, что тоже самое найти температуру воздуха в конце маха ($T_{0л}=T_{1м}$).

Так как форма и размеры каналов лопасти и маха одинаковы, то нетрудно провести расчет теплоотдачи маха аналогичным образом и найти температуру теплого воздуха на входе из кольцевого канала ($T_{0м}$) в канал маха, зная температуру воздуха в конце кольцевого канала ($T_{0м}=T_{1м}$). Таким образом, удастся рассчитать температуру воздуха на входе в кольцевой канал и тем самым определить необходимое количество тепла для тепловой защиты работающего ветроагрегата.

Аэродинамические параметры рабочей лопасти: скорости на бесконечности, угол атаки, а также угловая скорость вращения считаем известными. В данной работе не рассматриваются краевые эффекты, возникающие на конце крыла (такие как перетекание среды, с верхней части крыла на нижнюю часть, а также другие разрывные и нестационарные течения), поэтому мы можем считать, что распределение интенсивности вихря постоянным вдоль вихревого отрезка.

Делая такие ограничения, мы можем определить интенсивность вихря по определенному крыловому профилю. Потом рассматриваются за счет вихревых систем, как будут меняться поле скорости по всей области. Этот процесс описывается формулой Био-Савара в виде интегральных соотношений комплексного переменного.

Для ветротурбины пропеллерного типа с учетом вышесказанными утверждениями интенсивность вихревой пелены будет постоянным, поэтому постановка задачи к данной проблеме на основе уравнений комплексных переменных удастся решить без особых трудности. А для ветротурбины “Дарье” интенсивность вихревой пелены зависеть от угла поворота положения рабочей лопасти относительно вала вращения будет разными, поэтому в этом случае решить уравнению комплексных переменных довольно сложно или даже невозможно.
Осыған байланысты қой қораның көңін бірден майдалап жинау әдісі ұсынылды. Бұл әдісті орындауға «Беларусь» тракторының ПУ-0,5 маркалы күрегіне ілінетін тісті барабанды құрылым жобаланды.

Ұсынылған, қой қораның көңін майдалап жинайтын, машинаның әрекетті схемасы 1-суретте көрсетілді: 1-ПУ-0,5 күректі «Беларусь» тракторы; 2-қопсытатын барабан; 3-барабанның жетегі; 4-барабанның рамасы; 5-гидроцилиндр; 6-үш фазалы айнымалы токтың генераторы.

Генератор (6) трактордың артына орнатылады және оның қуат беретін білігіне белдікті беріліспен қосылады. Генератор (6) трактордың жұмысы кезінде тісті барабанның (2) жетегіндегі (3) электрқозғалтқышқа тоқ береді.

Тісті барабанның (2) рамасы (4) трактордың күрегіне топсалар мен бекітіледі. Рама (4) екі гидроцилиндрмен (5) күрекке қосылған. Сондықтан, барабан (2) күректің алдында жоғары көтеріліп, төмен түсе алады. Қопсытатын барабанды трактордың кабинасынан басқарады.

Құрылымның жұмыс жасау тәртібі келесідей. Барабан қопсытқышпен жабдықталған ПУ-0,5 күректі «Беларусь» тракторы қой қораға кіреді. Тракторист күректі сүру қалпына келтіріп, барабанды төменгі орнына түсіреді. Сол кезде барабанның тістері көңге кіреді. Осыдан кейін, тракторист, барабанның жетегін іске қосып, тракторды жүргізеді. Айналысқа келген барабанның тістері көңді кесіп, майдалап, ожау күректің ішіне лақтырады. Ұсақталған көңнің түйірлері ұшып барып, күрек ожаудың қабырғасына ұрылып, тағы майдаланады.

Трактор жүріп қораның бір шетінен екінші шетіне шығады. Күрек ожау майдаланған көңге толғаннан кейін оны бұрып көтеріп, трактормен сыртқа шығарып төгеді немесе көлікке тиейді. Бұл кезде барабанды күрек ожаудың төбесіне көтереді.

Трактор қайтып оралып, қораның көңін жинауды жалғастырады.

Тісті барабанды ожау күректің алдына орналастыру схемасы 2-суретте көрсетілді. Тісті барабанның ожау күректің аузына кіріп орналасқаны тиімді. Себебі, ожау күректің пышағы едендегі көңді сүріп жинайды, ал барабанның тісі 1-2 зонада көңді кеседі, 2-3 зонада кесілген көңді ожаудың ішіне лақтырады. Сондықтан 2-3 зонаның қысқа болғаны жақсы.

Барабанның төменгі 2-ші нүктесінен ожаудың жердегі шетіне дейінгі қашықтық барабан тісі ожаудың пышағына тимейтіндей болу керек.

Барабан тісінің шеңберінің теңдеуі [3].

$$x^2 + y^2 = R^2;$$

Осыдан

$$x = \sqrt{R^2 - y^2}, \quad (1)$$

мұнда: R - барабан шеңберінің радиусы;

y - шеңбердің ординатасы;

x - шеңбердің абсциссасы.

Барабанның тісі ожаудың пышағына тимейтін биіктік

$$y > R - h,$$

осыны ескергенде

$$x > \sqrt{2 \cdot h \cdot (R - h)}, \quad (2)$$

мұнда: h - ожаудың пышағының қалыңдығы.

Тісті барабанды ожаудың ішіне орналастыру схемасы 3-суретте көрсетілді. Барабанның қысқа болғаны тиімді. Сондықтан ожаудың ұзындығына қарай оның ішіне бірнеше барабанды орналастыру схемасы таңдалды. Сонда, барабанның ұзындығы қысқарады, жетегі кішірейеді, әр барабан дербес жұмыс жасай алады. 3-ші суретте екі барабанды схема көрсетілген. Осы схема бойынша барабанның ұзындығы келесідей болады

$$l_b = 0,5 \cdot (l_k - 2 \cdot \Delta - l_3), \quad (3)$$

мұнда: l_k - ожаудың ұзындығы;

Δ - ожау мен барабан шеттеріндегі саңылау;


l_3 - барабандардың түп беттерінің арақашықтығы.

Жобаланған барабан қопсытқыштың алдынан көрінісі 4-суретте көрсетілді. Ол тісті барабаннан(1), рамадан(2), жетектен(3) тұрады.


Тісті барабандар (1) рамаға (2) подшипникті тіректерімен бекітіледі. Әр барабанның өз жетегі (3) бар. Жетек (3) раманың үстіне орналасқан. Тісті барабан (1) жетекке (3) шынжырлы беріліспен (9) қосылған. Жетек (3) электрқозғалтқыштан, сына белдікті берілістен, червякті редуктордан, шынжырлы берілістен және плита рамадан тұрады. Плита раманың екі швеллері барабанның рамасына(2) пісіріліп бекітіледі.

Ұсынылған барабанды қопсытқыштың техникалық параметрлері: барабанның диаметрі – 525мм; барабанның ұзындығы – 1000мм; барабанның тісінің биіктігі – 100мм; тістер қатарының саны – 4; барабандағы тістер саны – 38; барабанның айналым саны – 100 айн/мин; электрқозғалтқыштың қуаты – 4 кВт; электрқозғалтқыштың айналым саны – 3000 айн/мин; генератордың қуаты – 10 кВт; трактордың жүру жылдамдығы - $V_T < 74 \frac{\text{м}}{\text{мин}}$.


Қой қораның көңін жинауға ұсынылған барабанды қопсытқыштың артықшылығы: көң майдаланып жиналады; қол жұмысы болмайды; жұмыс өнімділігі артады; көңді биогаз қондырғысына жіберу жеңілдейді.




Сурет 1. Қой қораның көңін майдалап жинайтын құрылымның схемасы



Сурет 2. Тісті барабанды ожау күректің алдына орналастыру схемасы



Сурет 3. Тісті барабанды ожау күректің ішіне орналастыру схемасы



4-сурет. Барабан қопсытқыштың алдынан көрінісі

Әдебиет

1. В. Баадер, Е. Донс, М. Бренндерфер. Биогаз. Теория и практика /перевод с немецкого/ -М: Колос, 1982
2. Сабденов К., Абдуалиев М., Култаев Б. Технология и механизация овцеводство. - Алматы: Бастау, 2007. -176с.
3. П.Ф. Фильчаков. Справочник по высшей математике. - К: Наукова Думка, 1974.

ӘОЖ.621.7.067

МАШИНА ЖАСАУ БӨЛШЕКТЕРІНІҢ БАҒДАРЛЫ ҚОЗҒАЛЫСЫН ЗЕРТТЕУ

Ұлықпаев М., Машина жасау мамандығының 3 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., Sakhybayev@mail.ru
Сахыбаев Р.Т., аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ.,
Sakhybayev@mail.ru

Андатпа: жұмыста тегіс бөлшектерді діріл әсерімен бағдарлап беру тәсілі қарастырылған. Аналитикалық зерттеулерде бөлшектің қозғалысы төрт кезеңге бөлініп зерттелген және процестің динамикасы әр кезеңде жеке-жеке талданған.

Кілттік сөздер: тегіс бөлшектерді діріл әсерімен бағдарлау, бағдарлау кезіндегі құлау биіктігі.

2013 жылдың желтоқсан айында Тәуелсіздік сарайында жасалған Елбасының Жолдауы ұзақмерзімді «Қазақстан – 2050» Стратегиясын жүзеге асырудың нақты қадамдарын әйгілеп берді. «Болашақта мобильді, мультимедиялық, нано және ғарыштық технологиялар, робот техникасы, гендік инженерия салаларын, болашақтың энергиясын іздеу мен ашудың негізін салған жөн. Мұны дамыған ғылым арқылы шешуге болады», деп атап көрсетті Елбасы.

Жоғарыда айтылғандар Елбасының Қазақстан ғылымының болашақтағы жетістіктеріне зор мән беретінін білдіреді. Бұл өз кезегінде еліміздің ғалымдарына жаңа технологиялар ойластыруда мен заманауи техникалар жасауда үлкен міндеттер жүктейді.

Осы тұрғыдан алғанда өндірістің технологиялық процестерін механикаландыру және автоматтандыру кезінде өнделетін бөлшектерге бағдарлы қозғалыс беруге арналған қондырғылар мен процестерді жасау маңызды мәселелердің бірі болып саналады.

Өтпелі жабдықтарда тегіс бөлшектерді бағдарлап беру процесі санаулы секундтарда өтеді. Бұл процесті қысқыш органмен қамтамасыз етілген қондырғыларда атқару тиімсіз, тіпті мұндай жоғары темпте жұмыс істеу мүмкін емес.

Сондықтан, мұндай жағдайда бөлшекті келесі операцияға бағдарлап беру, қысу органдары жоқ, еркін қозғалатын қондырғыларда жүзеге асуы тиіс.

Машина жасау өндірісінде тегіс бөлшектерді жасау барысында, олардың екі жағында өңдеу қажеттілігі туындайды. Мысалы, кейбір тегіс бөлшектердің пісіру операциясының алдында алдымен бір беті ажарлау станогында мұқият тазаланады, сонан соң келесі бетіне аударылып тазалау процесінен өтеді және келесі операцияға жіберіледі.

Міне, осындай технологиялық операциялардың арасында тегіс бөлшекті екінші бетіне аударатын және оны керекті жеріне тасымалдайтын қондырғы керек.

Бұл мәселелердің барлығын жоғарыда айтылған кемшіліктерді ескере отырып қондырғылар жасау арқылы шешуге болады.

Тегіс денелерді діріл әсерімен бағдарлап беруге, яғни аударуға арналған қондырғының әзірге ойлап табылған өнертабыстардан артықшылығы мынада: жұмыс мерзімінің ұзақтығы, жабдықтың өнімділігін реттеу мүмкіншіліктерінің болуы, қаржы және энергия шығындарының үнемділігі. Қондырғыны жергілікті механикалық зауыттарда оңай жасап алуға болады.

Машина жасау өндірісінің тегіс денелерін аударуға арналған қондырғы, әмбебап қондырғы ретінде басқа салаларда да қолданыс табуы мүмкін.

Тегіс бөлшектерді бағдарлап беру әдістерінің бірі діріл (вибрация) әсерімен бағдарлау болып табылады. Бұл жағдайда тербелмелі қондырғылардың жүк тасушы органында әсер етуші инерция күші бағдарлаушы күштің қызметін атқарады.

Бағдарлап берудің бір түрі, бұл өнделетін бөлшектерді бір бетінен келесі бетіне аудару.


Діріл әсерімен аударғанда тегіс бөлшек күрделі қозғалыс жасайды: өзінің ауырлық ортасы арқылы өтетін көлденең осіне қатысты айнала отырып, вертикаль жазықтықта ілгерілемелі қозғалыс жасайды. Көрші технологиялық позициялар арасындағы бөлшектің аударылып құлайтын арақашықтығы аударылу биіктігін анықтайды.

Аналитикалық зерттеулерде бөлшектің қозғалысы төрт кезеңге бөлініп қарастырылды және процестің динамикасы әр кезеңде жеке-жеке зерттелді [1]. Нәтижесінде тегіс бөлшектердің діріл әсерімен бағытталу (аударылу) процесін сипаттайтын математикалық үлгі алынды [2].

Жасалынған ғылыми жұмыс жоғарыда аталған мәселелерді тәжірибелік тұрғыдан тереңірек зерттеуге бағытталған.


Осы мақсатта машина жасау өндірісінің тегіс бөлшектерін діріл (вибрация) әсерімен бағдарлап беру, яғни бір бетінен келесі бетіне аударып тасымалдауға арналған тербелмелі науа түріндегі тәжірибелік қондырғы жасалынды. Аталған қондырғыда бөлшектің аударылу биіктігінің қолайлы шамасын анықтау үшін қажетті тәжірибелер жүргізілді.

Қондырғының құрылысы келесі бөліктерден тұрады (1-сурет) қаңқадан 1; дірілдегіш тасымалдағыш науадан 2; тербегіш жүйеден 3; Тасымалдағыш науаның көлбеулік бұрышын реттеуге арналған көтеруші қондырғыдан 4; биіктігі реттелетін қабылдағыш қондырғыдан 5; электр жетегінен 6.



Сурет 1. Тәжірибелік қондырғының жалпы көрінісі

Бөлшектерді діріл қондырғысының көмегімен аудару келесі түрде атқарылады (2-сурет). Бөлшек 2 дірілдегіш науаның 1 тиелу бөлігіне әр түрлі жағдайда келіп түседі де, науа үстімен алға қарай қозғала бастайды. Қозғалыс отырып бөлшек науаның ұшына қарай өзінің ұзындық бойымен бағытталған (бағдарланған) жағдайға ие болады.




Сурет 2. Аудару процесінің нобайы

Бұл процесс бөлшектің өзіндік масса ортасы маңында діріл әсерінен бұрылуы арқылы жүзеге асады. Ұзына бойына бағытталған бөлшек науаның алдыңғы (түсіру) бөлігіне жеткен кезде одан шыға бастайды.

Ауырлық ортасы науаның сыртына шыққан кезде бөлшектің алдыңғы жағы ауырлық G күшінің әсерінен төмен қарай айналы отырып, құлай бастайды. Бұл мезетте бөлшектің артқы бөлігі әлі де науаның бетінде қалып қояды. Осы сәтте науаның алдыңғы қырында белгілі бір бұрышпен әсер етуші соққы күші F бөлшектің артқы жағынан соғады. Соққының әсерінен бөлшектің артқы бөлігі алға қарай қарқынды түрде айнала бастайды. Бөлшек, айнала отырып, қабылдағыш қондырғының 3 бетіне аударылған жағдайда құлайды. Науаның алдыңғы қыры мен қабылдағыш қондырғы бетінің арасындағы қашықтық H аударылу биіктігі болып табылады.

Жасалынған қондырғының жетегі жүк тасымалдаушы органның тербелу жиілігін мен амплитудасын кең аралықта өзгертуге мүмкіндік береді. Тербелу жиілігін өзгерту және басты біліктің айналым санын реттеу үшін тұрақты токпен жұмыс істейтін электрқозғалтқыш жетек ретінде пайдаланылды.


Тәжірибелік зерттеу негізінде тегіс бөлшектерді діріл әсерімен аудару процесі бейнекамера арқылы түсірілді. Бейнекамера зерттеу объектісінен 3м ара қашықтықта орналастырылды. Бейнекамера объективінің биіктігі зерттелетін үлгінің қозғалыстағы орнын бақылау үшін қойылған координаталық тордың орталық деңгейінде орналастырылды. Жүргізілген тәжірибенің бейнекөрінісінің бір кадры 3-суретте көрсетілген. Суретте тәжірибе жүргізуге пайдаланылған келесі түрдегі өлшеуіш құралдар мен аспаптар көрсетілген: 1 қабылдағыш қондырғы; 2 координаталық тор; 3 үлгі; 4 науа; 5 өлшегіш сызғыш; 6 бұрыш өлшегіш және 7 электрлі-механикалық секундомер.



Сурет 3. Жүргізілген тәжірибе бейнекөрінісінің бір кадры.

Түсірілген процесс дербес ЭЕМ-ға қосылған төменгі жиілікті бейнесигналдарды түрлендіргіш қондырғы арқылы оцифровкадан өтті. Бұл қарастырылған процестің тәжірбиелік нәтижелерін өңдеу кезінде дискретті көріністер алуға мүмкіндік берді. Көріністерді тіркеуге және жазуға «VCAP» бағдарламасы қолданылды. Аталған бағдарлама бейнекөріністерді PAL стандартына шығаруды және AVI форматына жазуды қамтамасыз етеді. Аталған бейнекөріністер арқылы тәжірибе нәтижелерін өңдеу, зерттеу негізінде қарастырылған шамаларды жоғарғы дәлдікпен анықтауға мүмкіндік берді.

4-суретте тегіс бөлшектің аударылу процесінің толық бір циклының бейне көрінісі берілген



Сурет 4. Бөлшектің аударылу процесінің толық циклы

Зерттеулердің нәтижесі бойынша қолайлы аударылу биіктігі өңделетін бөлшектің ұзындығынан бір – бір жарым есе артық шамада болуы тиіс екендігі анықталды.

Қорытып айтқанда, тегіс бөлшектерді діріл әсерімен аударып бағдарлау әдісі тиімді және оны атқаруға арналған қондырғы машинажасау өндірісінің кәсіпорындарында кең қолданысқа ие болуы мүмкін.

Әдебиет

1. Шершнеv В.Н., Сахыбаев Р.Т. Аналитические исследования процесса переориентирования плоских деталей с вибровоздействием. Жур. «Механика и моделирование процессов технологии», №2, 1997, стр. 211.
2. Сахыбаев Р.Т. Исследование вибрационного способа переориентирования плоских деталей машиностроения. Сборник материалов научно-практической конференции магистрантов, аспирантов и молодых преподавателей ТарГУ им. М.Х. Дулати. – Тараз: Тараз университеті, 2009.

**СУ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫСТЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ
АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ВОДНОГО ХОЗЯЙСТВА И СТРОИТЕЛЬСТВА
ACTUAL PROBLEMS OF WATER MANAGEMENT AND CONSTRUCTION**

ӘОЖ 333.93 (574.52)

СЫРДАРΙΑ ӨЗЕНІ БАССЕЙНІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жексенғалиева А., «Су ресурстары және суды пайдалану» мамандығының 3 курс студенті,
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., justaruka@mail.ru
Джурумбаева Р.А., т.ғ.к., доцент, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., D.rahi@mail.ru

Андатпа: мақалада Орталық Азия өңіріндегі трансшекаралық Сырдария өзені ағынының су бөлу мәселелері қарастырылған. Қазақстанның аумағында Сырдария өзенінің экологиялық тұрақтылығына қол жеткізу және су ресурстарын тиімді пайдалануды жоспарлату үшін Сырдария өзені алабының трансшекаралық су бөлу кезінде су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру керек. Трансшекаралық су бөлу кезінде Сырдария өзені алабының экологиялық ахуалын және ағыстың өзгеруін бағалау; Сырдария өзені алабының су ресурстарын заманауи жағдайда және Қазақстандағы бөлігінде келешекте пайдалануы қарастырылды. Трансшекаралық су бөлу кезінде, Сырдария өзені алабының заманауи су мәселелері анықталды.

Кілттік сөздер: су ресурстары, суды пайдалану, өзен, бассейн, трансшекаралық ағын, су ресурстарын басқару.

Қазақстан Орталық Азия өңірінің сумен неғұрлым аз қамтамасыз етілген мемлекеттеріне жатады. Болашақта республикаға өзендердің трансшекаралық ағынының ресурстарын қысқарту күтілуде, өйткені бұл Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан өсіп келе жатқан шаруашылық қызметке байланысты болады.

Қазақстанның жер үсті суларының ерекшелігі ішкі су бөгендерінің (Балқаш, Арал, Каспий) деңгейі мен тұздылығын сақтауға, сондай-ақ өзен жайылмалары мен атыраулардың табиғи жүйелерін суландыруға өзен ағынының шектелген ресурстарының жартысына жуығын жұмсау қажеттілігі болып табылады. Қазақстан Республикасының жаңартылатын су ресурстары көлемінің жартысына жуығы оның аумағынан тыс жерлерде қалыптасатындықтан, трансшекаралық су объектілерінің су ресурстарын бірлесіп пайдалану және қорғау мәселелерін реттеу республика үшін өте маңызды мәнге ие [1].

Соңғы жалдары су ресурстарын пайдалану проблемасы – Сырдария бассейнінде өткір көрінетін және өзеннің жоғары және төменгі ағысы арасында кездесетін ең көп таралған қайшылық.

Сырдария өзені су бассейнінің аумағында орналасқан Орталық Азия мемлекеттері өзара өзеннің бірыңғай желісімен және табиғи ағынның су ресурстарының ортақтығымен, сондай-ақ суды тасымалдауды, су қоймаларындағы ағысты трансформациялауды, су тұтынушыларға су беруді, электр энергиясын өндіруді, пайдаланылатын судың есепке алынуы мен сапасын бақылауды қамтамасыз ететін гидротехникалық құрылымдар жүйесімен байланысты.

Сырдария өзенінде және оның салаларында бес негізгі су қоймасы орналасқан: Тоқтоғұл (19,5 км³, Қырғызстан), Қайраккүм (4,2 км³, Тәжікстан), Әндіжан және Чарвак (1,9 км³ және 2,05 км³, Өзбекстан), Шардара (5,4 км³, Қазақстан). Тоқтоғұл СЭС-нен көктемгі су тасқыны мен су қашыртқысын реттеу мақсатында Қазақстан Оңтүстік Қазақстан облысында көлемі 3 млрд.км³ Көксарай су қоймасын салды, ол 2010 жылдың көктемінде алғаш рет толды [2].

Сырдария бұрын Арал теңізіне құятын, қазір оның деңгейінің күрт төмендеуі және екі бөлікке ыдырауы салдарынан өзен теңіздің солтүстік бөлігіне («Кіші Арал» деп атады) құяды. Сырдарияның суы едәуір мөлшерінде шаруашылық қажеттіліктерге бөлінеді және бүгінгі сағадағы ағын көлемі 400 м³/с-тан 30 м³/с-қа дейін төмендеді.

Сырдария бассейні өзендерінің негізгі ағысы Қырғызстан аумағында, ішінара Өзбекстан (шамамен 15%) және Қазақстан (шамамен 6%) аумақтарында қалыптасады.

Арал теңізі бассейнінде Қазақстан Республикасыны 2,6 млн. халқы бар, ауданы 34,3 млн. га аумақ тиесілі, ол екі әкімшілік облысты: Оңтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарын қамтиды.

Экономика салаларының дамуы және табиғи ресурстарды дұрыс пайдалану, алаптағы су ресурстарына тікелей байланысты. Қазақстанның Арал теңізі алабындағы агроөнеркәсіптік кешені өңір тұтынатын барлық су ресурстарының 93-95 % тұтынады және осылайша оның жағдайы мен қажеттілігі су саясатын және су шаруашылық кешенінің бағытын белгілейтін экономика секторы болып табылады.

Алаптағы негізгі су көзі Сырдария болып табылады. Жер асты сулары негізінен халықтың шаруашылық ауыз су қажеттіліктеріне және ішінара өнеркәсіпке жұмсалады. Ағынды сулар экономика қажеттіліктерін өтеуге қазіргі уақытта мүлдем қатыспайды.

Траншекаралық өзендердің су ресурстарын пайдалану кезінде мемлекеттер мүдделерінің сәйкес келмеуі дау туғызады, бұл оларды басқарудағы маңызды қиындықтардың бірін – мүдделерде келісу мәселесін туындатады, ол ымыра іздеу немесе қолайлы позиция іздеу болып табылады.

Қоғамның дамуы шарттайтын өнеркәсіптік, табиғи және әлеуметтік мүдделер аясында аумақтар мүдделерінде келісу үшін, траншекаралық өзендердің су ресурстарын тұрақты даму концепциясы тұрғысынан басқарудың қолданбалы мәселелерін белгілейді.

Экономика салаларының қажеттіліктеріне су алудың қазіргі жағдайы:

1. Экономика салаларына жалпы су алудан қазіргі деңгейде коммуналды-шаруашылық қажеттіліктерінің үлесіне 1,26% тиеді. Су алу 1990 жылғы 213,6 млн.м³-н 2019 жылы 74,3 млн.м³ дейін кеміді. Бассаға көлеміне пропорционалды су бұру кеміді, бұл халық санының азаюына байланысты.

2. Алқап аймағындағы су ресурстарын тұтынушылардың бірі өнеркәсіп болып табылады. Оның қажеттіліктері Сырдария өзені мен оның ағыстары және жер асты сулары есебінен қанағаттандырылады. Өнеркәсіп секторында өндіру өнеркәсіптері (мұнай және бағыттас газ өндіру), өңдейтін, кен өндіру өнеркәсібі және электр қуатын, газ және су шығару және үлестіру және жергілікті өнеркәсіптің басқа да салалары су тұтынушылар болып табылады.

Көпжылдық кезеңді және қазіргі көрсеткіштерді талдай отырып, су алудың едәуір кемігенін атап өту керек, бұл негізінен өтпелі кезеңнің ерекшеліктеріне байланысты. Аталмыш қажеттіліктерге су алу 1990 жылғы 335,6 млн.м³ қазіргі кездегі (2019 ж.) 46,9 млн.м³ дейін қысқарды.

3. Суарылатын жерлерді суару суларымен қамтамасыз ету үшін тиісті су инфрақұрылымы салынған: Шардара су қоймасы, Қызылорда және Қазалы сутораптары, Қызылқұм, Түгіскен бассаға құрылыстары, Новошиикийский, Новоютинский магистралды каналдары, Чакир, Артур, Бугунь және басқа да шағын су қоймалары, сондай-ақ шаруашылық каналдары арасында каналдарына су алуды жүзеге асыратын сорап бекеті стансасы салынған.

Соңғы онжылдықтарда вегетациялық кезеңде Шардараға ағын су 30-35% дейін төмендеген, сәйкесінше қысқы ағын ұлғайған, бұл жыл сайынғы Арнасайға үлкен су ауқымын мәжбүрлі лақтыру себептерінің бірі болды. Дәл сол уақытта жазғы судың жетіспеушілігі, суарылатын аудандарды қысқартқанның өзінде, сағаларда суарылатын жер өңдеуді сумен қамтуда белгілі шиеленістікті туындатты.

4. Су жайылатын шабындық қажеттіліктеріне жалпы су алу Сырдария өзені алабы бойынша қазіргі су алу (2019ж.) 626,1 млн.м³ құрады, бұл Тоқтоғұл ГЭС энергетикалық жұмыс режиміне ауысуы нәтижесінде Сырдария өзені бойынша барынша су шығындарымен байланысты. Бұл, аумақты су басудан қорғау және Арнасайға суды барынша аз қашыртқылауды қамтамасыз ететін мәжбүрлі шара ғана емес, бірақ сағаларда су ресурстарын экологиялық мақсатта барынша пайдалануды қамтамасыз ететін шара болып табылады.

Сырдария өзені бассейнінде қарқанды су пайдаланудың теріс факторларының әсері [2], рұқсат етілген экологиялық шектен тыс суды алу Арал теңізінің тез кебуі, өзен атырауының, жағалау теңіз ландшафттарының табиғат құраушы компоненттерінің тозу процесіне ғана емес, сонымен қатар Арал өңірінің Қазақстандық бөлігінің экономикалық дамуының күрт төмендеуіне алып келеді.

Қазіргі уақытта Арал теңізінің Қазақстандық бөлігінде Солтүстік Арал теңізі (Кіші Арал) деп аталатын теңіздің тиесілі бөлігін сақтаудың негізгі міндеті тұр. Солтүстік Арал теңізінің қажетті су тұтынуы булануға және сүзілуге тең көлемнен, сондай-ақ минералдануды 16-17 г/л-ден аспайтын деңгейде төмендету және ұстап тұру үшін шаюдан тұрады [3].

Солтүстік Арал теңізіне ағыстың басым бөлігі қыста болады, өйткені жазда Шардара су қоймасынан ағызылған судың негізгі бөлігі суаруға жұмсалады (көктемде және күзде шабындықтар су басады, көлдер толтырылады). Су қоймалары каскадының келісілген жұмыс режимін орындау, Шардара СЭС төмен өткізу бойынша іс-шараларды өткізу және Арнасай көліне (Өзбекстан) су ағызуды болдырмау Солтүстік Арал теңізін сақтаудың қажетті шарттары болып табылады. Қазақстанның Арал теңізінде жүзеге асырылған Көкарал бөгетінің құрылысы Кіші Аралдың қажетті деңгейін тұрақтандыруға, атмосфераға және оған іргелес аумақтарға тұз-тозандануды азайтуға мүмкіндік береді.

Атырау мен Кіші Аралды қолдау үшін Сырдария өзені бассейнінде 5-7 км³ су беруді қамтамасыз ету өте нақты міндет және оны шешу Арал өңірінің Қазақстандық бөлігінде халықтың тозу және өмір сүру деңгейінің төмендеуінің теріс процесін тоқтатуға мүмкіндік береді [4].

Қазіргі уақытта Қазақстан Арал теңізі бассейнінде ғылыми және жобалық жұмыстардың үлкен көлемі орындалған және бұл Кіші Аралды сақтаудың, өзен атыраулары мен батпақты-көл жүйелерінің тозуын тоқтатудың қолжетімді міндеті деп санауға мүмкіндік береді. Алайда, Сырдарияның төменгі ағысы үшін қажетті ағын алудың өзі әлі де жеткіліксіз және проблеманы шешу үшін суды орынды бөлу және пайдалану жөнінде бірқатар инженерлік-техникалық іс-шаралар жүргізу қажет, атап айтқанда, өзен арнасын және атыраудардың суландыру жүйесін (бірінші кезекте көл- батпақты) қайта құру, барлық жерде өндірістік емес су ысырабын қысқарту және соңында Кіші Аралды реттелетін су объектісіне айналдыру.

Кіші Аралды сақтауға және Сырдария өзенінің атырауын қайта жаңартуға мынандай негізгі критерийлар қойылады:

- Арал өңіріндегі экологиялық дағдарыстың салдарын жұмсарту және өмірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайларын жақсарту мақсатында Кіші Арал құру Арал теңізін сақтаудың жалпы проблемасының бір бөлігі ретінде қаралуға тиіс;
- Кіші Арал акваториясының мөлшері мен оның жобалық деңгейі ең төменгі қажетті экологиялық талаптармен, құрылатын су объектісінің әлеуметтік-экономикалық тиімділігімен және су аз болған жылдардың өзінде бөгеннің жобалық параметрлерін қолдау үшін судың кепілді ағынымен талап етілуі тиіс;
- судың минералдану сапасы бойынша құрылатын су айдыны оның балық шаруашылық маңызы мен балық өндірісін қалпына келтіру мақсатына жауап беруі тиіс, сондықтан Кіші Арал Сырдария бассейнінің шеткі тұз қабылдағышына айналмауы тиіс;
- қабылданатын құрылымдар келешекте Үлкен Арал тағдырын шешуге кедергі келтірмеуі тиіс;
- іске асырылып жатқан шаралар Арал өңірі мен Сырдария өзені атырауының шөлейттену, тозу және өсімдіктер дүниесі процестерін барынша қысқартуды (тоқтату) қамтамасыз етуге тиіс;

Осыған байланысты Кіші Аралды сақтау бойынша Қазақстанда инженерлік-техникалық шаралар мен техникалық-экономикалы негіздемені әзірлеу үшін зерттеулер басталады. Бұл үшін қазіргі уақытта басты міндеттер су пайдалану саласындағы су ресурстарын барынша үнемдеу және бассейннің су ресурстарын басқару жүйесін жетілдіру болып табылады.

Орталық Азия өңіріндегі су бөлу проблемалары әлі де оларды толық шешуден алыс, оның үстіне, соңғы жылдары олардың шиеленісуі байқалуда. Атап айтқанда, Қырғыз Республикасы мен Тәжікстан Республикасы (су ресурстарымен неғұрлым қамтамасыз етілген Орталық Азия елдері) су ресурстарымен бөлу және басқару, оларды ұтымды пайдалану және қорғау бөлігінде трансшекаралық су ағындарымен мемлекетаралық пайдаланудың бұрын қолданыста болған өлшемшарттары мен қағидаларын қайта қарау қажет деп саналады.

Бұрынғы кеңес Одағында болған Сырдария ағынан реттеу және бөлу жүйесі, негізінен мақта мен күріш өндіру жөніндегі мемлекеттік тапсырмалардың ең аз шығынмен және алынатын суға белгіленген шектеулерді сақтай отырып, сөзсіз орындалуына кепілдік беретін шаруашылық пен өңір халқын тұрақты сумен қамтамасыз ету мақсатын көздеді.

Сырдария өзені бассейнінің су ресурстарын пайдалануға байланысты проблемаларды шешу үшін кешенді тәсіл, яғни барлық мүдделі тараптарды тарта отырып, су ресурстарын бірігіп басқару (СРББ) қажет. Траншекаралық су ағындарын басқару жүйесі сапалы жаңа деңгейге көтерілу тиіс, оның мақсаты Сырдария өзені бассейнінің су ресурстарын басқару ұлттық және өңірлік мүдделеді ескере отырып, барлық тараптарының жұмыс режимдерін оңтайландыруға мүмкіндік береді.

Орталық Азия өңіріндегі мемлекеттерінің сыртқы және ішкі саясатындағы басты басымдықтадың бірі су және энергетикалық проблемаларды шешу болып табылады, бірақ бұл ретте экологиялық құрамдасқа жеткілікті көңіл бөлінбейді. Сырдария өзені бассейнінің су ресурстарын пайдалану кезінде Қазақстан мен Қырғызстан бассейндік басқарудан бастап экологиялық су жіберулерге дейін су ресурстарың бірігіп басқарудың бірқатар қағидаттарын енгізуді көздейді.

Кіші Арал мен Сырдария өзені атырауының көл жүйелерін сақтау Орталық Азия мемлекеттерінің Арал теңізі бағдарламасының басты міндеті болып табылады, сондықтан ең аз экологиялық көлемдегі кепілді ағын Сырдария өзенінің бүкіл бассейнінің су ресурстарынан қамтамасыз етілуі тиіс.

Әдебиет

1. Джурумбаева Р.А., Сейткасымова С.А. Анализ состояния водных ресурсов Казахстана на современном этапе. Материалы научно-практической конференции «Европейская наука 21 века» Польша, 07-15.05.2014г.
2. Сейтхан А. Интегрированное управление водными ресурсами и проблемы решения трансграничного вододелия бассейна реки Сырдарья. Материалы Международной научно-практической конференции «Уркумбаевские чтения» «Водные ресурсы и пути их рационального использования в современных условиях». - Тараз, 2012.
3. Карлыханов О.К., Балгерей М.А., Ибраев Т.Т. и др. Современная Сырдарья: проблемы, причины, пути решения. – Тараз, 2008. – 170с.
4. Карлыханов О.К., Кеншимов А.К., Рябцев А.Д. К гидроэкологической ситуации в низовьях Сырдарьи. /Водное хозяйство Казахстана. – Астана: 2008, №3 (19). – с.24-29.

ӨОЖ: 631.67

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ ДАҚЫЛДАРЫН СУҒАРУ КЕЗІНДЕ ТОПЫРАҚТА ҚАЛЫПТАСАТЫН ЫЛҒАЛДАНУ КОНТУРЛАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ

Аманжол Н., «Өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., nazgul.amanzhol.02@mail.ru

Жатқанбаева А.О., PhD, доцент м.а., М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., ainur_779@mail.ru

Аңдатпа: ғылыми мақалада топырақтың механикалық құрамына, ауылшаруашылық дақылдарын себу/отырғызу схемаларына, тамшылатқыштың су өтіміне, тамшылатқышты сугару құбырларының бойында орналастырудың санына, сугару уақытының ұзақтығына байланысты ауылшаруашылық дақылдарын сугару кезінде топырақта қалыптасатын ылғалдану контурларының түрлері жайлы орындалған ғылыми жұмыстың нәтижелері келтірілген. Жұмыстың мақсаты ауылшаруашылық дақылдарын сугару кезінде топырақта қалыптасатын ылғалдану контурларының түрлерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес ауылшаруашылық дақылдарын тамшылатып сугару кезінде топырақта қалыптасатын ылғалдану контурларының түрлері дөңгелек, сопақша, жалпақ пішінде қалыптасатындығы анықталды. Сугару құбырының бойында орналастырылатын тамшылатқыштардың ара қашықтығын (дақылды себу/отырғызу схемасын ескере отырып) 20-70 см арасында қабылдау ұсынылып отыр.

Кілттік сөздер: тамшылатып суғару, ылғалдану контуры, тамшылатқы, ауылшаруашылық дақылдары, суғару құбыры.

Қазақстан Республикасының барлық территориясында тәлімі егіншілікпен қатар суғармалы егіншілікте жақсы дамыған. Суғармалы жерлерге түрлі инновациялық жобаларды енгізу нәтижесінде қазіргі уақытта елімізде ауылшаруашылық дақылдарынан жоғары, сапалы өнім алынып келеді. Солардың бірі суғармалы суды үнемдеу мақсатында елімізде ауылшаруашылық дақылдарын суғару үшін тамшылатып суғару жүйесін қолдану қарқынды дамуда, әсіресе, елімізде осы аталған суғару тәсілімен көкөніс, жеміс дақылдары суғарылуда. Көкөніс-жеміс дақылдарынан алынып жатқан өнімнің көлемі өте жақсы. Дақылдар өнімі жоғарылап қана қоймай сонымен қатар, топырақтың тазалығы, құнарлығы сақталып, суғармалы су үнемделуде. Егеменді елімізде осы аталған, тамшылатып суғару жүйесін енгізген шаруа қожалықтарға, өндірістік кооперативтерге және т.б. ауылшаруашылық дақылдарын өсірумен айналыстын шаруашылықтарға қолдау көрсету мақсатында оларға қаржылай көмек көрсетіп келеді.

Тәуелсіз еліміз су қорларына бай мемлекеттердің бірі. Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алғалы бері өзінің ішкі су қорларын реттеп, оларды тиімді пайдаланып келеді. Тараз қаласында орналасқан ЖШС «Қазақ су шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының» ғалымдарының мәліметі бойынша еліміздің территориясында барлығы 8 сушаруашылықтық бассейіндер бар. Олар: Арал-Сырдария сушаруашылықтық бассейіні (Түркістан, Қызылорда облыстарын қамтыған); Балқаш-Алакөл сушаруашылықтық бассейіні (Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарын қамтыған); Ертіс сушаруашылықтық бассейіні (Шығыс Қазақстан, Павлодар облыстарын қамтыған); Есіл сушаруашылықтық бассейіні (Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстарын қамтыған); Нұра-Сарысу сушаруашылықтық бассейіні (Қарағанды облысын қамтыған); Тобыл-Торғай сушаруашылықтық бассейіні (Қостанай облысын қамтыған); Орал-Каспий сушаруашылықтық бассейіні (Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Маңғыстау облыстарын қамтыған); Шу-Талас сушаруашылықтық бассейіні (Жамбыл, Түркістан облыстарын қамтыған) [1].

Сушаруашылықтық бассейіндер олар өздеріне тиесілі елді-мекендерді сумен қамтамасыз етіп келеді. Солардың бірі ауылшаруашылық саласын ауылшаруашылық дақылдарын сумен қамтамасыз етуде. Ауылшаруашылық дақылдарына су жоғары мөлшерде жұмсалатындығы белгілі. Суды пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында қазіргі уақытта түрлі суғару тәсілдері бар. Солардың ішінде тамшылатып суғару тәсілін атап өтуге болады. Ғылыми мақалада осы аталған суғару тәсілі, яғни, тамшылатып суғару тәсіліне жүргізілген ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижелері келтіріліп отыр.

Тамшылатып суғару жүйесінің артықшылықтарымен кемшіліктері, дақылдарды суғаруда пайдаланылатын суғармалы суды үнемдеуде аталған суғару тәсілінің орнының жоғарылығы, тамшылатып суғару тәсілін қолдану кезінде суғармалы жерді пайдаланудың коэффициентінің жоғарылайтындығын, өсімдіктің тамыр жүйесі орналасқан, таралған аймаққа тыңайтқыштармен суды беру нәтижесінде ауылшаруашылық дақылдарының өнімділігінің жоғарылайтындығын, сонымен қатар тамшылатып суғару тәсілінде топырақтың беткі және төменгі қабаттарында қалыптасатын контурлар жайлы және дақылдарды тамшылатып суғару тәсілінде ауылшаруашылық дақылдарының тамыр жүйесінің даму тереңдігін ескеруді ұсынылып отыр [2].

Ауылшаруашылық дақылдары механикалық құрамы әртүрлі болып келетін топырақтарда өсіріледі. Ондай топырақтарға жеңіл, орташа, ауыр топырақтар жатады. Топырақтың осы бір қасиетіне байланысты топырақта қалыптасатын контурлар дөңгелек, сопақша, алмұрт, алма, жұмыртқа тәріздес және жалпақ болып келеді. Келесі 1-ші суретте тамшылатып суғару тәсілінде топырақтың төменгі қабатында қалыптасатын контурлар келтірілген. Мұнда сонымен қатар, суғару құбырының бойында тамшылатқыштарды орналастырудың санына байланысты да қалыптасатын контурлар көрсетілген. Суғару құбырының бойына белгілі-бір қашықтықта 1


дана тамшылатқыштан оналастыру кезінде топырақ бір қалыпты контур қалыптасса, ал суғару құбырының бойына ара-қашықтығы жақын орналасқан 2 дана тамшылатқыш орналастыру кезінде топырақта екі түрлі контурлардың қалыптасатындығы байқалды. Ауыр топырақта ылғалдану контурының пішіні жайылып жалпақтау болып келсе, ал жеңіл, орташа топырақтарда сопақша пішінде қалыптасады (сурет 1).



Сурет 1. Топырақтың түріне және суғару құбырының бойына орналастырылатын тамшылатқыштардың санына байланысты тамшылатып суғару тәсілінде топырақтың төменгі қабатында қалыптасатын ылғалдану контурлары

Ауылшаруашылық дақылдары ашық танапқа түрлі өлшемде болатын түрлі схемаларда себіледі немесе отырғызылады. Осы аталған себу/отырғызу схемасының маңыздылығы өте жоғары. Мысалы, тар немесе кең қатарлап, бір немесе бірнеше суыртпақтап (ленталап), жаппай схемалары қолданылады. Әрине тар немесе кең, өте кең қатарлап себу/отырғызу схемаларында әр өсімдіктің түбіне 1 дана тамшылатқыштан орналастыру жеткілікті. Мұндай жағдайда анық байқалатын бір ғана ылғалдану контуры қалыптасады және топырақтың беткі қабатында қалыптасатын ылғалдану контурының бірігуі (қосылуы) көп жағдайда байқалмайды. Бұл жағдай жеміс, бақша дақылдарында кездеседі. Ал, бірнеше суыртпақтап және өте тар себу/отырғызу схемаларында суғару құбырының бойында орналастырылатын тамшылатқыштардың ара қашықтығын дақылдың түріне байланысты 20-70см арасында қабылдау қажет.

Көкөніс дақылдарының көшеттерін қатарлап себу немесе отырғызу схемасында топырақтың беткі қабатында қалыптасатын ылғалдану контуры дөңгелек пішінде қалыптасады. Ашық танапқа қызанақ, бұрыш, баклажан дақылдарының сорттары кең қатарлап яғни, 60-70*30-40см схемасында отырғызылса, онда тамшылатып суғару тәсілінде әр өсімдіктің түбіне 1 дана тамшылатқыштан орналастыру жеткілікті, ал, көшеттер тығыз, яғни, 50-60*20-30 см схемасында отырғызылса, онда әр екі немесе үш өсімдіктен кейін 1 дана тамшылатқыштан орналастырылады. Суғару құбырының бойындағы тамшылатқыштардың ара қашықтығы 20-40см. Топырақта қалыптасатын ылғалдану контурларының пішіндеріне сонымен қатар, тамшылатқыштың су өтімінің әсерінің бар екендігін ескеру керек, себебі, тамшылатқыштардың су өтімі әртүрлі болады. Ауылшаруашылық дақылдарын тамшылатып суғару тәсілінде суғару уақытының ұзақтығына байланысты кең және тар қатарлап отырғызу/себу схемасында топырақтың беткі қабатының қосылуы байқалады (сурет 2).



Сурет 2. Топырақ бетінің ылғалдану контуры (қатарлап себу/отырғызу схемасы)

Ашық танапқа ауылшаруашылық дақылдарының сорттары бірнеше суыртпақтап (ленталап) себіледі. Аталған себу схемасы пияз, сәбіз және т.б. көкөніс дақылдарына кеңінен қолданылып келеді. Аталған дақылдарды тамшылатып суғару кезінде суғару құбырлары қатарлардың арасына орналастырылады және олардың ара қашықтығы дақылдың түріне және суыртпақтағы қатардың (жүйектің) санына байланысты 60-100 см шамасында қабылданады. Суғару құбыры жүйек ортасына орналастырылған жағдайда жүйектің екі шетіндегі өсімдіктер қатар суғарылып ылғалдандырылады.

Ауылшаруашылық дақылдарын бірнеше суыртпақтап (ленталап) себу схемасында қалыптасатын топырақ бетінің ылғалдану контуры да дөңгелек пішінде болады, нәтижесінде бұл жағдайда қатардың бойында орналасқан кейбір өсімдіктерге судың, ылғалдың жетпей қалуы байқалады. Өсімдіктер тығыз себілген жағдайда суғару құбырының бойында орналастырылатын тамшылатқыштардың ара қашықтығын 30-40см шамасында қабылдаған тиімді.

Қорыта келгенде, тамшылатып суғару тәсілімен ауылшаруашылық дақылдарын суғару кезінде топырақтың есепті қабатында қалыптасатын топырақтың ылғалдану контуры топырақтың түріне, әр өсімдік түбіне орналастырылатын тамшылатқыштың санына, суғару уақытының ұзақтығына, дақылды себу/отырғызу схемасының түріне, топырақтың есепті қабатын ылғалдандыру тереңдігіне байланысты сопақша, дөңгелек, табақша (жалпақ) тәрізді пішінде қалыптасады. Тар немесе кең, өте кең қатарлап себу/отырғызу схемаларында әр өсімдіктің түбіне 1 дана тамшылатқыштан орналастыру жеткілікті. Мұндай жағдайда анық байқалатын бір ғана ылғалдану контуры қалыптасады және топырақтың беткі қабатында қалыптасатын ылғалдану контурының бірігуі (қосылуы) көп жағдайда байқалмайды. Ал, бірнеше суыртпақтап және өте тар себу/отырғызу схемаларында суғару құбырының бойында орналастырылатын тамшылатқыштардың ара қашықтығын дақылдың түріне байланысты 20-70см, суғару құбырларының ара қашықтығын 60-100см арасында қабылдау қажет. Су ресурсын үнемдеу және өсімдіктің ылғалды тиімді пайдалануын қамтамасыз ету мақсатында топырақтың есепті қабатын ғана қажетті ылғалмен қамтамасыз ету қажет.

Әдебиет

1. «Отраслевые нормативы Удельных затрат воды при регулярном и лиманном орошении по водохозяйственным бассейнам Республики Казахстан» // Комитет по водным ресурсам Министерства сельского хозяйства Республики Казахстан / Разработаны Казахским научно-исследовательским институтом водного хозяйства. г. Тараз. – Астана. - 2008. – С.72.

2. Жатқанбаева А.О., Карабаева А.А., Кеңес З.Е. Көкөніс дақылдарын тамшылатып суғару тәсілінде қолдануға ұсынылатын схемалар // «Экология және тіршілік қауіпсіздігі» Халықаралық ғылым академиясының академигі И.С.Тілегеновтің 80 жылдығына және М.Х. Дулати атындағы ТарМУ хабаршысы «Табиғатты пайдалану және антропосфера мәселелері» Халықаралық ғылыми журналының 20 жылдығына арналған «XXI ғасырдағы экологияның және адам өмірінің қауіпсіздігінің өзекті мәселелері» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары / I том. «Dulaty university» баспасы, -Тараз, 2021. – 224-228 б.

ӘОЖ 631.15

АУЫЛШАРУАШЫЛЫҚ МАҚСАТЫНДАҒЫ ЖЕРЛЕРДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Инкарбек М., «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті бағалау» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., meruertinkarbek@gmail.com

Избасарова Ж., «Жер кадастры және жылжымайтын мүлікті бағалау» білім беру бағдарламасының 2 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., izbasarovaaa01@gmail.com

Нұралы Ж.У., магистр, аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., daisy_85_leo@mail.ru

Аңдатпа: мақалада Жамбыл облысы Байзақ ауданы «Ақжар» шаруашылығының ауыл шаруашылығы жерлерін есепке алу және ауыл шаруашылығы кәсіпорындағы жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкалары мен түзету коэффициенттері негізінде кадастрлық бағалау жұмыстарның нәтижелері келтірілген. Атап айтқанда, жер учаскесінің құнының жалпы мәлішерлі түзету коэффициенті суармалы және жайылым алқаптары бойынша 1,5 құрап, ал кадастрлық бағалау құны 2,7 млн теңгені (екі миллион жеті жүз сексен екі мың төрт жүз жетпіс) құрады.

Кілттік сөздер: жер кадастры, ауылшаруашылық мақсатындағы жер, жер учаскелерін есепке алу, жерлерді бағалау.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Еліміздің меншігіндегі барлық жер қоры туралы табиғи, құқықтық, шаруашылық жайы туралы басты мәліметтер қажет. Өндірістің ең басты құралы ретінде жерді есепке алу және бағалау қажеттілігі туындайды. Жылжымайтын мүлік туралы мәліметтерді білу мемлекеттің даму жоспарлары мен бағдарламаларын ғылыми негіздеу үшін қажетті.

Мемлекеттік жер кадастрының құрам бөлігі ретінде жерді бағалау ауылшаруашылық жерлерін тиімді пайдалану негізінде жүзеге асады. Жер учаскелерін нысаналы мақсатына сай пайдалану қажет, олардың әрқайсысына жұмсалған бір көлемдегі еңбек әртүрлі өндірістік нәтиже береді. Сондықтан жер - кез келген өзге өндіріс құралы сияқты, өзінің өндірістік қабілетіне сай бағалануы тиіс.

Жер халық шаруашылығында әр түрлі рөл атқарады, мақсатына байланысты жерді әр түрғыдан бағалауға болады. Осыған сәйкес бағалау әдістемесіне орай әдістері де әр түрлі болып келеді. Ауыл шаруашылығы саласында жер негізгі өндіріс базис болып табылады. Ауыл шаруашылық алқаптарының көлем бірліктерінен түсетін жалпы кірісті, шығын мен таза пайданың қатынасын анықтау және капиталдау коэффициенті арқылы жердің нормативтік бағасын есептеу бойынша жердің құны анықталады.

Зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Зерттеу жұмысының мақсаты зерттеу нысаны бойынша жерлерді есепке алудың және жерлерді бағалаудың теориялық және әдістемелік негіздерін зерттеу.

Зерттеу жұмысында алға қойылған мақсатқа сай келесі міндеттер шешу көзделген:

- жерді есепке алу ерекшеліктерін, жерді сандық және сапалық есепке алуды жүргізудің тәртібін, жерлерді есепке алу түрлерін, әдістерін теориялық зерделеу;
- шаруашылық жерін есепке алып, жер экспликациясын дайындау;
- ауылшаруашылық жерлерін кадастрлық бағалаудың ерекшеліктерін, алқап түрлеріне сәйкес бекітілген жерге төлемақының базалық ставкалары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін қолданып, анықтау.

Зерттеу нысаны Жамбыл облысы Байзақ ауданы «Ақжар» ӨК жер учаскелері.

Зерттеу нәтижелері. Қазақстан Республикасының территориясында орналасқан жер учаскелері жерге меншік түріне, жер учаскелерінің мақсатты пайдалануына және оларды пайдаланудың рұқсат етілген сипатына қарамастан, кадастрлық есепке алынады. Жер учаскелерін есепке алу бірыңғай әдістеме бойынша жүргізіледі. Жерді сандық және сапалық есепке алу олардың нақты жағдайы және пайдаланылуы бойынша жүргізіледі. Жер учаскелері есепке алынғаннан кейін тіркеуге алынады. Жерлерді есепке алу деректері әрбір жер учаскесі бойынша жер-кадастрлық кітапқа енгізіледі. Есептік деректер жер учаскелері, елді мекендер, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), облыстар, республикалық маңызы бар қалалар бойынша және тұтастай алғанда республика бойынша мемлекеттік базада қалыптастырылады. Ерекше қорғаудағы табиғи және тарихи-мәдени объектілерде орналасқан жер учаскелері бөлек көрсетіледі.

Барлық санаттағы жерлер есепке алуға жатады және ол жер алқаптарының түрлері бойынша жүргізіледі. Жерді мөлшері және орналасқан жері, саны мен сапасы туралы қажетті мәліметтер оларды бастапқы есепке алу кезінде тіркеледі, ал жердің құрамында, олардың сапсы мен пайдалану түрінде болған өзгерістер жердің ағымдағы есебін жүргізу процесінде анықталады [1].

Жерді есепке алудың негізгі міндеті жер учаскелерінің саны, кеңістіктік және ұйымдық-құқықтық орналасуы, шаруашылықтық пайдаланылуы, табиғи жағдайы мен сапасы туралы мәліметтерді алу, құжаттық рәсімдеу, сақтау және жүйелеумен қорытындыланады.

«Ақжар» шаруашылығы Жамбыл облысы Байзақ ауданында орналасқан, шекарасы Түймекент, Көкөзек елді мекен жерлерімен және Мойынқұммен жалғасатын құмдық жоталармен жалғасады. Шаруашылықтың орталық елді мекені - Ақжар ауылы шаруашылықтың солтүстік бөлігінде орналасқан. «Ақжар» өндірістік кооперативі жер пайдалануы шаруашылықтың негізгі орталығы Түймекент ауылынан жеті шақырымда орналасқан. Аудан орталығынан облыс орталығы Тараз қаласына дейінгі республикалық маңызы бар асфальт жолмен қамтамасыз етілген. Жолдың ара қашықтығы - 37 шақырым. Автомобиль жолынан басқа облыс орталығымен байланыс аудан орталығында орналасқан темір жолмен жүзеге асырылады.

Зерттеу объектісі бойынша жер көлемдерін есепке алу нәтижелері негізінде жер экспликациясы дайындалды.

Кесте 1.

Шаруашылықтың жер экспликациясы (га)

Шаруашылықтың аты	Жалпы ауданы	Суармалы егістік	Тәлімді егістік	Көп жылдық екпелер	Жайылым	Бөгде жерлер
1	2	3	4	6	7	9
«Ақжар» өндірістік кооперативі	5408	316	2431	10	2515	136

Кесте мәліметтеріне сәйкес (кесте 1) шаруашылықтың жер экспликациясы бойынша шаруашылықтың жалпы жер көлемі 5408 гектар, ауылшаруашылық мақсатындағы жерлер көлемі 5272 гектар, оның ішінде суармалы егістік 316 гектар, тәлімді егістік 2431 гектар, көп жылдық екпелер 10 гектар, жайылым 2515 гектар және басқа жерлер 136 гектарды алып жатыр.

Бүгінгі таңда жерді бағалаудың қажеттілігі жер қатынастарының өзгеруіне және жерді, жер пайдалану құқығын сату-сатып алу мүмкіндігінің пайда болуына байланысты өсуде. Жерді бағалау нәтижелері іс – жүзінде нақты мәселелерді шешуде, жерді тиімді пайдалану мен талдауды жоспарлауда, жер төлемдерін реттеуде, жер пайдаланымдарының оптимальды, оңтайлы мөлшерін анықтауда, жерді пайдалану мен қорғауды бақылауда, жерді алып қою кезінде шығындарды қайтаруда атқаратын міндеті зор [2].

Жер учаскесіне жеке меншік құқығын ақылы түрде беру (сату) немесе уақытша ақылы жер пайдалану құқығын ақылы түрде беру (сату) төлемақысы (жалдау құқығын сату төлемақысы) жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін қолдану арқылы шығарылатын кадастрлық (бағалау) құны негізінде есептеледі [3].

Кесте 2.

Жамбыл облысы Байзақ ауданында орналасқан жер учаскелерінің
базалық ставкаларына түзету коэффициенттерінің анықтаулары

№	Көрсеткіштер	Түзету коэффициенттері	
		Суармалы егістік	Жайылым
1	2	3	4
1	Жерлердің мелиорациялық жай-күйі	1,2	0,9
2	Жер қабатының еңістігі, градуспен: 1 ⁰ -дейін; жайылым - 12 ⁰ -дейін	1,0	1,0
3	Жер учаскесінің суландырылуы	-	1,2
4	Жер учаскесінің шаруашылық орталығына қатысты орналасуы 4,0 шақырым	1,2	1,2
5	Жер учаскесінің қызмет көрсету орталығынан қашықтығы 15,0 шақырым	1,26	1,26
	Есептелген түзету коэффициенті	1,81	2,18
	Жалпы мөлшерлі түзету коэффициенті	1,5	1,5

Жер учаскесінің кадастрлық бағалау құнын анықтау үшін алап түрлері бойынша түзету коэффициенттері анықталды. Кестеде көрсетілгендей (кесте 2) суармалы егістік және жайылым алқап түрлері бойынша интегралды коэффициент 1,5 құрап отыр. Жер учаскесінің төлемақының базалық ставкалары мен түзету коэффициенттері негізінде кадастрлық бағалау құны анықталады.

Кесте 3.

Жамбыл облысы Байзақ ауданында орналасқан жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау)
құнын анықтау (тг)

Алқаптардың түрлері, топырақтың типтері мен шағын типтері	Ауданы, га	Жерге төленетін базалық ставка төлемдері, тенге 1 га	Түзету коэффициенттері	Бағалық құны, тенге	Бонитет баллы
1	2	3	4	5	6
Суармалы егістік	24,2	74500	1,5	2704350	42,8
C _{2c} +TC					
Жайылым	9,3	5600	1,5	78120	16,7
C _{2c} +Г					
Барлығы	33,5	-	-	2782470	

Кесте мәліметтерінің есептеулеріне сай, яғни жер учаскесінің бағалық құны: 2782470 (екі миллион жеті жүз сексен екі мың төрт жүз жетпіс) теңгені құрайды. Жер учаскесін бағалау ҚР-ның Үкіметі 2003 жылы 2 қыркүйек айында қабылдаған № 890 қаулысында бекіткен базалық ставкаларына сай жүргізілді. Жер учаскелерінің кадастрлық (бағалау) құнын анықтау барысында түзету коэффициенттерін қабылдау материалдарына мекеме жетекшісі, орындаушы қол қойып, елтаңбалы мөр басады және осы материалдар жер учаскесінің жер кадастрлық ісіне қосылады [3].

Қорытынды. Қазақстан нарық заманына өткен кезде, жер ауыл шаруашылық пайдаланудан дифференциалдық пайданы алу үшін ақша салынатын орынға айналғандықтан, бірінші орынға жердің бағасын анықтау мәселесі шығып отыр. Жер бағасы еліміздің салық салудың, жалға беру төлемін анықтаудың негізін қалап, республикалық бюджеттің кіріс үлесінің ең бір маңызды құрамы болып табылады. Зерттеу нысаны бойынша жер учаскелері есепке алынып, ауылшаруашылық жерлерін кадастрлық бағалаудың ерекшеліктерін ескеріп, алқап түрлеріне сәйкес бекітілген жерге төлемақының базалық ставкалары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін қолданып, жердің құны анықталды. Жерлерді есепке алып және бағалауда жер учаскесінің нысаналы пайдалануы, салалық күй – жайы, ландшафт, жер бедері, қызмет көрсету ауқымы елді мекен орталығынан және өнім өткізу нарығынан алыс-қашықтығы, шаруашылықтың орналасуы ескеріледі.

Әдебиет

1. Есполов Т., Жоламанов Т., Пентаев Т., Абралиев О. Жер кадастры. Алматы, 2015. 115 бет.
2. Сейфуллин Ж.Т., Сейтхамзина Г.Ж. Мемлекеттік жер кадастрының жаңа технологиясы. Оқу құралы. Алматы, Эверо, 2017ж. 124б.
3. Қазақстан Республикасының Жер Кодексі. Алматы, 2015ж. 7 - 21 беттер.

ӨОЖ 911.52:912.43

КАРТАНЫ БАСПАҒА ШЫҒАРУ ПРОЦЕССИНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗІ

Бескемпір А., Жерге орналастыру мамандығының 3 курс студенті, М.Х. Дулати атындағы
Тараз өңірлік университеті, Тараз қ., aida.beskempir@mail.ru
Дубурбаева Г.А., магистр, аға оқытушы, М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,
Тараз қ., gulzhan.duburbaeva@mail.ru

Андатпа: бұл мақалада картаны баспадан шығаруда барлық процестерін автоматтандырудың негіздері мен арнайы бағдарлама арқылы жүзеге асырылуы туралы айтылған.

Кілттік сөздер: автоматтандырылған жобалау жүйелері, геоақпараттық жүйелері, электронды есептеу машина, цифрлы карта.

Карталарды басып шығаруға және шығаруға дайындық.

Егер карта қолжазба күйінде қалса, яғни оны басып шығаруға болмайтын болса, (картографиялық өндірісте басып шығару арқылы көбейту), онда оны жасау жөніндегі жұмыстардың бүкіл көлемі процестер мен жобалаумен құрастыруға шектеледі. Бірақ егер картаның түпнұсқасы жариялануға жататын болса, онда жұмыстың тағы бір кезеңін жүзеге асыру қажет – картаны басып шығаруға дайындау. Бұл құрастырылған түпнұсқалар бірінші кезекте сапалы баспа формаларын жасауға бағытталған баспа өндірісінің арнайы талаптарын әрдайым қанағаттандырмайтындығына байланысты.

Баспа өндірісінің технологиялық талаптарын ескеретін карталардың баспа түпнұсқаларын жасау осы кезеңнің мәнін анықтайды. Картаны басып шығару оны бастапқы дизайннан бастап оны дайын карта түрінде жүзеге асыруға дейінгі барлық жұмыстарды орындайды.

